

Құлтай НҰРҚАЛБАЙҰЛЫ



Ұрпағына үран болған  
**ОРАҚТЫ БАТЫР**

Құлтай НҰРҚАЛБАЙҰЛЫ

П

**Әсемдік**  
**тарихынан**

Алтыншы кітап



*Ұрпаққа ұран болған*  
**ОРАҚТЫ БАТЫР**  
*(зерттеу)*



Талдықорған к. 2022

ӘОЖ 94 (574)  
ҚБЖ 63.3 (5Каз)  
Н 86

**Құлтай НҰРҚАЛБАЙҰЛЫ**  
**Н 86 Үрпаққа ұран болған ОРАҚТЫ БАТЫР (зерттеу)/**  
***Нұрқалбайұлы К.* Талдықорған, «Офсет» баспаханасы, 2022 - 128 бет**

ISBN 978-601-7646-46-2

XV ғасырда қазақ хандығының негізін құруышылардың бірі, елін, жерін жаудан қорғаган қолбасшы, би, көсем, шешен Орақты ба-тыр Алишагырұлының (1420-1501 жж.) тұганына 600 жыл толуына арналған зерттеу кітап.

Есімі ел есінде, үрпағына ұран болған бабамыз туралы ғалымдардың, өлкетанушылардың, жазушылар мен ақындардың жарық көрген еңбектерін пайдаланып, жаңа көзқараспен жазылған еңбек.

Аты аңызга айналған ортағасырлық қаһарман Орақты бабамыз тарихта өштес із қалдырган ірі тарихи тұлғалардың бірі, қазақтың ага тайпасы, ұлы жүздің «ноқта агасы» атанған, 13 ата тарақ таңбалы жалайырдың ұранға айналған ержүрек ба-тыры.


Ұлы бабамыздың тұлғасы, ерлігі сан қырлы болғандықтан, бұл тақырып әлі де кеңінен зерттеуді қажет етеді деген ойдамыз.

Бұл кітап тарихи тұлғалардың өмірін оқып, зерттеп, жазып жүрген тарихшыларға, ұстаздарға, студенттерге, оқушыларға және қазақ тарихын сүйеттін оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ 94 (574)  
ҚБЖ 63.3 (5Каз)

ISBN 978-601-7646-46-2

© Құлтай Нұрқалбайұлы, 2022  
© «Офсет» баспаханасы, 2022



**Құлтай НҰРҚАЛБАЙҰЛЫ,  
тарихшы, өлкетанушы**

*Бұл кітапты әпкелерім  
Зөкия, Ияш, Шалипан, Элиман,  
Рыстай, Мәктай, Ұлтайларга  
арнаймын.*

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ халқы қаншама ғасыр өмір сүрсе, соншама қаһарлы кезеңдерді бастан кешірді. Сол кезеңдердегі халық қиялышындағы елеске айналып кеткен айғақ деректер мен тарихи баяндардың болғаны болғандай боп жетіп отыр ма барлығы да. Жок, әрине аргысын айтпағаның өзінде қазақтың іргесін қалаған алғашқы хандық тұстарындағы батырларымыздың, әулиелер мен би-шешендеріміздің ұлты үшін, жері үшін, рутайпасы үшін небір құрбандық басын тіккен ерліктері өз орнымен, өз жөнімен парапталды дей аламыз ба?

Макұлдау қын. Ұлт болмысындағы асқақ рух ерлік мінез сияқты қылыштың жүзіндегі қасиеттердің алтын арқауларын ширата есе алмауымызға себеп не? Тарихтың толақты кезеңдерінде қалыптасқан ерлік пен батырлық жасаған адамдардың есімдері мәңгілікке қалуы тиіс қой. Бұл басы ашық ақиқат болса керек.

Тұп-турасына көшейік: қазақ халқының бойындағы елдік қасиеттің, ерлік өжеттіктің тамыр соғысын солқылдатқан асқақ рухтың өршілдігі әріден бастау алады. Қазақдаласында айдарынан жел өсіп, төл тарихын тарландардың тұяғымен жазған батыр бабаларымыздың ерлік жолдары, қолымызды жүрегіміздің тұсына қойып сейлейікші, ғажаптардың ғажабы емес пе? Қазақ хандығына үйисқан ру – тайпалардың елдікті ерен етуге қосқан үлестері қаншама? Қазақ хандығының шаңырағын көтерген ел жұрттың болмысындағы асқақ

рух, өзінің шындалған жүзін одан әрі шындаі тұсті. Үркердей, бәлкім одан да көп батырлардың қан – қасап шайқастарға қарамастан күрескен ерлік шайқастары хандықтың орнығуына, елдіктің бекемделуіне, рулық-тайпалық күштің нығаюына, туған жерге деген сүйіспеншіліктен киелі сипат алуына, ең бастысы, ұлттық рухқа сана болатындықтарымен даралануы әйгілі тұлғалардың халық жадында орнығуына айрықша қазық болды. Қазақи болмыстың өз елі руҳында сақтала келе жатуының да сыр-сандығы осында болса керек.

Ойдың орамын тым әріректен қайыруымыздың өзіндік қисыны да жоқ емес? Тәнір нәсіп еткен баянды-баянсыз өмірдің небірін өткердік. Асқар таудың ар жағында аспан барын байыптастық. Көк пен жердің аралығындағы мыңсан топалаң толқындар мен шағырмак шаң-тозаңдарды жұттық. Қазақ халқы қаншама ғұмыр кешсе, соншама қаһарлы қын кезеңдерді бастан кешті. Халық қолында сақталған немесе болды-ау деген айғақ деректер мен тарихи баяндардың болғаны болғандай бол жетіп отыр ма бізге? Жоқ, әрине. Әңгіме сонда.

Қазақ болып қалыптасуымыздың негізі қаланған, сонау алғашқы хандықтардың тұстарындағы ру, тайпасы үшін, жері үшін, ұлты үшін құрбандық жолына басын тіккен батырларымыздың әлі де болса өз орнымен, өз жөнімен паракталмай келе жатқаны ойлантады. «Айтпаса сөздің атасы өледі» дейтіндей болып барады. Бәлкім 300 жылдан аса орыстарға бодан болып келгеніміздің кесірінең де шығар. Құнгейі болмаған көмекі-көлеңкелі тарихымыздың тамырын баса алмауымыздың қаншама «шындық» деп шырылдағанымызben, бүтіндей ұлттық барын бүтіндей алмауымызды ұрпағымыз кешіре қояр ма екен. Тіпті сақау да өз әлінше өлен айтады ғой. Себебі ... Себебі ... Осындаі себептермен қаншама тарихи тұлғалардың ел мерейін өсірер өнегелі істері тарих тұңғиғында

көмескіленіп барады. Елінің бақытты жерінің бүтіндігі үшін қан кешкен баһадүрлер қаншама. Солар қайда? Солардың бірі орта ғасырда өмір сүрген қазақтың қас батыры, қолбасшысы, біи Жалайыр Оракты

Өзінің ер жүрек ерлігімен ел есінде қалған баба батырларымыздың данагөй ел басқарған білікті ұлағатты үшан-теніз, орта ғасырдағы тұлғалы қазақ батырларының шоғырындағы нұрлы сәуле, бүгінгі Тәуелсіздік таңы атқан күнге жеткізіп отырған тарихтағы жарық жүлдyzдардың бірі - Жалайыр Оракты Алшағырұлы (1420-1501жж) туралы болмақ. Хас батырдың туғанына биыл 600 жыл толып отыр.

Енді аздал көне тарихқа көз жүгіртейік. «Жау жоқ деме, жар астында, бөрі жоқ деме, бөрік астында» деген сақтықта Алтайдан бастап Шу-Сыр жеріне дейін жердің шекарасын, халқын бізге дейін көзінің қарашығындай күзетіп қорғады. Бірде бір құба қалмақты, қызылбастыларды ішке кіргізбеу үшін жанталаса соғысқандығын қазақ баласы әлі ұмыта қойған жоқ. Ол туралы талай зерттеулер, романдар, дастандар жазылды.

Ел басына қатер төнген кезде дүшпанына қарсы құреске шығып, халқының қамы үшін жанын шүберекке түйіп, аянбай айқасқан заманының ардақты, батыр азаматтары болып ел аузында аңыз болып сақталғандығы тағы белгілі.

Елдің азаттығы, жердің тұластығы жолында атқа қонған ерлердің қазақ тарихында құнарлы, қызықты һем қайғылы беттері болғаны тарихтан белгілі.

Қазақ даласындағы өз ру-тайпалары жер үшін даланың есіл ерлері соңғы қаны сарқылып, соңғы күші таусылғанша айқасты, олар қазақтың қабылан жүректі халық екендігін дәлелдей түсті.

Құба-қалмақ шапқыншылығы кезінде ерлігімен елге танылған тарихи тұлғалардың басым бөлігі әлі де толық зерттеліп, зерделенгенімен, бір тобы әлі де болса анық

айқындала қойған жоқ. Міне, олардың өмір жолы мен еліне сіңірген еңбегін ашу, көпшілікке таныту бүгінгі ұрпақтың міндеттерінің бірі болмақ.

Ерлер есімі ел есінде демекші, сөз бастаған шешен, ел бастаған көсем, қол бастаған батыр, әрі би Орақты бабамыздың жолы да, жөні де бөлек екендігі даусыз.Ол туралы көп айтуға және аз айтуға болады...

Қаһарман Орақты есімі ел есінде екендігі қазақ ақыны Құматай болса былай деп жырлаған:

«... Ардақтап елдің жүрегін,

Алаудай көкке көтерер.

Орақты батыр тілегін,

Орындалап келеді екен ел» - деп суреттеген. (Жақыпбаев Ж. Сартан. Алматы. 1979. 64 бет.)

Ұрпағына ұран болған Орақты батыр туралы алғашқы мақаламызда (Алатай 3,10 сәуір 2020 ж) үш мәселеге тоқталған едік. Енді тағы да елін қорғаған есімі ел есінде ата-жұртына қамқор болған баһадүр батыр тарих бетінде хатталған ер Орақты туралы тағы да З тарихи-тағылымды мәселеге тоқталайық: («Алатай» 2,9,16 қазан 2020 ж.)

Сөз соңында айта кететін жағдай, бұл «Ұрпағына ұран болған Орақты батыр» атты зерттеу кітап 2020 жылдың басында газеттің бірнеше бетінде шыға бастап, қазан айында біткен болатын. Бірақ бұл ұлы бабамызға арналған зерттеу кітап екі жылдай кітап болып басылып шықпады. Себебі, деректерді жинауға қаржылай көмектесетін Орақты батырдың бір зиялы, білімді, беделді, қалталы ұрпақтары табылмады...

***Бірінші,  
Орақты батыр және қазақ тарихнамасы:***

Батыр бабамыз мұрасы көптеген ел аузында аңыз-аңгімелер барлығы белгілі, көнекөз абыз аталар, шежірешілер көпті көрген, көп ата-бабаларынан айтылып келген аңыз-ұмырлары өскелен үрпаққа ғасырдан-ғасырға жеткіzlіп айтылғаны анық.

Ұлы қазақ халқының тарихы мен шежіресінде де Орақты батыр туралы, оның ұрым-бұтақтары хатталған. 13 ата Ұлы жүздің шежіресінде (қатағаңды қосу керек) жалайырдың «ноқтағасы» екендігі жазылған.

Орақты батыр туралы халық жадында жазылып, үрпақтан үрпаққа жеткен ел аузынан алғып, қағазға түсірілген жыр-аңыздарды тыңдал немесе оқып отырсаңыз елім-жерім деп еңіреген, қызғышының қырағылығын көксеген алғып тұлға көз алдыңызға елестейді.

Ол бейне елестеп қана қоймай тамаша ұлтшылдық-патриоттық сезімге бөлейді. Бұл әсіресе қазіргі кезде үлттың дербестігін алған тілін, ділін, дінін, мәдениетін, әдебиетін, салт-дәстүрін ата-баба салып берген қалпында сақтау үшін күресуде маңызды орын алады.

Бұл күндері туғанына 600 жыл болатын қас батыр Орақты, ел іргесінің сөгілмеуіне ұлт пен ұлыстығының татулығын көксеген бабамыз алғып емен болса, біздер оның бұтақтары мен жапырақтары екенімізді ұмытпай, ұлтымызды, салт-дәстүрімізді, жалғастырып, күшімізді бірктіріп, бірлігімізді нығайтпасақ, құр сөзben ешбір ынта болмайды.

Енді сөз арқауын Орақты қайсар батыр туралы жазылған деректемелерге назар аударсак.

Қазақ тарихының атасы Қадырғали би Қосымұлы Жалайыр (1530-1605жж) тарихшы, публицист, философ, қолбасшы, елші болумен қатар жазушы және ақын

болған. Осы жолдың авторы ғұлама, дана бабамыздың еңбектері мен ол туралы жазылған арнайы әдебиеттер мен мақалаларды 1965 жылдан бастап жинадым, биыл бабамыздың туғанына 490 жыл толады, осыған орай:

1. Қадырғали би Жалайыр қазақ тарихының Геродоты. (ғылыми ғұмырнама), Талдықорған, ЖК «Дизайн-ОТ» 2020 - 500 бет.

2. Қазақ тарихының көшбасшысы Алматы «Ғылым ордасы» 2020. - 580 бет. («Ұлы тұлғалар» сериясы)

3. Қадырғали би Жалайыр қазақ тарихының Геродоты. Библиографиялық көрсеткіш (1851-2019 жж.) Талдықорған, 2020-48-бет (465 арнайы әдебиет қамтылған) шықты.

Қазақ тарихының атасы Қадырғали би «Жылнамалар жинағымен» (1602 ж) қатар, «Сиyrшы» дастаны және «Орақ пен Қара батыр» диалогын қазақ ғалымдары әдебиетімізді енгізген екен. Соның бір үзіндісін берейін:

Орақ:

*Мен толға десең толғайын,  
Қарабатыр, саган толғайын.  
Сениң түп-түбіңді айтайын,  
Сен Ымшақыр деген шәһерден,  
Азып шыққан жалғыз үйлі сар едің.  
Әкең қара кісі еді,  
Ас бергеннің құлы еді,  
Шешең қара кісі еді,  
Мал бергеннің күңі еді.  
Қара құлам жалсыз, айыр малсыз,  
Алланың қайырынан,  
Мал берер күні болжалсыз.  
Қара құлам жалды жабылар,  
Іздесе Орақ сендей мырзага  
Дүшпаниң малы табылар.  
Қара құлам жалы шенелде,  
Айдын туган Ораққа...*

(Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясы.  
Құрастұрушылар: Т.Кенжебаев, Х.Сүйіншәлиев,  
М.Жолдасбеков, М.Мағаун, Қ.Сыдық Алматы  
«Мектеп» баспасы 467-97 бет)

Бұл ортағасырлық тарихшы Қадырғали бидің өз бабасы туралы толық емес, 33 жолдан тұратын толғауының бір шумағын ғана келтірген сынайы құрастыруши ғалымдар.

Осы Оракты батыр дастаны туралы Ш.Ш.Уәлихановтың тұңғыш рет қазақ тіліне аударылып шыққан алты томдығының бірінші томында басыған екен (177-178 бет), авторының кім екені жазылмаған.

Неге екені белгісіз академик Ә.Марғұлан осы дастан жөнінде түсініктемелерінде»...

«Орақ-Ноғай батыры. Уәлихановтың айтуы бойынша Орта жүз қарауылрудынан шаққан батыры», - деп жазылған (сонда 331 бет) қай ғалымға сенуге болады? Жоғарыда бес хрестоматия құрастыруши филолог ғалымдарға ма? Жоқ әлде Ш.Уәлихановтың айты мыс деуі не ме? Бұған тағы қосарымыз Шоқан ғалым осы томның 143 бетінде батыр емес «Орақ мырза» дейді. Әлкей Марғұлан өзінің «Оразмұхамбет кітапханасы» атты мақаласында күміс сандықтың ішінде, «Оракты» дастанын болғандығын жазған, оны Азия музейінің бірінші директоры академик Х.Д.Френтің 1822 жылы күміс сандықтағы жазбаларды көріп, зерттеп жазған тізімнен алған.

Ортағасырлық ғұлама Қадырғали би бабамыз Оракты Баһадүр туралы алғашқы қалам тартқан тарихшы деп есептеуіміз керек. Жоғарыда айтылған екі дастанда Ресей архивтері мен музейлерінен іздесе табылып қалар деген үміттеміз.

XV ғасырда өмір сүрген Оракты қаһарман батырды бейнелеу жырларында оның ру-тайпасының көсемі, биі алысқанды алып соғар, белдескеннің белін үзген, құралайды көзге атқан, қас дүшпанды ат үстінен

құлатқандығы туралы талай ақын-жыраулардың өлеңдерінде кездеседі.

Ол туралы әйгілі Сүйінбай Аронұлы (1815-1898жж) қыргыз ақыны Қатағанамен айтысқанда:

...Мен бұл жерде тұрмайын,  
Іледен әрі өтейін.  
Қызыл тілмен жетейін.  
«Таңбалы тасты» бетке ұстап,  
Желкеңді қызып кетейін.  
Он екі ата ол жақта ( дұрысы 13 ата-КН)  
Жалайыр деген жүртүм бар.  
Аққобікті өлтірген  
Орақты батыр мықтүм бар!  
Арғы атасын айтайын  
Толған айдай толқыған, -

деп өзінен төрт ғасыр бұрын өмір сүрген батырдың аруағымен айбындана сөйлейді.

Биыл Жетісудың жестандай ақыны Бақтыбай Жолбарысұлының (1835-1903жж) туганына 185 жыл толады. Ол да ержүрек батыр бабасы туралы былай деген екен:

«Ноқтагасы» болсын деп,  
Осыған аруақ қонсын деп,  
Исі қазақ олжсаны  
Орақтыға беріпті,-

деп батырдың барша қазақ елінен алған жолын, оның алты алашқа құрметті жан екендігін сипаттап өтеді.

Кеңестер Одағы тұсында ең алғашқы Орақты баһадүр бабамыз туралы поэма жазған Қазақ ССР Халық ақыны (1961ж) Қалқа Жапсарбаев (1886-1976 жж) болатын Ақын атамыздың алғашқы кітабы 1942 жылы «Өлеңдер, дастандар» жарық көрген осы кітабында «Орақты батыр» поэмасы басылған.

Одан кейін халық ақынның 1951, 1958, 1961, 1976, 1986, 1996, 2005 жылды және 2011 өлең-жырлары, дастандары

шықты. Соның барлығында бұл поэма басылған. Ақын атамыздың кітаптарын құрастырып, кіріспе сөздерін жазғандар... Балтабай Адамбаев, Анарбай Бұлдыбай, Ораз Исмайлов, Толғанай Рамазанова және Нурила Бектемировалар болатын. Бір-ақ бұлардың барлығы «Орақты батыр» поэмасының қашан, не себепті жазылғандығы тағы басқа жәйлары туралы сөз қозғамайды енді соған тоқталайық.

Осы жолдың авторы Қазақстан Ғылым Академиясының 1940 жылдан басып шыға бастаған «Хабаршы» (Вестник) ғылыми журналын түгел қарап тарихшы ортағасырлық ғұлама ғалым Қадыргали би Жалайыр туралы мақалаларды іздең, ер Орақты бабамыз туралы мақаланы Ғылым Академиясының Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтындағы қазақ қолжазбалар қоры бірігіп шығарған «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» атты көптөмдүк кітабының бірінші томы «Батырлар жыры» деп аталады екен, сонда жазылған. Жалпы редакциясын басқарған Педагогика ғылымдары Академиясының академигі М.Ғ.Ғабдулин. Осы ғылыми кітаптың 309-311 беттерінде Орақты батыр туралы латын және кириллица әріпімен жазылған мақаламен таныстым.

Қ.Жапсарбаевтың өмірдерегі толық берілген екен, бірақ туған жылдың 1886 жылдың июнь айында туған деп анық көрсетіліпті, жоғарыда көрсетілген халық ақынының 7 кітабында айы жоқ.

Бұл Орақты батыр поэмасын алғашқы көшірушінің аты – Қ. Елікбаев деп латынша жазылған. Көшірушінің жас бала екендігін автор жырдың аяғында ғана айтады. – деп жазылған. Бұған қоса ақын Қалқа Жапсарбаев жырлаған. «Орақты батыр» жыры бұрын еш жерде жарияланбаған. Дастанның машинкаға басылған версиясы институтта жоқ деп тағы жазыпты. (Сонда

309 бет). «Қолжазба 1940 жылы Талдықорған облысы, Киров ауданы Калинин атындағы (Мұқыры) колхозда жазылып алғынған. Жапсарбаев Қалқа ақынның алғашқы шығармаларының жинағы 1940 ж. шыққан. Қолжазба латын әріппен және бір жолды дәптерге көк сиямен түсірілген. (Сонда 310 бет).

Үш дәптер бірге тігілген, ақ қағазбен басылып, қызыл күрең мұқабаға салынған.(Сонда 311 бет).

Мен бұл ғылыми еңбектен тек «Орақты батыр» поэмасында маған керекті жерлерін ғана таңдап алдым.

Ақын бабамыз поэманы соғыстан бұрын жазған болуы мүмкін. Бірақ жылы белгісіз. Бұл Орақты батыр туралы поэманың жазылу себебі:

Бірінші, өткен ғасырдың 40-шы жылдары көнекөз, көкірегі ояу, ескіше оқыған, көнені көрген, көпті білетін данагөй, шежіреші, парасатты ата-аналарымыздан естіген аңыз әңгімені шежіресі-акын Қалқа бабамыз жазуға құлшынған болуы керек.

Екінші, халық ақыны, атамыздың анасы осы Орақты батыр ұрпағы екендігін тағы ұмытпауымыз керек.

Үшінші, Орақты батыр туралы поэма жазу себебі шежіреші-акын Асым Керімқұлұлы (1908-1973 жж.) жырлағандай:

*«Ноқта ағасы» Орақты атансын деп,*

*Халық болып өмірлік атақ тапты.*

*Орақтыны айрықша улken ету,*

*Жол болып бұрынғыдан бізге қапты.*

*Сондықтан Орақтыға жол береміз,*

*Жасы кіші болса қол береміз.*

*Ұғып ал кейінгі жасас жеткіншектер,*

*Қаза жетсе бір куні біз де өлеміз* , - деп елін қорғаған, ерлігімен халық дәстүрін «ноқта ағасы» деген жаңа атаумен байытқан батырды ерекше әспеттейді.

Төртінші, Қалқа халық ақыны өзі он үш ата тарақ таңбалы жалайырдың ішінде Сұпы би батырдың (1415-

1505 жж) ұрпағы. Орақты, Сұпатай екеуі заманда, дос, қарулас, үзенгілес ретінде тарихта белгілі.

Биыл Сұпатай батырдың туғанына 605 жыл толады. Бұған тағы қосарымыз Орақтының ұрпактары жоқ жерде қошемет, сый-сияпат тек сұпатайларға ғана көрсетілетінін ескертеміз. Ал, бұл екеуі де болмаса 13 ата Жалайырдың бір ру-atalарының ішінен тек абыз аталарына құрмет көрсетіледі, бұл ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан салт-дәстүр екендігін ұмытпайық.

Ойға қарымды қаламгер жазушы, ақын Жұмахан Майтжанов ағамыздың бір шумақ өлеңі ойға келеді:

*Тойбастарға ортадан,*

*Орақты руы шықпаса.*

*Дауыстап қартын қайтадан,*

*Сұпатай бастар деп айтар* (Майтжанов Ж. Аманат Алматы 2009 ж 195 бет)

Бұл ғасырдан ғасырға келе жатқан ата-салтты ұмытпауымыз керек. Бұл поэмада Орақты батырдың ерлігін, өз ру-тайпасының қамын ойлаған Жалайыр руының ерте заманда Еділ-Жайық аталатын екі өзеннің сағасын, Жиделі-Байсынның бір жағын мекен еткендігі, құм-шөлейт даланы кезіп жүріп, Ақмешіттен одан Сырдың бойынан, Түркістан бойына жетіп бейбіт өмірді аңсаған Жалайыр руы Шу өзенінің сағасына келіп, оны мекен етеді, осы жерге қоныс теуіп, есін жинағандығын поэмада Қалқа ақын бабамыз тамаша өлең-жырмен суреттейді. Одан кейін поэмада жалайырлар Іле бойына келеді. Қаратал, Іле екі су, елге қоныс болады деп осында тұрақтап қалады. Бұл оқиғаның болғанына 5-6 ғасыр болады деп аяқтайды поэмани Халық ақыны Қалқа Жапсарбаев.

Ақын бабамыздың поэмадағы бір кемшилігі 15 ғасырда өмір сүрген Орақты, Сұпатай батырларды 18

ғасырда еліне белгілі Ескелді, Балпық билермен Қаблиса (Қабан) жыраумен замандас етіп жырлағаны шындыққа жанаспайды...

Орақты батырды арнайы зерттеген екінші адам бұл- Жалайыр тарихының тамыршысы-фольклорист, жазушы, ақын, радиожурналист Ораз Исмаилов.(1940-2012 жж)

Ораз ағамыз 30-дана аса тарихи-тағымды көркем кітаптың авторы:Ескелді би, Балпық би, Қабан (Қаблиса) жырау, Жолбарыс әулие т.б. тарихи тұлғалар туралы тамаша, қазір іздең таптайтын кітаптардың авторы.

Ораз ағамыз өте еңбекқор, ізденімпаз, қабілетті, қарымды қаламгер. Қазіргі «пісісіқтар» сияқты «аспанға қараймын, жүлдизды санаймын» деп ойна келгенін жазып, біреуден көшіріп алғып «жаңалық» ашатындарға таң қаламыз.

Ораз ағамыз әрбір аңыз-әңгімелерді кімнен жазып алғанын, қайда тұратынын әрбір кітабының соңында түсініктемелерінде көрсеткен.

Ораз ағамыздың қайтыс болғаннан кейінгі Ескелді би, Балпық биге тағы басқа тарихи тұлғаларға арналған іс-шараларда шыққан кітаптардағы мақалалардың авторы жазушы ағамыздың аты-жөнін көрсетпей жазып қалдырған мұрасын өздері сол тұлғаларды зерттеп, жазып жүргендей және олармен бірге болғандай жазғандығына таң қаласын.

Бұған тағы қосарымыз 15 ғасырда өмір сүрген бабамызда 18 ғасырға «жетектеп» апарған ғалымдар Н.Төрекұлов, М.Қазбеков жазушылар Б.Тоғысбаев, Н.Қылышбаев, С. Бәзілұлы т.б екендігін айтпақпзыз.

Орақты батыр туралы менің жеке кітапхана қорымда 50-ден аса мақала бар соның ішінде Оракеннің бабасына арналған сегіз көлемді мақаласы және «Орақты батыр» (Баян,дастан және өлең жырлары) атты кітабы (Талдықорған 1995, 61 бет) бұған қоса екі тарихи-

тағылымды кітабында арнайы Орақты батыр туралы мақаласы жарияланғандығын еске саламыз.

Оракен бастап оны қоштаған қауым, баба ұрпақтары 1995 жылы 9 қыркүйекте Ұлы Баһадүрдің 575 жылдығына орай менің кіндік қаным тамған Көксу ауданы Алтуайт жотасының етегінде батырға арнап дүркіретіп тойы, асы өтті.

Оракенің ақындығы да бар еді енді шақырту қағазына марқұм ағаның өлеңіне зер салайық.

*Бір өңірде келеміз бірге өсін,  
Кызықты да, қынды бастан кешіп.  
Асына Орақты батыр шақырамыз,  
Куаныш баршамызга ортақ десін!  
Ас десе тірі пенде ұмтылмақ та,  
Ол да бір жақсы ырым ынтымаққа  
Сол күні Сіз жүрсөніз ортамызда  
Шомылғандай болар ек нұр шуаққа!*

Ас соңында концерт, ақындар айтысы, балуандар күресі, бұқа тартыс, ат аламан (16-30 шақырым) бәйге өткізгендігін еске салғанды жөн көрдік.

Халық ақына Қалқа атамыз бер жазушы-фольклорист Ораз ағамыз өз шығармалымен Орақты батырды зерттеуде Орақтытану ілімінің негізін қалады немесе тұлғатануда көп енбек сіңірген жазушы.

Марқұмдардың кемшіліктерін іздеп, жазу біздерге абырой бермейтіндігі анық.

Енді Жетісудың белгілі халық ақыны Әбікен Сарыбайұлы өз әруақты батыр бабасы Орақты туралы өлеңдерінің бір шумағын келтіргенді жөн көрдік:

*...Атамыз бұл қазақта айбынды Орақ,  
Бармастай бақ басыма біткен талап.  
Қол бастап жол алған соң бұл қазақтан,  
Атагы тарихымызга кеткен тарап.*

*Жараспайды отыру бекер қарап,  
Айтпасыма болмайды бұл өлеңді,  
Екі иықта тұрғанда екі әруақ, - дейді.*

(Жыр жүйрігі Әбікен. Шығармалар, айтыстар, зерттеу, мақалалар. Құрастырып бастырған Серік Әбікенұлы. Алматы, «Асаба» баспасы. 2006.-59 бет).

Орақты батыр бабасын зерттеп бірнеше мақала жазып жүрген ер бабаның туғанына 600 жыл толуына үйымдастырған комиссияның белді мүшесі талантты қаламгер болашаққа көп үміт күттіретін тарихи тақырыпқа құлаш сермен жүрген үшінші қаламгер ол журналист-жазушы Серік Әбікенұлы Сарыбаев.

Бұл тележурналист ініміздің 2006 жылы Орақты батырға арнап жазған 27 беттен тұратын көлемді «Айқас» повесі (Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған).

Екінші, «Орақтытебе» мақаласы(Парасат журналы 2017 жыл №7).

Үшінші, «Ердің сойы –Орақты», (Жетысу 2018 ж 21 сәуір). Бұл мақалаларда бабамыз туралы қалам тартып жүрген ірі-уақ мақалаларының авторларының еңбегінен шоқтығы биік, көп еңбек еткен талай әдебиеттерді парактағаны көрініп тұр, бірақ бір кемшілігі пайдаланған әдебиеттерді толық библиографиалық көрсеткіштерін көрсетпегендігі. Мен айтқан библиографиялық көрсеткіштерін көрсетсе бұл мақала ғылыми немесе тарихи- тағылымды шығарма болар еді. Жалпы бұл тек әңгіме, аңыз, ертегі сияқты.

Көніл жеткенімен көз жетпейтін жерге өкшемізді көтеріп бойымызды соза көтеретін әдетіміз бар ғой. Мен де осы тамаша мақаланы оқып сондай қалғе жеттім. Серік інім бұл мақаланы қайта өндеп ғылыми түрде жазса бұл тарихшылар мен әдебиетшілерге және болашақ зерттеушілерге таптырмайтын ұрпағына ұран болған бабамыз туралы құнды еңбек болар еді.

Өз заманында аңыз ғұмыр кешкен ерлік көрсеткен еліне жеріне қорған болған батыр қолбасшы Орақты батыр туралы әр жылдары ірілі-уақ арнайы мақала жазған белгілі ғалымдар: Қ.Жалайыри, Ш.Ш.Уәлиханов. М.О.Әузев, А.Ал-Машани, Ә.Қайдар, И.Қарақұлов, Б.Сүлейменов, Б.Адамбаева, А.Бұлдыбаев Т.Омарбеков, О.Мұқатова, Ж.Артықбаев, Н.Төрекұлов, М.Қазбеков фольклоршы Қаратай Биғожин тағы басқалары.

Орақты батыр жайлы тұңғыш рет ғалымдардың арасында кереметтей әдеби тәсілмен қалам тартқан адам академик Ишанбай Қарақұлов марқұм, асыл ағамыз 1972 жылы «Қазақ әдебиетінің» 16 санында жарияланған «Жаңа тұған, кімнен тұған» мақаласы. Біздер үшін ерекші ыстық әрі құнды. Ол мақалада баһадүр бабамыздың Сыр бойынан төмен қарай жалайырлардың көшіп-қонған үрпактары хақында дәйекті деректер берілген.

Қаһарман Орақты батыр туралы жазушылар мен зерттеушілер: Б.Тоғысбай, О. Исмайылов, У.Доспанбетов, Ш.Қалықұлы (2) Р.Толқынбекұлы, Ж.Балшентегі, Ә.Боранбаева, С.Мұхаметшин (2), Н.Омарқұл (2), Д.Жақсылықов, Қ.Егізбаев (2), Н.Қылышбаев, Ә.Әрін, С. Бәзілұлы, С.Майлыбай, М.Алдабергенова, Н.Бектемірова, Қ. Нұрқалбайұлы тағы басқалар да қалам тартқан.

Баһадүр бабамызға тамаша өлең жырларын, поэмаларын арнаған ақындар: Б.Жолбарысұлы, А.Керімқұлұлы, С.Аронұлы, Т.Рұстембеков, А.Жексембеков, Ә.Сарыбай, Ж.Жақыпбаев, Ж.Майтжанов, З.Елғондинова, Қ.Қошаханқызы, Т.Ғұмаров тағы басқалар.

## *Екінші: Орақты батырдың өмірдерегі*

... Төрт құбыламызды ертерек түгендеп, зерттей бастаған да тарихтың халықтану және тұлғатану атты арнайы саласы осы күнге дейін бір жүйеге келер еді-ау. Басынан қасірет арылмаған қазақ халқы ғасырлар бойы аттың жалында, түйенің қомында жүріп, елдігі үшін айқасып, жері үшін шайқасып өз тарихын найзаның ұшымен, білектің күшімен, тұлпардың тұяғымен жаздырып қалдырған .

Откен 15 ғасырда қазақтың сайын даласында тозған елінің көшін түзегендердің бірі – Жалайыр Орақты батыр. Ол 15 ғасырдың орта тұсында Алтын Орда хандығы ыдырап, оның құрамындағы ірі тайпалар Керей мен Жәнібек сұлтандардың басшылығымен Шу бойына қарай көшкен шақ .Бұл оқиға 1460-1465 жылдары болса керек. Осы кезде көш басында алаштың ақ туын қолына көтеріп шыққан қолбасшы батырларымыздың бірі – Орақты.

Оның тегі – қазақтың аға тайпасы он үш ата тарақ таңбалы жалайыр ұраны: Бақтияр Бөрібай, Қабылан.

Биыл туғанына 600 жыл толып отырған қас батыр Орақтының үрім-бұтағы дайындық үстінде. Ең алғашқы шара батырдың ұрпағы Серік Әбікенұлы ер жүрек батырдың суретін алғашқы рет түрлі түсті етіп жасатқан. Ұрпағына ұран болған батырдың ұл-қыздары тойын абыроймен атқаратына сенімдіміз.

Әкесі Алшағыр да батыр ел билеген би, көсем болған. Орақтының анасы Қарақыпшақ Қобыланды батырдың туған қарындасы- Қарлығаш дейді жазушы О.Исмаилов( Октябрь туы 1989 ж 21 қаңтар).

Оракты батыр Алшағырұлы 1420 жылы Қазақстанның оңтүстік өңірінде өмірге келген.

Қазақ Совет Энциклопедиясында: «Оракты – Ұлы жұз, Жалайыр бабасының Шумағынан тараған ру. Шежіре деректері бойынша Оракты: Төке, Кенже, Әжіке, Көшей, Көкшекөз, Жайықбай деген аталарға бөлінеді. Оракты ұрпактары Октябрь Революциясынан бұрын қазіргі Талдықорған облысындағы Қаратал және Жамбыл облысының Мойынқұм, Шымкент облысының Алғабас ауданын мекендеген. «Ұраны – Бақтияр, таңбасы-тарақ». (КСЭ том 8 Алматы «Қазақ Энциклопедиясы» 1976, 527 бет).

Ал Жетісу энциклопедиясы «Оракты (15 ғ. өмір сүрген), қолбастаған батыр. Керей мен Жәнібек хандардың туыстасы. 1465 жылы шаңырақ көтерген Қазақ хандығының нығаюына үлес қосқан. Ойрат басқыншылары қарсы шайқастарда ерлік көрсеткен. Тегі Жалайыр руынан шыққан...

Ұрпактар 1995 жылы Балқаш ауданындағы Жиделі ауылында батырға ақ мармардан ескерткіш орнатты. Батыр жерленген шоқы бұрыннан «Оракты төбе» деп аталады. Талдықорған қаласындағы бір көшеге батыр есімі берілген. (Жетысу . Энциклопедия. Алматы «Арыс» баспасы 2014, 485 бет).

Қазақ ұлттық Энциклопедиясы, том 7, Қазақ тарихы, Айбын, Абылай хан энциклопедияларында т.б. жоғарғыдағы екі энциклопедиядағы деректер жазылған екен.

Оракты руының шежіресі туралы, шежіреші Досымбек Жақсылықов былай дейді: «...Оракты шежіресінің бірнеше түрлері бар. Олардың бірінде қазірге дейін 25 ата, екіншісінде 19, үшіншісінде 14 ата

болып келеді». (Жақсылыков Д. Жетысу жалайырлары. Шежіре. Талдықорған 2011. 5-23 бет).

Енді Орақты есіміне зер салайық, кейбір деректерде Орақты немесе Орак, ал орыс, шетел тіліндегі әдебиеттерде Урак болып айтылған.

Журналист Серік Әбікенұлы Орак (Орақты) аттас 4 адамның есімін атайды:..

Біз тарихтан білетін 4 батыр бар:

Бірі – 17 ғасырда өмір сүрген, «Орақ-Мамай» жырының кейіпкері, ноғай биі Мұсаның ұлы Орак батыр.

Екіншісі, Қазалы маңында мұнарасы тұрған, 18-19 ғғ Хиуаға қарсы соғысқан, дүшпаны намаз үстінде басын алған Орак батыр, мұнара батыр қаза тапқан жерге салынған.

Үшіншісі, 1868 жылы Маңғыстаудағы Досан Тәжіұлының көтерілісіне қатысқан Орак Байдалыұлы.

Төртіншісі, ұрпағы 12 ата жалайырдың бір тармағына айналған Орақты(Орак) батыр Алшағырұлы... (Әбікенұлы С. Ердің сойы-Орақты Жетысу 2018 ж 21 сәуір).

Бұған тағы қосарымыз Арғында Орақты шешен, арғынның қарауыл руында Орақты батыр болғанды белгілі.

Енді әкесі Алшағыр (Әлшагір) аттастарға көніл бөлейік:

Бірінші, Ноғайлы (Ноғай) Едіге би ұлы (1352-1481 жж) Алшағырдан – Нураддин. Нурадиннен - Мұсахан, Мұсаханнан - Орак пен Мамай, Орақтан -Қарасай (Қазақ Совет Энциклопедия том 8 Алматы, ҚСЭ бас редакциясы 1976. 226-227 бет)

Екінші, Арғын Алшағыр шешен, ол айтқан екен: дүниеде З жетім бар деп: басшысы келіспесе ел жетім,

ұқпасқа айтқан сөз жетім, жаңбырсыз жер жетім тағы басқа нақыл сөздері көп (Жетісу 2016 8 тамыз).

Алшағыр деген тау Ерементау ауданы Ақмола облысында бар (Ақмола Энциклопедия «Атамұра» Алматы 1995 204 бет).

Алшағыр есімі басқа да қазак ру-тайпаларында кездеседі.

Ал, Жетісуга белгілі, беделдің қарымды журналист, ақын Нұрғали Омарқұлұлы «Оракты батырды ойға алсақ» деген мақаласында: Кейбір шежірешілер оны Алшағырдың әкесі Қарақожаға келіп Қарақожаұлы Оракты деп те атайды дейді (Жерүйік 1995 ж 25 тамыз).

Енді Оракты батыр басқа да туған-туыстарына көніл бөлейік: алғашқы батыр туралы поэма жазған халық ақыны Қалқадан бастайық. «Елім сені жырлаймын» атты жыр-дастанында (Алматы Жалын 1996 жыл батырдың қарындасы Оралбике (31,51 бет) інісі Мырзаш (51 бет) ал шешесінің атын атамайды (51 бет).

«Аға баласы» мақаласын жазған Майра Алдабергенова Оракты батырдың қарындасы Сұлушаш деп жазған. (Шыңғысхан 2019 номер 2 (31,221 бет). Бұл есімді қарындасымыз қайdan алған деген заңды сұрақ туындаиды?

Баһадұр бабаны көп зерттеген әрі ұрпағы Ораз Исмайлұлов 2005 жылы М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының алған дастанында (6:3734 ИНВ. 986. Папка 4250) батырдың анысы Қамқа қарындасы Макпал деп жазылған. (Исмайлұлов О. Мұрағат-мұрағатқа жеткізегер Жетісу 2008 4 қазан).

Ораз ағамызыдың «Оракты батыр» жинағында ержүрек батыр бабамыздың қарындасының атын Оралбике деп бес рет хаттаған (32,42,55,56 бет).

Неге біз шындығында халқының қорғаны бола білген білекті де жүректі бабамыздың баршамыз секілді кеудесінде жаны бар, бойында қаны бар адамның бір қарындасы бар деп түйіндеуіміз керек. Оралбике, Мақпал атты екі қарындасының т.б. барын неге мойында масқа?

Сөз орайы келіп тұрған соң, айта кетейін, батырдың анасының аты Қамқа, қазіргі Үштөбе қаласы Тұркісіб салынбай тұрғанда Қамқа аталғанын көне көз шежіреші қарияларымыз әлі ұмытпаған шығар. Ал, Мақпалға келсек, ол да Көксу ауданының жер атауы.

Енді батыр бабамыздың қарындасы туралы сөз қозғайық. Өлкетанушы Тұрсынхан Әлдібекұлы Райымбек батырдың (1705-1785 жж) әкесі Түке Хангелдіұлы (1663-1760жж) туралы екі көлемді мақаласында былай деген екен:... «Түкенің сүйген жары Қараашаш сұлу өз заманында Ұлы жүз үйсін елінің жауынгелрлік ұраны болған Жалайыр Орақты батырдың қызы. Осы кезге дейін жалайыр елін Ұлы жүздің «ноқта агасы деп құрметтейді» –дейді Жетысу (Ардагер) 2018 жыл 6 тамыз., Ана тілі 2012 жыл 14 маусым.

Төке батыр Албан-әлжан ішінде Сырымбеттен тарайды. Қараашаш анамыздан Райымбек пен Толмаш атты екі жалайыр еліне жиен ұл туады. Ал Қараашаштың 15 ғасырда өмір сүрген Орақты батырдың қызы екендігі мүмкін, бірақ Райымбек батырдың анасы 18 ғасырда өмір сүрген. Орақты батырдың ұрпақтарының бірінің қызы екендігі айғақ.

Жоғарыда келтіргенбіз Қараашаш қасиетті анамыз Қара Қыпшақ Қобыландының қарындасы батыр бабамыздың анасы екендігін жазғанбыз.

Қазақта ұлының, қызының әке-шешесімен аттас бола беруі мүмкін екендігін дәлелден жату артық болар.

Сөз кезегін енді баһадүр бабамыздың алғашқы

махаббаты жөнінде болмақ. Енді сөзді журналист Серік Әбікенұлының жазбаларына көзіл бөлейік.

Бірінші, Батыр Әбліқайыр ханның (1412-1461 жж) Айторыға (сызған Қ.Н.) ғашық болады. Бірақ ағасы қаныпезер оған қарсы болып «Кесірің қырық есекке жүк болатын қор екенсің» деп басын шауып алады. Тағы басқа жағдайда әдемілеп жазған журналист С. Әбікенұлы «Орақтытөбе» мақаласында (Парасат 2007 номер 7, 21 бет).

Екінші, Әбліқайыр ханға барып Орақтының Ақ қозының (сызған Қ.Н.) құрсағында кеткен баласын талап етеді – дейді. (Жетісу 2018 21 сәуір).

Үшінші, Ақтоқты (сызған Қ.Н.) Әбліхайыр ханның жалғыз қарындасты, ағасы жендеттеріне басын алдыртыпты дейді. (Әбікенұлы С. Құлжа сақа «Айқас» повесть) Алматы Асаба баспасы 96 бет).

Бұл Серік Әбікенұлы автордың үш зерттеу көркем мақаласында Әбліхайыр ханның үш түрлі аты бар қарындастары: Айторы, Аққозы, Ақтоқты болып хатталған. Тағы бір қызығы Әбліхайыр ханның үш қарындастарының аттары «А» әріпінен басталғандығы. Енді қаламгер ініміз бұны ойланып бір жүйеге дәлелдеп түсіретініне сенімдіміз.

Ер баба жайлы жоғарыда келтірген автормен өзге кейбір қарымды қаламгерлердің мақала мен өлең-жырлары тарихқұмар қауымды неше мәрте қуантып, ой салғанын деректер жинап жазғандығын айтудымыз керек. Солардың ішінде Орақтытану жүйесіне көп еңбек сіңіргендер Ораз марқұм ағамыз және жастұлпар, қаламы жүрдек, ойы зергек жаңа көзқараспен оқырмандарын ойландыратын журналист Серік Әбікенұлы ініміз. Екеуі де қаһарман батырдың жанашыр ұрпақтары екендігін ашық айтудымыз керек.

Енді барлық мақалаларда айтылып жүрген хас батырдың ұлы Мырза туралы сөз қозғайыз кей «пысықтар, шежірешілер» бұл қаһарман батырдың ұлын 13 ата Жалайырдың бір бұтағы Мырза руына жатқызып жүр. Бұл қате пікір. Мырза деген есім қазақтың үш жүзінің қазіргі 143 ру-тайпасының барлығында кездесетінін ескертеміз.

Ал Шапырашты Қазбек бек Таусарұлы өзінің «Тұптұқияннан өзіме шейін» деген 1776 жылы жазылған кітабында (Алматы Жалын 1993 жыл) «... Жан баласы Мекіре-Жалайыр... Жалайырдан – Манақ, одан Орақты, Жазықты, Таракты үш ұл болған... Орақтыдан 9 бала, Жазықтыдан 3 бала, міне осыдан келіп 12 ата Жалайыр шығады...» дейді. (сонда 67 бет).

Бұл кітапта Жалайыр шежіресіне байланысты бірнеше қателіктер кеткен:

Бірінші, Жалайырдың бабасы Жан (Жандаралы немесе Жансақал) одан Абак (абақ тамғалы), Тарак (тарақ тамғалы) өрбиді (сонда 67 бет).

Сонда қалай Манақтан Таракты туа ма? Бұл қате пікір.

Екінші, барлық баспадан шыққан ғылыми-тарихи тағылымды Жалайыр шежірелерінде 1825, 1875, 1905, 1911, 1925 тағы басқа 13 ата Жалайыр екендігі хатталған. Бұған қоса айтарымыз 1957-59 жылдары Қазақ КСР Ғылым Академиясының Экспедициясының жазбаларында (Гвардия, Киров, Талдықорған ауданы ғалым Халел Арғынбаев басқарған және М.С.Мұқанов пен В.В.Востровтың шежірелерінде «Қазақ Совет Энциклопедиясында» және «Қазақ Ұлттық Энциклопедиясында» 13 ата Жалайыр екендігі анық жазылған. Бірақ кейбір ру аттары қате жазылғандығын туралы еске салайық.

Сонымен, 13 ата Жалайыр:1 Ақбұйым, 2 Андас, 3 Арықтыным, 4 Бәйшегір, 5 Балғалы, 6 Қайшылы, 7 Кәлпе, 8 Қарашапан, 9 Қүшік, 10 Мырза, 11 Оракты, 12 Сиыршы, 13 Сұпатай екендігін ұмытпаған жөн болар.

Кейбір «білгіштер» Қайшылыны қоспайды, қосса Бәйшегір мен Арықтынымыды бірге атайды. Сонымен олар 12 ата Жалайыр болып шығарады.

Ал «шежіреші» - журналист Амангелді Оспанов қарақалпақтарды жалайырдың 14-ші атасы деп дәріптеп жүр, бұл шындыққа жанаспайтын өрескел қате пікір екендігін айтпақпыш.

Бұл туралы менің 2015 жылы шыққан көптомдық «ЖАЛАЙЫР ТАРИХЫНАН» атты 288 беттен тұратын үшінші кітабым «Жалайыр қазақтың аға тайпасынан» танысуларыныңға болады.

Үшінші, Мырза Оракты батырдың 9 баласының бірі екендігі даусыз.

Бұған бір мысал, Ұлы Жұз Дулаттың ботпайында үлкен Сиыршы руы бар. Осы Дулатта Ескелді руы тағы бары шежіреде хатталған. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

## *Үшінші: Орақты батырдың есімі жайында*

Қазактың кез келген есімде халықтың тарихы, салт-дәстүрі, материалдық және рухани мәдениеті көрініс табады. Халық арасында адам есімі оны тағдырын аңғартады деген ұғым бар. Қазақ есімдерін зерттеген Асқар Сұлейменов қазақта 70 мыңнан астам есім бар дейді (Сұлейменов А. «Қазақесімдер» Энциклопедиялық анықтамалық 2-ші басылым Алматы Атамұра 2013 800 бет). Солардың бірі Орақты қаһарман бабамыздың есімі туралы қазактың ғұлама ғалымы, ұлағатты ұстазы, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ҚСР-ы Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі Ақжан әл-Машани (1906-1997 жж) «Таңбалыларды салыстыру» атты мақаласында Орақ сөзінің мағынасы туралы сөз қозғапты: «... Орактан бастайық Op-ра деген ертедегі халықтар түсінігіндегі биік шың тау басы (сызған К.Н.) деген мағынада Op-ак аспан шырақ, әлем сәулесі жұлдаз мағынасында (сызған К.Н.) сонда Ай-Орақ сол шырақтардың басқы туы деген сөз болып шығады.

Ай-Орақ Уркерге (Өгізге) кездескенде – тоғысқанда жыл басы Наурыз делік...) дейді ғалым. (Әл – Машани А. Өгіз ханның қолтаңбасы. Көптөмдүк шығармалар жинағы 15 том Алматы Болашақ баспасы 2011 47 бет).

Орақ сөзі биік шың мағынасын береді және мұсылманның Ұлыс мейрамы Наурыз басталуы себебі де Орақты бабамыздың атымен байланысты екендігін тағы да дәлелдеп жату артық болар. Бұған тағы қосарымыз Ақжанabyz-ғалым атамыз 13 ата Жалайырга күйеу болып келеді.

14 ғасырда өмір сүрген Жалайырдан шыққан тағы бір Орақты батыр ноянға зер салайық. Хулагу Кіші Азияны жаулап алуға барғанда оның әскерінің қолбасшысы Жалайыр Елхан Джуджи (Жошы) Термалахұлы өз руларын басқарып барған ержүрек батырлардың бірі еді. Сол Елхан қолбасшының өзімен бірге әскер қатарында болған 9 ұлының бірі Орақты ноян. Бұлар Иран, Ирак, Әзіrbайжан жерінде 1335/6-1432/-3 жылдары 97 жыл билік құрған Жалайыр хандығының (мемлекетінің) негізін қалаушылардың бір ғана бұтағы (Баяни Ш. Ирандағы билік құрған қазактар оның ішінде Жалайыр ұлысының тарихы Астана 2011 жыл).

Орак бабамыздың әлем сөздігінде хатталған Орақты, Орак, Урак көптеп кездеседі.

Қазақ сөздігі. Қазақ тілінің біртомдық үлкен түсіндірме сөздігі (Алматы Дәуір баспасы 2013 жыл «Орак» сөзінің 12 түріне түсініктеме бар еken. Қебісі егін шаруашылығына арналған тек Ораққа береке (тілек, Орак мұрын, (тұмсық), Орак пышақ үшеуі ғана басқа мағына береді. (Сонда 1005 бет).

Орак балға 74 жыл (1917-1991 жж) кеңестік дәуірдегі жұмысшы және шаруаның символы болғандығын тағы ұмыттайық.

Қазақ елінің Орақты бабамызыңдың есімімен аталатын жер-су аттарын жіктемей, тек өзі жатқан жердің аты Балқаш ауданындағы Орақтөбе, Орак- Балға колхозы, Орак ауылы Орак ауылдық округі екендігін айтпақпыз.

Орақты бабамыздың есімі шетел тарихында да кездеседі еken. Осы жолдың авторы Жалайыр тарихына байланысты жүздеген әдебиеттерді параптап, соның ішінде А.Станишевтің «Афғанistan» деген кітабында (Москва Воениздат 1940 жыл) Ауған жеріндегі

Орақты руын жазыпты. Ал Рейстер М.Г. «Афганистан экономико-географическое характеристика» (Москва Восниздат. Географической литературы 1946 жыл 33 стр.) Ауғанның Қарани тайпа одағында Ахмедзай, Оракзай (сызған Қ.Н.) рулары бар екендігін жазған. Бұлар тау аймағы ГАЗНИЙ Платасы мен Сүлеймен тауында тұрады екен.

Орақты аттас рулар ноғайлыш, қырым татарлары мен башқұрттарда да бар. Іздесек тағы басқа түркі тайпаларында да табылады. Орак аттас жер-су аттары барлығын 87 томдық әлемге әйгілі Ұлы Октябрь Социалистік Революциясына дейін шыққан Брокгаузъ Ф.А. Ефрон И.А. Энциклопедиялық словарынде да кездестірдік.

Уракова гора – Саратовской губерний ... Ураковский перекать – ... Деревня Ураковой Чебаксарского уезда ... Урак река Приморской области... (Брокгаузъ Ф.А. Ефрон И.А. Энциклопедический словарь том XXXIVaC-Петербург 1902 859 стр).

Мұндай мысалдарды Казақстанда шығатын энциклопедиялар мен анықтамаларда іздесе кездестіруге болады.

Ұрпағына ұран болған Орақты есіміне байланысты бір кесенеге ұрпақтары көңіл бөлмей келеді.

Бұл Оқшы ата пантионы дейміз бе әлде кесенесі немесе мазары дейміз бе?

Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясында (том3 Алматы 2001 жыл) былай деп жазылған: «... Аңыз бойынша қазіргі Қызылорда облысындағы Шиелі ауданына таяу жерде Оқшы ата (Мерген ата) қорымы Жалайырға кіретін Орақтының арғы Орак батырдың лақап аты екен. Кейнгі ұрпақтары оны әулие санап, атын тұра атамаған көрінеді...» (Сонда 486 бет).

Дерек бойынша мұнда Асан ата,... Кыш ата, Ғайып ата, 19 ғасырдың тұлғалары - Бала би, Досбол сүйектері жатыр.(Егемен Қазақстан 2018 жыл 28 ақпан). Енді Жалайыр тарихының тамыршысы Ораз Исмайлов ағамыздың бір жазбаларына көніл бөлейік:

1977 ж. фольклоршы Қаратай Биғожин Қазақ ССР Ғылым Академиясының Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының Қазақ ССР тарихы бөлімінің менгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, марқұм Бекежан Сүлейменовтың қолындағы Сегізсері Баһрамұлы Шақшақовтың (1818-1854) жазып қалдырған жазбаларынан мынадай мәліметтерді алғып келді: Жетісу жері тұрғылықты халқының қол бастаған баһадүрі, асқан мерген, ақыық ардагері Орақтың лақап аты – Оқшы. Бұл есім оған атқан оғы зая кетпейтін көздегіштігі мен атқыштығы үшін берілсе керек» –дейді белгілі жазушы (Исмайлов О. Айдынды Орақ ойлы Орақ. Октябрь туы 1989 жылы 21 қаңтар).

Ал түркітанушы ғалым Әуелбек Қоныартбаев Оқшы бабамызды XI ғасырда өмір сүрген, 1043 жылы қайтыс болған деген пікір білдіреді (Қазақ елі 1997 жыл 5 қыркүйек).

Бұдан басқа да керегар пікірлер бар. Соңдықтан биыл ұлы бабамыздың туғанына 600 жыл толғанына байланысты Оқшы ата мазарына мәрмәрден «Оқшы ата - Жалайыр Орақты» деп сыйықшамен жазылған тақша қойылса, ас беріліп, абаттандырылса қаһарман батыр бабамыздың әруғы риза болар еді...

Орақты батыр туралы дала ауызша тарихнамасында (ДАТ) аңыз-әңгімелे өте көп, аңыздың түбі – ақиқат деген ұлы қазақ үшін халықтың аңыздарынан артық ақиқат жоқ екендігін ұмытпайық, ағайын!

Ел аман, жұрт тыныш болса бабаның әруғы қолдап үрпақтарға өсіп-өніп, еш уақытта ұмытпайтындығы ақиқат.

Қазақтың әрбір баһадүр батыры халқына, Отанына ортақ оларды бірігіп бөле-жармай бағалайық, ұмытпайық, ұлықтайық, ру-тайпаға бөлінбей, ағайын! Батырдың әруағын сыйлаған елдің руха азбайды, дәстүрлері де тозбайды деген халық сөзі осындайдан қалған болар шамасы, ағайын!

Замандар өтер, үрпақтар алмасар, бірақ қазақтың аға тайпасы, Ұлы жүздің «нокта ағысы» 13 ата тарақ таңбалы Жалайырдың «нокта ағасы» атанған қасиетті Оракты батырдың есімі мәңгі қазақ халқының бірге өмір сүре бермек.

**Төртінші:**  
**Жалайыр қазақтың аға тайпасы, аға баласы,**  
**ноқта ағасы аталуы жайында**

Қазақ тарихының атасы атанған Қадырғали Қосымұлы Жалайырдың (1530-1605 жж) «Алаш мыңының ішінде үлкені тарақ тамғалы Жалайырлар басты ұйытқы болған... Үлкен алаш мыңының ағасы болып келген осылар» деген даналық сезін өзінің «Жылнамалар жинағында» бекер айттылмаған шығар деген ұғыммен осы бөлімнен бастағанды жөн көрдік.

Енді түсінікті болуы үшін «аға тайпа, аға баласы, ноқта ағасының» мағынасына тоқталайық. «Аға» сезінің мағынасына зер салайық. «Қазақ сөздігінде» бұл сөздің 5 нұсқасы берілген екен, соның 3 ақылшы, басшы, жетекші, 4 қызмет дәрежесі, лауазымы үлкен, жоғары адам.., ол аға буын, өмірде көпті көрген, тәжірибесі мол алдыңғы ұрпак» - деген екен. (Қазақ сөздігі. (Қазақ тілінің бір томдық үлкен түсіндірме сөздігі) Құрастырған Н.Уәли, Ш.Құрманбекұлы, М.Малбаков, Р.Шейбеков және т.б.) Алматы, «Дәуір» баспасы, 2013, 25-бет)

Қазіргі тілші ғалымдар «аға» сезін осылай түсіндірумен ғана шектелген, олардың қазақтың ру-тайпалары мен аталары арасындағы айттылатын «аға» сезі толық анықталмағандығы қандай өкінішті-ақ.

«Ноқта ағасы» сезі «ноқта» сезі былай түсіндіріледі: «Ноқта ағасы зат. Көштің басында жүретін «тұңғыш ұл) бастаушы»... – делінген.(Сонда 979-бет)

Бұл екі сөздің мағынасы бір – ол құрметті, беделді, өмірдің азы-тұщысын, қуанышын көп көрген, өз ру-тайпалары мен таларының қамқоршысы, қорғаушысы, бабаға данагөй-ақылшысы болған абыз адамды немесе ру-тайпаны атағаны белгілі.

Жалайыр тарихы түп төркіні көне заман төріне жетелейді. Ол туралы ғылыми, тарихи-тағылымды және

көркем әдебиеттерге сүйеніп жазғандай болдық. Қазақ елі тарихында жалайыр тайпасының орны, салмағы да үлесі субелі екендігін дәлелдеп жату артық болар.

Осы жолдың авторы Жалайыр тарихын зерттеп, майын езіп ішіп, мындаған әдебиеттерді БАҚ-ты парақтап, ұнғыл-шұнғылын бір кісідей тімтіне тексеріп зерттеген, зерделенген, оқығанды, жазғандарды жіктей берсек ой-сөз көп, жырлай берсек жыр көп дегендей енді сөзді зерттеушілерге, ақын-жазушыларға берейік.

Отан тарихын қазақтың шығу тегін, ру-тайпалардың шежіресін түгендеудің олардың тарихтағы орны т.б. аса жауапты өте-мөте қындықтары мол екендігін түсінеміз. Сондықтан осы жолдың авторы «Жалайыр тарихынан» атты топтама үшінші кітаптың (2015ж. 288-бет) атын «Жалайыр – қазақтың аға тайпасы» деп атағанмын, өз пікірімді жазғанмын.

Ойда ой қозғайын, сөзден сөз туындайды деген емес пе? Тарихшы ғалымдардың, жазушылардың кім не жазғанын, айтқанын қазбаламай, түсінікті дәлелді айту үшін тек бір ғана зерттеулерлерге тоқталғанды жөн көрдік.

Қазақ халқының тарихын, әдет-ғұрпын, ауыз әдебиеті мен мәдениетін зерттеуші Құрбанғали Халид (1843-1913) Жалайыр тайпасы туралы бір ғана сөзіне көңіл бөлейік. «... Үйсін ұлдары ішінде аршындасы Жалайыр» деген еken шежіреші Қ.Халид (Құрбанғали Халид Тауарих Хамса (Бес тарих) Алматы. Қазақстан. 1995 92 бет).

Енді қазақтың үш жүзінің зиялышарының басын қосқан Қасым ханның Жалайыр тайпасына құрмет көрсетіп «ноқта ағасы» ретінде Жалайырга жүздік одақтың бір-біріне сенімді адап болуына жинальып ант бергеннен кейін бірінші бата бергізгендігі жайында сөз қозғайық.

Қазақ арасынан шыққан тұнғыш құқық магистрі,

мемлекет және қоғам қайраткері, әмбебап тарихшы энциклопедиялық білімі бар ғалым, Санкт-Петербург университетінің заң факультетін алтын медальмен бітірген (1903 жыл), Алашорданың саяси және құқықтың құжаттарының авторы, Алашорда Өкіметінің бұрынғы бас прокуроры, Семей өңірінің тумасы Жақып Ақбаев (1876-1934 жж) 1927 жылы 27 қаңтарды Семей мемлекеттік географиялық қоғамында қазақтың беткеүстар, алаш көсемдерінің қатысуымен өткен жыында «Қазақ халқының шығу тегі туралы» тақырыпта баяндама жасаған. (32 беттен тұратын).

Осы баяндамасында: «... Әз Жәнібектің ұлы Қасым хан 1503 жлы Қазақстанның билігін толық қолына алған хан болғаннан кейін... жер аймағын кеңейту ойымен өз мемлекетін қалыптастыру және өзінің сол кезде-ақ егеменді жас мемелкетінің саяси күш-қуатын арттыру үшін шамамен 1505-1520 жылдар аралығындағы кезенде осы бірінші жалпыхалықтың құрылтай съезіне қатысуға бұрынғы Қыпшақ, Алтын Ордасының құрамына кірген барлық халықтар мен тайпалардан (Өзбекстан, Ноғайлы, Сібірстан, Қазан, Сарай және Қырым) және Моголстан мен Башқұртстанинан делегаттар шақырады... Олар маңдайында ай сияқты қасқасы бар көк атты (көкқасқа) құрбандықта шалып, жылы қанға сұқ саусағының ұшын батырып, осы жүздік одак сенімді және адад болуына ат бергеннен кейін «уәдеден бұзылғаымыз қанға батайық» деп қайталаған. Жүздік одакқа адалдық жөнінде Жалайыр тобының өкілі бата берген. (Сызған - К.Н)

Осы бүкілқазақтың съезге бірінші Моголстан тобынан негізінен ел ағасы халық қадірлейтін, жасы жеткен, ақылғой – «Ақсақалдар» қатысқан «сенаторлар латынның сенеке – қарт деген сөзінен шыққан); өз тобында да, бүкіл съезде де жасы жөнінен ең үлкен Жалайыр тобының делегаты болған...» (Сызған - К.Н)

... Бата жасаушыларды Ноқта ағасы қой жүні мен

қылдан есілген шылбырды ұстаушы аға деп атайды. Аға-жасы үлкен адам, ноқта-сауған кезде биеден ажыратылатын құлында байлайтын бас жіп. Жалайыр соңғы уақытқа дейін жаназаларда, салтанатты жағдайларда құрметті орынға отырып, бата жасап келген» деп жазған Ж.Ақбаев.

(Кұл-Мұхаммед М.Алаш ардагері, Ж.Ақбаевтың саяси-құқылық көзқарастары. Алматы «Жеті жарғы», 1996, 171-174 бет).

Қасым хан қазақтың үш жүзінің ру-тайпаларының ішінен неге жалайырды таңдал, бата жасатқан бүкіл қазақтың ел билеген данагәй, батагәй, көсем билерінің, қайтпас қайсар батырларының арасына таңдал алуды бекер еместігі анық.

Бұған қосарымыз жалайырлар тарихы сыры мол көне түркі тайпасы, сан қылы X ғасырдың тарих толқынынан өткен, XIV-XV ғасырда жүз жылға жуық Иран, Ирак, Курдистан және Әзіrbайжан жерінде Жалайыр хандығын құрган тайпа екендігіне ескеруіміз керек.

Бұған тағы да айтарымыз Афрасиаб, Қапаған (Қабылан) қаған, Мұқылай қолбасшы қазақ тарихының атасы Қадырғали би т.б. Жалайыр ұрпақтары екендігін дәлелдей жату артық болар.

Тарих ғылыминың докторы, профессор, КР ҰҒА құрметті академигі Талас Омарбеков тарақ таңбалы жалайырдың қазақ ру-тайпаларының арасында «аға баласы», «ноқта ағасы» екендігі туралы «... үш жүзге ноқта аға атанған тарақ таңбалылар (Төре, Тарапты, Төлеңгіт, Тарапты Табын – К.Н.) ежелгі жалайырлар олағынла болғандар (Сызған – К.Н.) ... Тарақ таңбалылар ежелгі жалайырмен бірге алғаш ортақ одақта - төрелі күнде болып, одан соң ежелгі жалайырлар құрамында бірге болған., сондықтан да олар да кейінректе қазақ хандарына жақын болып, кейбірі ноқта ағасы мәртебесіне ие болды дей аламыз» - анықтап жазған екен

белгілі тарихшы (Омарбеков Т. Қазақ хандары қайдан шықкан? Төрелер әuletі. Жас Алаш 2020 28 шілде). Бұл көлемді мақаласында қазіргі қазақ тарихшыларының арасындағы ірі белгілі маманы Талас Омарбеков 13 ата жалайырдың көне тарихын зерттеп ғылыми жүйемен жазғандығын тағы да одан артық дәлелдеп жату артық болар.

Қазақтың аға тайпасы, ноқта ағасы атанған Жалайырдың тайпалық бір ұраны – Бахтияр, бұл Ұлы жүздің кейбір ру-тайпаларына ортақ, қазақ үш жүздері құрылғаннан бергі ұраны.

Жалайыр қазақтың аға баласы, ноқта ағасы атау, жолы жағынан үлкен болып есептеліп, той-жиында той бастаушы, бата беруші, соғыс жағдайында – билік айтушы, кеңес беруші, олжа тауып алғанда әділ үлестіруші т.б. әдет-ғұрыптары ғасырдан-ғасырға алты алаш қазақ арасында сақталып келеді.

Ал қазақ тілініңabyзы, филология ғылымдарының докторы, профессор, КР ҰҒА академигі Әбдуәли Қайдар (1924-2019 жж): «... тойды жалайыр бастайды, қаңлы бата береді» - деген ел арасында айтылатын бұл сөздің мәні қаңлының ертеден келе жатқан құрметті де, көне әulet (тайпа) екендігіне, ал жалайырдың ұлы жүз руларының ішінде «ноқта ағасы» болып саналуына байланысты болса керек. Бұл дәстүр көшпелі еле арасында әлі сақталады» деп түсіндіреді ғұлама ғалым (Қайдар Ә. Қаңлы. Алматы – «Дайк Пресс» 2004, 205-бет).

Тағы бір филология ғылымдарының докторы, профессор Әуелбек Коңыратбаевтың жалайыр тайпасы туралы пікіріне де көніл бөлейік: «... Бұл даланы (Жетісу, Мәуреннахр өлкесі) ежелден Үйсін мен Қаңлы мекендейген. Олар көне ғұнның тұстасы. Кейін бұл өнірге шығыстан жалайыр тайпасы келіп қоныстанады. Осы үш үлкен тайпаның негізінде Ұлы жүз (Ұлкен

орда) құрылады. Ұлығы Жалайыр елі болады» дейді әдебиетші ғалым.

Белгілі Жетісудың ақын, шежіреші Асым Керімқұлұлы (1908-1973 жж) Ер Орақты өлеңінде:

«... Ноқта ағасы Орақты атансын деп,  
Халық болып өмірлік атақ тақты  
Орақтыны айрықша үлкен ету,  
Жол болып бұрынғыдан бізге қапты.  
Сондықтан Орақтыға қол береміз,  
Жасы кіші болса да жол береміз  
Ұғып ал кейінгі жасас жеткіншектер  
Қаза жетсе бір күнде біз де өлеміз» - деген.

Ең алғашқы қаһарман батыр туралы дастан жазған қанжар ақын Қалқа Жапсарбаев өзінің хас батырға арналған дастанында Ақкөбік пен Қаракөбікті женғеннен кейін ел жұрты:

«... Жалайырга тиянақ  
Ноқта ағасы сен бол деп  
Орақтыға сол жерде халқы бата береді» - делінген.  
(Бабалар сөзі.100 томдық, том 56... 352-бет).

Ал қазақтың белгілі санлақ ақыны төскейде малымыз, төсекте басымыз қосылған қойы қоралас, жолы аралас көршілес найман-матай-кенже елінің біртуар айтыскер сөз шебері Сара Тастанбекқызы (1853-1907 жж) өзінің әйгілі «Қош бол, елім» атты 13 ата жалайыр елінде болып қайтқаннан кейін жазған өлеңінде:

...Жалайыр - бейбіт, момын ел екені,  
Ішінде Үйсін атам берекелі.  
Ежелден барша жұртқа мәлім еді,  
Үш жұздің «ноқта ағасы» ел екені. - деген.

«Ноқта ағасы» демекші, бұл тұрақты сөз тіркесі - дәстүрлі қазақ орта символикалық биік мәртебеге ие болған қазақтың үш жұзінің ру-тайпаларының құрметті атауы.

Енді Орақтытанудың негізін қалаушы, Жетісү

тарихын жетік білетін, отыздан аса тарихи-тағылымды көркем әдебиеттің авторы Орақты батыр туралы 8 мақала (тек менде барлығы) бір баян жазған, жазушы-фольклорист Ораз Исмаиловтың «Ноқта ағасы» қалай аталғаны жөніндегі тек бір мақаласын қысқартпай толық бергенді жөн көрдік.

...Түркістан тұбіндегі қан көп төгілген бұл жойқын соғыс ел аузында «Сауран қырғыны» деген атпен қала берген еді. Ал Сауран қаласының билігі сол күннен бастап Жәнібектің екінші баласы – Ереншінің қолына өткен.

Сол жолғы сәтті жорықтың соңында Керей хан мен Жәнібек үлкен бір мәрттік жасаған. Түркістан ішінде өткізілген ұлан асыртойдың үстінде қазақ хандығының қазығы қағылыш, шаңырағы көтерілгелі бергі, әсіресе Орақты батырдың қазақ жұрты үшін жасаған ересен ерліктерін әспеттей келіп:

Батырдың қалған қолқасын ел болып орындаңық! – деген жарлық тастаған. Көптің көңілінен шыққан бұл хабар табан астында қолдау тауып, Орақты батырды орталарына алдырған. Сөйле батыр, айт тілегінді? Әперейік пе, хан қызын? Әперейік пе, балдызын? Батырда үн жоқ, ризалық кейіп бар.

Сөйле, батыр, ойың бар ма байлықта? Төрт түлік мал, қазынаны қалаймысын әлде сен? Алтын, күміс, ділдә керек пе түпсіз кен? Батырда үн жоқ, түрінде терең толғам бар. Қаумажалаған жұрт қояр болмаған соң, Орақты батыр бұрыннан көкейінде жүрген бір ойды айтпаққа оқталған. «Төрт түлік мал, қазына, байлық, мәртебе, мансап, атақ, даңқ бәрі опасыз дүние емес пе? Одан не із қалар дейсің?»

Хандары да сабыр сақтап, қарап отырған соң былайғы жұрт та ыждахатпен күтуде. Ханының да қызын құшқанмын, байдың да қызын қысқанмын. Ендігі үрпағым қара қыпшақ қызы Қарлығаштан өсіп,

өрбіп жатса болғаны. Құллі қазақтың аузы дуалы ағалары мен ақсақалдары, ақылмандары мен билері, көсемдері мен шешендері, батырлары мен бағландары, жаңа жүртімыздың басын ұстаған көреген де кеменгер Керей хан мен Әз-Жәнібек болып, бір тілегіме кеңшілік етпек екенсіздер, - көсегелеріңіз көгерсін! Көңілдеріңіз өссін! Айтайын.

Иә, иә! Мұндай бақыт әркімнің басына қона бермейді.

Сөйле! Менің жалғыз ғана тілегім – ұрпағым қай заманда да олжаның алдын ұстайтын, бүгінгідей жеңіс, қуаныш тойларды бастайтын «Нокта ағасы» (Сызған К.Н) болсын? – деп қысқа қайырып, хандарды да, қарашаларды да, былайғы халықты да қайран қалдырған.

Апырау, осы ма бар сұрағаны?

Бұ несі? Ақылы қайда кеткен батырдың?

Әркім-әркім әртүрлі оймен Орақтыны назарға ала бастаған сәтте Әз-Жәнібек:

Оу, халайық? Орақты батыр не ғылса да ойнап жатқан жоқ, ойланып айтты. Уәде Құдай сөзі, әумин делік! – деп қолын жая берген. Тежелеген, телмендеген ешкім болған жоқ. Элшағырұлы Орақтының көп алдында тілеген тілегі қабыл болсын! «Ноқтағасы!», «Ноқта ағасы!», «Ноқтағасы!» .

«Ноқта ағалық» ұрпағынан ұрпағына ұлассын! Мәңгілікке жалғассын! Жан дүниесі еріп, елтіп, алпыс екі тамыры түгелдей иіп кеткен Орақты батыр өзінің Ақтабан жүйрігін бата оқырға көлденеңнен тарттыра берген.

«Ноқта ағалық» рәсім сол күнгі тойдан бастап өмірге келіп еді.

Бірақ алмағайып заман әлі алда болатын ...» деп жазған екен Орақтытанушы Ораз ағамыз (Исмаилов О. Орақты батыр... Талдықорған Офсет баспаханасы 1995, 27-28-бет).

Бұған тағы қосарымыз аға баласы ноқта ағасы туралы

бес аңыз туралы Ораз ағамыз «Әлшағырұлы Оракты батыр (1420-1501) 29 беттен тұратын мақаласында толық жазылыпты (Исмаилов О. Әлем тарихындағы жалайырлар Алматы Дәуір 1999, 319-345-бет).

Осы жерде ой елегіне Ескелді би ауданының тұмасы, белгілі жазушы, ақын, өлкетанушы Әбдіқадір Алшабаевтың (1939-2014 жж)екі шумақ өлеңі еске түседі:

«... Тарақ таңбалы сал жалайырмын,  
Кедейге берген мал кере қайырмын.  
Жауына ұрандан қарсы шабатын  
Маңдайға согар қол дайырмын  
... Тарақ таңбалы жалайыр ұлымын,  
Салтын сақтаған сыйлағанның құлымын  
Танысаң қазақпы, танымасың тозақпын,  
Жолы үлкен алаш та, Ұлы жүзде ұлымын

(Алшабаев Ә. Таң жыры. Өлеңдер мен балладалар Алматы Аңарыс 2014, 46-бет)

Аға баласы, нокта ағасы деген сөз туралы талай қоғам қайраткерлері, этнографтары өз пікірін жазып кеткен соған зер салайық. Академик Әбдуәли Қайдар; Нокта ұстары – Жалайыр. Нокта ағасы Ұлы жүзге және бүкіл қазақ тайпасына ұлық нокта аға етіп жалайырды белгіледі деп жазған ғалым (Қайдар Ә. Қазақ қандай халық? Алматы Даік Пресс 2008, 425,431,433-бет).

Ал тарихшы, этнограф, ғалым Халел Арғынбаев «Жалайыр» атты мақаласында: «... Ұлы жүз рулары ішінде Жалайыр нокта ағасы, ең үлкені, құрметтісі және жауынгері болып есептеледі. Жалайырдың жауынгерлегі жайында көптен бері қалыптасқан «Әзірейіл барда жаның бар деме, жалайыр барда малым бар» деме деген халық мәтелі де растайды» дейді этнограф, ғалым (Арғынбаев Ф. Мұқанов М. Востров В. Қазақ шежіресі хақында Алматы Атамұра 2000, 84-бет).

Қазақ шежіресі туралы бірнеше кітап жазған шежіресі

Зайыр Сәдібеков жалайырдың ноктағасы туралы былай жазған екен «... Ұлы жүзге жататын тайпаларда және бүкіл қазақ тайпаларында ұлықтық құрмет жалайырға берілген «ноқта ағасы». Тойда, аста, жиындарда барлық тайпалардың ішінде төрге отыратын, жалайырға бас, жамбас алдымен ұсынылады» деген шежіреші (Сәдібеков З. Қазақ шежіресі Ташкент «Өзбекстан» 1991, 45-бет). Осы шежіреші өз кітабында жалайырдың нокта ағасы туралы тағы да екі деректі әдемілеп келтірген (сонда 82, 127-бет).

Жоғарыда келтірген өз заманымыздың ғалымдардың және жазушылардың ой-пікір, енді 19 ғасырда өмір сүрген Ресей патшалық империясының қазақ жеріне отарлау саясатын жүргізу үшін жіберген генерал-лейтенант, Мемлекеттік кеңестің мүшесі, әскери жазушы, 1883-1893 жылдары Сырдария облысының әскери губернаторы Н.И.Гродеков (1843-1913 жж) қазақ тарихын шығу тегін, әдет-ғұрпын, т.б. зерттеп (Киргизи и каракиргизи Сырдарийской области (1889 жылы) зерттеу еңбегінде қазақтың үш жүзінің арасында жалайырдың ру-тайпаларының аталығы мен құрметтілігі туралы жазыпты: «... Жалайыр қазіргі нокта ағасы болып есептеледі. Жиын-тойда, табақ тартқанда рулардың үлкені Жалайыр бар ма деп сұрайды. Жалайыр жоқ болса, құрметті Ошақты руына ие болады» деп жазған генерал-губернатор (Гродеков Н.И... 2-ое изд. доп. Астана Алтын кітап 207 13 стр Библиотека Казахской этнографии 50-ти т 23).

Ұлы жүздің ата-бабаларының арасында Жалайырлар соңғы уақытқа дейін жаназаларда-салтанатты жағдайларда құрметті орынға жайғасып отырып, бата жасап келгендігін тағы еске саламыз.

Енді өткен ғасырдың 70 жылдары Оңтүстік Қазақстан өнірінде болған бір мерейлі мерекелі іш-шараларының күәсі болған қарымды қаламгер, белгілі журналист көп

жылдары Талдықорған-Алматы облысының газетінде редактордың бірінші орынбасары болған, беделді Жанат ағамыз Дүкенбаевтың маған 2009 жылы маусым айында берген Орақты батыр туралы бастап бітірмеген қолжазбасынан үзінді келтірейік:

...1969 жылдың күзі еді. Бұрынғы Талдықорған облысының Киров ауданындағы орталық аптеканы (дәріхана) басқарып тұрған Талас деген азамат өзінің туған топырағы Шымкет облысын Тұлкібас ауданында көшетін болды. Онымен сол жылы университеттің журналистика факультетін бітіріп келіп облыстық «Октябрь туы»газетіне орналасқан кездері танысқан едім. Сондай жайдары жан екен. «Маратым мен Қайратым үйленсе, сен тойымның төрінде отыратын боласын. Шақыру менен, келу сенен» деп уәде байластық. Айтқандай келесі жылы Қайратымның қуанышына келгейсің деген телеграмманы алған соң жолдасым екеуміз пойызben Тұлкібасқа тарттық.

Жазға бергісіз онтүстіктің күзі қайнап-ақ тұр екен. Үйстықтан «құлақтары бүрілген» жапырақтар тыныс алып, тойға жиналған халыққа көлеңкелерін түсіріп, жан шақырта бастады. Бөтен жұрт, бөгде адамдардың көңіл-күйлерімен табыса кету де оңай емес. Бір кезде дабыр-дыбыр басылып, асаба шықсын ортаға.

- Халайық, сөзге құлақ салайық, - деді де, «орталарында жалайырлар Ноқта ағасы бар ма, бар болса маған қарай келсін»...

Құлаққа ұрған танадай тыныштық. Құлағым қате естімесе дәл солай айтылды. Онысы несі деп мен отырмын. Асаба тағы да «орталарыңызда аға баласы Жалайырлар жоқ па?» деген сөзді қайталаған соң, мұнысы несі екен деп тұсынан мен, менен жоғарылау тұстан жасы сексенді алқымдал қалған сирек сақалды қария көтеріліп, асабаның жанына келдік. «Иә, келдік» дегендей жаутаң қағамыз, ештеңе түсінбей.

Қазақтың үш жүзінің аға баласы болсаңыз онда осы тойға бата беріңіз, деп микрофонды ұсынды асаба. Сәл ойланып тұрды да ақсақал батаны төкті-ай десенші: Ақ тілектен төгілген аталы сөздер екі жастың болашағына тату-тәттілік, өнегелілік отбасындағы үлгілілік тілей келе:

*...Қысылғанда қолдайтын,  
Қамыққанда демейтін,  
Корыққанда жесебейтін,  
Орақтының ерлігін берсін, әумин...*

Батагердің үстіне шапан жабылды.

Шерния қария шежірелі қария адам болып шықты. Ол қазақтық нокта ағасы. Ұлы жүз жалайыр тайпасының Шуманағына тарайтын Орақты батырдың шөбелегі еken. Жамбыл облысының Мойынқұм аталатын аймағында ұрпақ жайған қоралы ауылдан көрінеді. Жоғарғы инженерлік білім алғаннан кейін теміржол бойында әртүрлі жұмыстар істеген. Көпті көрген оқыған мен тоқығаны бар екендігі сөйлеген сөздерінен-ақ көрініп тұр. Қай тақырыпта әңгіме қозғасаң да қарияның хабары мол екендігін байқағаннан кейін асабаның «Жалайырлар болса ортаға шықсын» деп алағөтен қозғай айтқан әңгімесіне қайран қалған едім»-деп жазған қолжазбасында белгілі журналист Жанат Дүкенбаев. Жанат абыз ағамыз секеннің сенгірінен аман есен асып барады.

Ал біздің жалайырлар шоғырланған Алматы облысының Балқаш, Кербұлак, Көксу, Ескелді, Қаратал аудандарымен Талдықорған, Текелі қалаларында батагөй, данагөй бұрынғы партия-кеңес көсемдері, әкімдері мен зиялымыз деп кеудесін қағып жүргендер, одан қалса еркектер отырған жерде қатындар бата беретін дәстүрге айналып барады...

Ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан ата-баба салтын ұмытып бара жатқанымызға кім кінәлі деген

сұрақ туындаиды. Біз өзіміз төрде орын бермейтін, той жиында сөз бермейтіндер: қәзіргі әкімдердің қасында «штатный» батагойлер барлығын телеарнада БАҚ-та көріп, оқып жүрміз.

Қәзір біз ұлттық ерекшелігімізді, салт-дәстүрімізді сақтамай оларды ұлтшылдық деп әдел-ғұрпымызды орындамай, ұл-қыздарымызды инабатты, иманды болып ата-баба салтын орындалап ардақтап өссін деп өсірсек ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан халық мұрасын, үлгі сақтамақ.

Қазақтын аға тайпасы ұлы жүздің нокта ағасы тарақ таңбалы он үш ата Жалайыр ұрпақтары қахарман Оракты бабасы талай қайталанбас ерліктердің иесі болған –сол бабаның тікелей ұрпақтары осы өзіміздің жер жаннаты аталған Жетісуымыз да қадірлі халқымыздың құрамын толтырып, баршамызben бірге білекке-білек, жүрекке-жүрек түйістіріп, қатарымызда жүр. олардың атадын балаларына мирас болып, неше ұрпақтары арқылы шежірелер жазылып келе жатқан.

Жалайыр шежірелерін бірін Р.Толқымбеков, Д.Жақсылықов, Әлішпановтар әuletі т.б. жазып курастырып шығарған.

Бұған тағы қосарымыз Ораз ағамыз жазған «Бір атаның үрім бұтағымыз» деген естелік кітабында (Алматы 2012) 57 бетінде Оракты батыр бабасынан өзіне дейінгі шежіресін жазып қалдырыпты.

Кең байтақ, көп ұлтты еліміздегі әлеуметтік-экономикасының тағы басқа саласында қажырлы еңбек еткен, еңбек етіп жүрген орта ғасырда өмір сүрген Оракты қаһарманың ұрпақтары: Әбдіқадыр Дағыров дала академигі, Социалистік Еңбек Ері, Ноғайбаева Саумал Социалистік Еңбек Ері, Бегімбетеев Амангелді Талғар ауатком төреғасы, Іле аупартком бірінші хатшысы, Бек Тоғысбаев-жазушы, драматург, халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері. Әбікен

Сарыбаев – Халық ақыны, Әліпқожа Исмайлов IIМ полковнигі, Ораз Исмайлов жазушы, ақын фольклорист, Амангелді Тоқымбетов сазгер, дирижер, ҚР Мәдениет қайраткери Нұрсан Әлімбаев тарих ғылыминың докторы, ҚР еңбек сінірген қайраткери. Дүйсенбі Нұргалымов физмат ғылымдарының докторы, Жұлдыз Шалғымбаева тарих ғылыминың докторы. Ғалия Темірбекова актриса ҚР мәдениет қайраткери, Мақатай Сансызбаев КСРО және ҚР құрметті теміржолшысы, Зәріпбай Оразбай дінтануши аудармаши, Марат Әбдірахманов белгілі кәсіпкер-мецинат тағы басқа санлақтары және жайсандары.

Қазактың ұлы жүзінің, он үш ата тарақ таңбалы аға баласы, «ноқта ағасы» жалайырлар, замандар өтер, ұрпақтары алмасар, бірақ ұрпақтары өсі-өніп өрісі кеңе бермек.

Қысқаша болсада жалайыр тайпасының қазактың аға тайпасы, аға баласы, ұлығы «ноқта ағасы» екендігін тарихи-тағлымды деректемелерге сүйеніп қысқаша жазғандай болдық.

## *Бесінші, Ел қорғаны Оракты батыр*

Кез-келген ел өмірінде, тарихында батыр мен батырлықтың алатын орны ерекше бөлек. Қазакта «батыр бір оқтық» деген мақал ба, оны дұрыс мақал деп айту қыын. Батыр өлгенімен оның теңдесі жоқ ерлігі, биіқ рухы ел арасында мәнгі сақталады. Ал ол жадында қалған ерлік қайта жаңғыру қасиеті бар.

Батырлық-ең алдымен рух, жан ірілігі және биіктігі рухсыз тән биологиялық масса ғана. Батыр көрсеткен үлгісі қоғамда рухани сілкісі туғызатыны сондықтан, батырлық пен рухтың бір тұтас екендігінің айғағы.

Батырлық елінің еркіндігіне, жер бүтіндігіне өмірді арнау деген сөз.

Еліне қорған болған Жалайыр Оракты батыр кім десе, ол жан тәнімен жерін, елін қорғаған ұлтын ұйыстырып халқына пана қорған болған, қазақ хандығын қалыптастыруда айрықша тер төккен, халқына қадірлі би, асқан сөзімен елді аузына қаратқан кеменгер, шешен өз заманында аса ірі тарихи тұлға болған.

Оракты батыр ет жүректі, балуан білекті, ақылды, қайратты, батыл қайтпас қайсар, өжет мінезді, бес қаруын жақсы менгерген, соғыс тәсілін жақсы білген қолбасшы, осындай қасиеттерімен ерекшеленген, тарақ таңбалы Жалайыр батырларының бірі ноқта ағасы атанған әрі бірегейі екендігі тарихта хатталған. Оракты батыр бүкіл алты алаштың елі мен жерін өз отандастарымен бірге қорғады, олардың жаулардан азат етіп бостандыққа жеткізген әйгілі қазақ батырларының мәлім тұлғалартың қатарынан саналады.

Бұл бөлім де жалайырдан шыққан қас Оракты батыр туралы болмақ. Енді оның ерлігі туралы қолда бар деректемелермен ғалымдар мен жазушылардың енбектеріне зер салайық.

Қазақ елінің бас сөздігі «Қазақ Ұлттық Энциклопедиясы»... Орақты (15 ғасырда өмір сүрген)-қол бастаған батыр. Керей мен Жәнібек хандардың тұстасы. 1465 жылы шанырак көтерген қазақ хандығының нығайуына үлкен үлес қосқан (Сызған К.Н) ойрат басқыншыларына қарсы шайқастарына ерлік көрсеткен... деп жазылған еken. (ҚҰЭ том 7 Алматы Қазақ энц 2005, 161-бет)

Орақты батырдың ерлігі туралы Қазақ тарихы (614 бет) Айбын (608), Абылай хан(411), Жетысу (495 бет) энциклопедиясында, Бабалар сөзі том 56 (323-356-бет) хатталған және басқа энциклопедияларда анықтамалықтарда бар.

Орақты батыр бабамыз туралы мәліметтерді ұлт жанды ер жүрек қайсар алғыр бірбеткей тұра мінезді айтқаннан қайтпайтын мәрттігін таныса түсеміз.

Ол қазақ хандығы құрылмай тұрып Әбілқайыр ханның (1412-1462 жж.) әскерінің батыр, белгілі қолбасшы болған. Әбілқайыр хан Орақты батыр қолбасшы туралы былай лебіз білдір еken : «... Орақты менің қынабындағы қылпып тұрған қылышым... Орақты менің айбарым! Менің абыройым! Бұл тірі тұрғанда мені алатын жау жоқ! Бұл жолғы низамды да өткізбенті. Ендеши батырдың абынын асырып, ата жолымен ат мінгізіп шапан жабу лазым. Бұл менің құтым, менің құппаным»- деп хан жалайыр Орақтының баһадырлығын жоғары бағалаған сыйлаған (Исмайл О. Орақты батыр... 8-бет).

Жаратылсында бір беткей қайсар Орақты батырдың алғашқы ерлігі. Ноғайлы елінің басшылары Әбілқайыр ханның екі бүйрекіне қадалған темір казықтай болып, тайталаса беріпті. Хан сол елдін әмірінің басын кесіп беруді өзінің сенімді қолбасшысы Орақты батыр мен оның үзенгілес жан серігі, ақылшысы Сұпатай (Сұпби) батырға жүктеп, бір түмен әскер беріп жіберіпті. Екі арада болған соғыста әмірдің басы кесіліп батырдың

қанжығасына байланып, ханға табыс етіледі. Бірақ хан ұрыста Орақты батыр ауыр жараланаады. Оны ханның өзі алдына шығып қошеметпен қарсы алады.

Халқымыздың қай қаһарманын алсақ та, олардың ерлік істерін үрпақтары осы күнге дейін бір-біріне айтып данағой, абыз, шежіреші көпті көрген, көп оқыған ақпа күлақ бабаларымыз арқылы жетіп отырған.

Орақты батырдың өмір жолы солай, мейлі шежіре әнгіме аңыз коркем шығарма немесе жыр дастандарға көніл бөлсек батыр бабамыз 15 ғасыр ішінде туып, өмір сүріп туған жері мен елі үшін жан аямай ерлікпен күрескендігін анық аңғартамыз.

1446 жылы Әбілхайыр хан Даulet-Қожа ұлы Сырдария бойындағы сауда мен қол өнер орталығы болған стратегиялық қалаларда-Ақкорған, Сауран, Аркөк, Созакта жаулап алып, Моголстанға батыс жақтан қауып төндіреді.

Шығыс жақтан ойрат жонғарлары Моголстанға шабуыл жасай бастайды. 1456-1457 жылы ойрат-жонғар әскери феодал ақсүйектері Шу алқабы арқылы Сырдария бойындағы қалаларға баса көктеп кіріп, Сығанақ қаласы түбінде Әбілхайыр ханның әскерін талқандайды. (Мәсхүт Ибн Осман-хапстани. Тарихи Әбілхайр хан... 336-339 бет).

«Сығанақ қырғынанан» кейін Орақты батырдың қаны ойраттарға қатты қарайған «киынғасыға исі басшы» дегендей, сол жойқын жеңілісте белгілі дәрежеде Әбілхайыр ханның өзі де себепкер болғандықтан және алғашқы мақаламызда жазғандай Әбілхайыр ханның екіжүзді, қатігездігінен қарындасты «Әйкем begim, оқиғасынан» тағы басқа себептерден кейін Орақты батыр бұдан былайғы өмірін одан аулақтау өткізуіді жөн санағанға үқсайды.

Оның ол ойы тарихи жағдай үстінде онға да басқан. 1456 жылы бұрынғы Ақ Орда ханы Ырыс (Орыс, Урус)

ханның немерелері Керей хан Әбілхайырға қарсы шыққан ірі тайпаларды бастап Жетісуға қоныс аударған. Моголстан ханы Есенбұға оларды қуана қарсы алып өйткені ол да Әбілхайырды жек көретін, өзінің ішкі және сыртқы жағдайларын нығайтуға пайдаланбақ болған. Есенбұға оларға Шу өзені мен Талас бойынан орын берген. Сөйтіп Керей хан мен Жәнібек хан осы батыс Жетісудағы Қозыбасы деген жерді орталық ете отырып, тұнғыш қазақ хандығын, мемлекетін күргандығы тарихтан белгілі.

Эрине, жас бүлдіршінге әркім-ақ әлімжеттік ете алады. Жаңа ғана ірге тәуіп, шаңырақ көтерген жас қазақ мемлекеттіне Іле өзенінің шығыс бетінде Амасанжы тайчы бастаған тыныштық бермеген. Орақты батырдың ел қорғаудағы ерлік істері осы кезеңдерде айқын көрінеді.

Алты алаштын қолбасшыларының бірі тарақ таңбалы жалайыр ру-тайпасының және басқа рулардан құралған әскерлерді басқарған.

1462 жылды Моголстанның ханы Есенбұға қайтыс болғаннан кейін ойраттар қазақ хандығына да, Моголстанға да шабуылдарын жиілетіп, тыныштық бермеген. Сондықтан да сол кезде кемел күшіне келген Орақты сынды батырлардың ат үстінен тұспегендіктеп ешқандай дәлелдеуді қажет етпейді деп ойлаймыз. Ол жойқын соғыстардың сол ғасырдың сонына дейін бірде бір толастамағандығы тарихи шындық.

Орақты батырдың замандастары кімдер болғандарын ұрпақтары естен шығармаса дейміз. Мәселен, Әбілқайыр ханның қолбасшысы қара қыпшақ Қобыланды. Үріс (Орыс) ханның немерелері. Керей хан мен Жәнібек сұлтан, Моголстан ханы Есенбұға шапқыншыл ойрат – Амасанжы үзенгілес досы, құрдасы, серігі, ақылшысы Сұпатай батыр, би және тағы басқалар.

Тарихшы, шежіреші абыз ата Рахметолла Толқымбетұлы (1914-2008 жж.) өзінің Орақты батыр

мақаласында мынандай деректемелер келтіреді: «..1443 жылы қазақ хандығының негізін қалаушы Керей хан Баракұлы Орақты батырды өзінің жасағына қолбасшы етіп тағайындалы.

1472 жылы ойраттар Жетісуға кезекті шабуылын жасады. Орақты батыр ұрысқа қатысып ата жауына тосқауыл қоя білді» деп жазған екен тарихшы ұстаз атамыз. (Толқымбекұлы Р. Жалайыр. 12 ата. Шежіре. Алматы-Дәүір-2000, 667-бет).

Енді Баһадұр Орақтының тағы бір ерлігіне көніл бөлдейік. Әбілхайыр хан өлгеннен кейін хан болған. Мұхамед Шайбани хан Түркістан қаласынан ойраттан шыққан екі Аққұрық пен Қарақұрық батырларын бастаған екі лек әскерлерді тосқауылға тастап кетеді. Осы соғыста ер Орақтының осы екі ойраттың қас батырымен жекпе-жекке шыққандығын мемлекет және қоғам қайраткері, белгілі Жетісу тарихының хас шебері, Орақты батыр туралы бірнеше мақала жазған Шаяхмет Халықов (1907-2001 жж) атамыздың деректеріне көз жүргіртейік:

«...Ең алдымен жекпе-жек шайқасқа Аққұрық шығады. Орақты басқа батырларға: «Әлі жассындар, жазым боласындар, жазым боласындар» деп өзі шығады. Осы сэтте-ақ Аққұрық кезек күтпестен садағын шірене тартып жібереді. Зырқыраған жебе Орақты батырдың аспанға атылған арғымағының шекесіне қадалады. Көктенбілінің басын құшып отырған батырға басқа ат көлденең тартылады. Оған қарғып мінген батыр адырнасы алты қарыс садағын толғай тартады. Садақ оғы Аққұрықтың тамағына қадалады да, дулығалы басын бұлғаң еткізеді. Оның мөңкіген аты сүйретілген денені тепкілеген күйі Керей мен Жәнібек ханының алдына әкеліп сылқ еткізеді.

Енді жекпе-жекке Қарақұрық шығады. «Орақты, өлсем армансызыбын, ал кезегінде» деп қарсы келіп

қасқайып тұрады. Қорамсаққа қол салған Оракты садағын үш рет толғап атады. Сұр жебе Қаракұрықтың құранды ерін қақ жарып, сауыттың кіндік жағындағы қуысынан қадалады. Қаракұрық топырақ қапқан: соң қазақ сарбаздары жауға лап қойып, ту-талапайын шығарады. Оракты батыр бастаған қалың қолдың алмас қылыштары мен үшқыр жебелерінен жау жасағы күйрейді. Бұл шайқас ел аузында «Сауран қырғыны» деп аталады. Содан бастап Сауран қаласы Жәнібектің екінші баласы Ереншінің қолына өткен.

Сол жеңістен кейін Керей мен Жәнібек Түркістан қаласында салтанатты түрде той жасайды. Оракты батырдың орасан ерлігі өспеттеледі. «Батырдың қолқасын ел болып орындаіық», – деп батырды ортаға шығарады. – Сөйле батыр, айт тілегінді! Сонда Оракты батыр айтады: «Төрт тұлік мал, қазына-байлық, мәртебе-мансап, атақ-даңқ – бәріопасыз дүние емес пе! Ханның да, байдың да қызын құшқанмын. Ендігі арманым – қара қыпшақ қызы Қарлығашты алып, содан үрім-бұтағым өрбісе болады. Ұрпақсыз қай заманда да олжаның алдын ұстамайсың, бүгінгідей жеңіс тойларын бастайтын ноқта ағасы болсам». Әз Жәнібек: «Ей, халайық, Оракты батыр ойланып айтты. Уәде құдай сөзі. Әумин!» деп қол жаяды. «Ноқта ағасы ұрпағы ұрпағына ұлассын!» деп Жәнібек өзінің Ақтабан атын сыйға тартады» – дейді Жетісу тарихын көп зерттеген жазған абыз қайраткер атамыз Шаяхмет. (Халыков Ш. Оракты батыр, Жетісу 13 қаңтар 1998 ж.).

Қай ұрыста болмаса да батырға біткен тұрпаты үйілмеді, мол пішін кемішеген кескін келбеті өзгермейтін емшінің дініндей шымырды кесек денесі бір қалыпты болып тұратын, қолында өткір қылыш, ұзын найза, үшқыр жебелер сай болатын.

Ал халық ақыны Қалқа Жапсарбаевтың «Оракты батыр» дастанындағы қас батыр ерлігіне көніл бөлейік.

Бұл дастанда екі қалмақ батырымен, Дүнген ханмен, Ақсай ермен соғысқаны суреттеді:

«... *Дабылды батыр қагады,*  
*Ханның елін шабады*  
*Қалмаққа ойран салады,*  
*Кашқандары қалмақтың*  
*Ханына олда барады.*  
*Дүнген хан халқын жиганша*  
*Қазақтың қалың қолымен*  
*Батыр бұзды қамалды.*  
*Талап қылып талпынбай,*  
*Мұратқа адам жетер ме?*  
*Ел үшін тұған егейлер*  
*Майданга кірмей кетер ме?*  
*Қалмақтың Ақсай ерімен*  
*Орақты шықты жекеге*  
...*Дәл жүректің басынан,*  
*Шеміршектің қосынан*  
*Найзамен бала көмеді*  
*Атынан дауды ұшырады,*  
*Қаңбақтай жерге түсіреді*  
*Ақтөбел атын жетектеп,*  
*Орақты батыр жөнелді*  
*Ақсайды батыр өлтіріп,*  
*Қасқыр қырган қойдайзып,*  
*Қалмақтың елін бөледі*  
*Көшелерін қан қылып...»*

деп әдемі жыр маржанын төгеді халық ақыны Қалқа (Жапсарбаев Қ. Орақты батыр/Бабалар сөзі 100 томдық 56 том Тарихи жырлар. Астана Фолиант 2009. 305-356-бет).

Бұған тағы қосарымыз халық ақыны дастанында Орақты батырдың 17 мен 31 жас аралығындағы ерліктерін тағы да жыр шумақтарымен көмкерген (331-332:340-344; 357-бет).

Қаһарман батырдың тағы бір жекпе-жек ерлігін «Қобыланды батыр» эпосынан келтірейік:

*«... Орақты батыр бу жақтан  
Ақ тайлақты сол жерден  
Іліп тастай береді  
Ел Орақты бір шаниып  
Көк ала атпен біршымбай*

*Сынырып өтіп жөнелді»* - делінген (Ақсауыт Батырлар жыры. 2 томдық. 1 том Алматы Жазушы 1977 127 бет).

Ал белгілі жазушы Ілияс Есенберлин өзінің «Көшпенділер» тарихи трилогиясының бірінші кітабы «Жанталаста» Орақ батырдың өмірі мен ерлігі туралы бірнеше беттер арналғандығын еске саламыз.

Батыр да, хан да, қараша да адам ғой. Оның өмірінде жетістігі мен кемшілігі де бар ғой, енді соған көңіл бөлейік. Ораз ағамыз өзінің «Орақты батыр» дастанында бабасының ерлігі мен тұр-келбеті жайлы «...айбарынан ай жасырынып жүлдyz үріккен батырдың орда сырты, жау ішіндегі жер жағдай даңқы мен бет қаратпайтын үдең бара жатқан сұрапыл сұсты» деп жазған екен. (Исмайлұ О. Орақты батыр ... 10-бет). Бұған қоса жазушы Баһадыр Орақтының өмірде қорқатын бір-ақ нәрсесі болушы еді. Ол –қайдағы бір оқ (сонда 30-бет).

Ұлы тұлғалы адам табиғатына тән өзін қолдан, демеп, қорғап жүретін киесі барлығы тарихта белгілі. Ел Орақтының киесі жолбарыс екендігін тағы хаттаған қаламгер. Ораз Исмайлұ ағамыз: «... Орақты қатты қаһарланса сол жолбарыс батырдың оғынан бұрын атылып, қарсыласын көк жүректен жарып өлтіреді екен» деген ел арасында аңызда болыпты (сонда 10-бет) дейді.

Қас батыр бабамыз тек батырлығымен ғана тарихта белгілі болмаған, ол өз аталарының, руының биі, көсемі, шешені, қайраткері де болған. Енді бабамыздың билігі туралы қысқаша түсінік берейік.

Би өз ру-тайпаларын, хандық басқаруда оның ішкі сыртқы жаулардан хандарымен қатар жұртты барлық ынта ықыласпен жанын сала қорғайды. Алқа биде өз елінің қамын жеп, дәстүр салтын терең сақтау үшін ешкімге мойынсұнбағаны анық. Тарихи жылнамаларда және ел аузында сақталған деректер бойынша, қазақ хандығын құрған өз Жәнібек ханның алпыстан астам би болған екен. Соның бірі – біздің бабамыз ер жүрек, данагөй Орақты болған.

Орақты баһадүр өз ру-тайпаларының жалпы жалайыр тайпасының барлық жағдайын жасауға абыз, данагөй, батагөй, ақсақалдармен келісіп жасап отырған. Әбілхайыр хан түсында оның қол басшысы, би бола тұра қәзіргі Өзбекстанның Шырышқ аймагында жалайырларға тұрақты жерге орналастырған. Жерін, елін қорғаған қамқор болған.

Еліне жайлыш қоныс, малына өріс тауып, оларға тыныштық өмір әперген би-шешен, қайраткер ретінде ел Орақты бабамыз табыла білді. Сол кезде оған ақыл-кеңес беруші жан досы, құрдасы, қаруласы руласы Сұпатай батыр (Сұпы би 1415-1505 жж.) бірге болған айта кеткен жөн болар.

Орақты бабамыз қазіргі Орта Азия мен Қазақстан жерін шырық айналып, өмір сүріп тіс барға тістетпей, ауыз барға алдырмай өз ел-жұрттына арман болған ата-бабасының қонысы жер жәннаты Жетісу жеріне аман есен қорған боп алып келгені тарихта тағыда белгілі.

Ер Орақты сөзге шешен болған, би-шешен деген анықтауыш ру-тайпа басшыларының биік лауазымы ретінде есімдеріне қосарланып, қатар айтылып келген, шешен-майда сөздің саңлағы, бірде астарлап, бірде мыскылдап, сүйекке тигізіп мақтамен бауыздадағандай етіп, қажет жерінде қара тасты қақ айырып, түсер семсерден өткір, от ауызды, орақ тілді, ұшқыр ойлы, сөз зергері бабамыз Орақты болған.

Енді тағыда Орақты батырдың қолда бар бес суреттері жайлыштың түсініктеме берейік. Банадұр бабамыз туралы бірінші мақаламызда «...Ең алғашқы шара батырдың ұрпағы Серік Әбікенұлы ержүрек батырдың суретін алғашқы рет түрлі-түсті ретінде жасағанын айтқанбыз. Орақты батырдың қазір қолда бар төрт түрлі түсті суреттері бар екенін жазған едім (Алатау 10 сәуір 2020 жыл). Ер бабаның тағы бір суретін таптым сонымен:

Бірінші, суретін салған Қойлыбай Мендешов КСРО және ҚР суретшілер Одағының мүшесі.

Екінші сурет қарымды журналист Серік Әбікенұлы Қойлыбайдың суретін алғып түрлі-түсті етіп салдырған суреті (Алатау 10 наурыз 2020 жыл).

Үшінші сурет тарихшы Рахметтолла Толқынбекұлының «Жалайыр, Он екі ата Шежіре» кітабында Орақты батыр басында қазақтың ақ қалпағы бейнеленген.

Төртінші сурет Жетісудың өлкетанушысы Жақан Балшентегі шығарған «Әулие аталар» Дәуір баспасы жылды, белгісіз) 53 суреттің түрлі-түсті суреттердің нөмір 25 суреті Орақты батыр, суретшінің аты жоқ.

Бесінші сурет қаһарман батыр бабамыздың басында дулығасы және сауыты мен салынған түрлі-түсті суретті салған Әліби Сейсов мұсінші, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі.

Бұл тек менің қолымда бар бес сурет. Әлі де батыр бабамыздың ат үстінде, толық бойымен тағы басқа бейнеленген суреттері шығуы мүмкін, суретшілер өзінің ата-бабасының, қайын-жұрттының тағы басқа суреттерін Орақты батыр деп бейнелейтіні мүмкін ғой?

Қазақтың тарихи тұлғаларын құрметтеу, бағалау, насихаттау әр алаш азаматының міндеті болар демекпіз, оның суретінің көптігіне қарамай.

Бұл бөлімді аяқтай келе «ата-баба аруағын сыйлау, ертенге деген сенімді жоғалтпау» деген ұлағатты сөзді ұмытпаған жөн болар.

***Алтыншы,  
Орақты батыр: аңыз бен ақиқат***

Белгілі тарих ғылымының докторы, профессор, КР ҰҒА академигі Манаш Қозыбаев (1931-2002жж) «... Қоғам тану ғылымдары соның ішінде ең алдымен тарих ғылымы үшін тарих шындығын қалпына келтіру-жауапты міндеп (сызған К.Н) бірақ бұл өткенде зерттеумен ғана орындала қоймайды, ол бүгінгі болмысы да зерттеуді, ертеңгі ұстанар бағыты да айқындауды да қажет етеді», – дейді ғалым.

Ал әлем тарихының атасы Геродот «әр түрлі пікір айтылmasa жақсыны таңдай алмайсың» депті.

Қазақ халқының бір ұлағатты сөзі бар: «Шындығын айтсаң әкеңе жақпайсың, дұрысын айтпасаң туысыңа жақпайсың» деген, бұл мақал біреулерге ұнамауы да, сексен жыл бұрын жазылған Қ.Жапсарбаевтың «Орақты батыр» дастанын қозғадың деп...

Осы жолдың авторы «Ұрпағына ұран болған – Орақты батыр» атты көлемді мақаласы жариялаған соң (Алатау, 10 ақпан 2020жыл). Кербұлақ ауданында шығатын «Кербұлақ жұлдызы» газетінде (17.04.2020ж) аудандық кітапхана библиографы Зина Жанабаеваның «Ұрпаққа ұран болған бабалар» атты кішігірім Орақты батыр туралы мақаласы шықты. Сол мақалада мынандай өлең жолдары келтіріпті:

«... Орақты батыр жайын айтайын  
Тұрлықожа баласы. (Сызған К.Н)

Орақты тапқан қонысы –

Қаратал-Көксу жағасы

Өткеніне олардың бес алты ғасыр шамасы»

Ел Орақтының әкесі Тұрлықожа екендігін қайдан алғандығын звондап қарындастымнан сұрадым. Ол бұл 100 томдық «Бабалар сөзі» 56 томында Қалқа Жапсарбаевтың «Орақты батыр» дастанынан алынды.

56 томды парактап көрсем дастан 323-358 беттерінде берілген екен. Ал Орақтының Тұрлықожа экесі екендігін халық ақыны Қалқа 357-бетінде жазған.

Бұл дастанды 1940 жылы Қалқа ақын айтқан, көшіруші Киров ауданы Калинин (Мұқыры) атындағы қолхоздың тұрғыны жас бала Қапас Елікбаев екендігі тағы басқа туралы осы мақалада толық жазылған.

Дина қарындасымыз Қапас Елікбаевты «жинаушы» деп қате жазған, бұл пікір басқа әдебиеттерде бар. Ол көшіруші, жинаушы деген әдеби ғалым зерттеуші, не фольклоршы болу керек.

Бұған тағы қосарымыз өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында Талдықорған облыстық газетінде Тұрлықожа Орақтының экесі деген мақала шықкан. Мақаланың аты мен авторын ұмытып қалыптын. Бірде Ораз ағамызben жолығып соны айтып едім. Ол маған «сол газетті маған әкеп берші» деді, бір-екі күннен кейін жолығып әкеп бердім. Ол «сен бұны ешкімге айтпа бықсытпа, ғалым Ақселеу Сейдімбеков макұлдан отыр Орақтының экесі Алшағыр деп ... Сонымен тарихитағымды, көркем әдебиеттерде Орақты Алшағыр ұлы деп айтылып, жазылып келеді. Әрине жоғарыда сыйласқан Ораз ағамыз туралы пікір айтқаныма аруағы кешірер.

Тұрлықожаның хатқа тұскені міне 80 жылдан кейін қозғауға тура келіп отыр.

Менің пайымдауша қазіргі егеменді ел болғалы көбейіп кеткен «білгіш» тарихшы, шежірелердің тарақ таңбалы он үш ата жалайырдың ру аталарының бабаларының қожадан басталатын шежіреден іздеу керек сияқты, оның да бірнеше нұсқасы бар, соның біреуіне ғана тоқталайық, Тұрлықожаға байланысты: Шұманақтан:

1. Қарақожа
2. Сұпіқожа

3. Ахметқожа
4. Тұрлықожа (Тұліқожа, Тұрдықожа)
5. Ханқожа

Халық ақыны атамыз өз дастанында Орақты батырды Шуманактың бір ұлы Тұрлықожа деуі, халық ақынына Бұрған колхозында тұрған нағашылары-көнекөз, абыз шежірешілердің айтуы да себеп болған сыңайлы. Осымен Тұрлықожага нүкте кояйық.

Бұған тағы қосарымыз қаламгер-ақын көп жылдары Талдықорған облыстық газетінде әдебиет бөлімін басқарған Нұрғали Омарқұл Орақты батыр туралы: «... Кейбір шежірешілер оны Алшағырдың әкесі Қарақожаға келіп, Қарақожаұлы Орақты батыр деп те атайды» деп жазған. (Омарқұл Н: Орақты батырды ойға алсак. Жерүйік 1995. 25 тамыз).

Тағы бір Қарақожа Орта жүз Арғынның да арғы атасы...

Ал «Нұрлы Көксу» (Көксу ауданы 11 09 2020) «Орақты батыр туралы ақыздар» басылған екен сонда Орақты батыр Қанқожаның ұлы деп жазылған, бұл Массагет KZ жастар порталының алынған екен.

Бұған тағы қосарымыз шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы 1776 жылы жазған кітабында Орақты Манақ ұлы және тоғыз баласы бар»— дейді (Қазбек бек Тауасарұлы Тұп-тұқиянан өзіме шейін Алматы Жалын 1993. 66-бет).

Енді батырдың үрпақтары шежірелерінің қай қожадан тарағанын өздері шеше жатар, бұған тағы айтарымыз қожа адам атына жалғасы қазактың үш жүзінің рұаталарын арасында тек арғын мен жалайырда бар. Қожа он үш ата жалайырдың шежіресінде өткен ғасырдың 70 жылдарынан бастап айтыла, жазыла бастады.

Орақты батыр Алшағырұлы жазылып қала бермек тек Алшағыр (Тұрлықожа) деп жазыла берсе демекпіз, бұл жеке менің пікірім.

Енді Ораз ағамыздың жазып қалдырган, өзі тараған Орақты батыр шежіресін келтірейік: Орақты-Жәнібек-Ақтау-Смайыл (бірінші) –Айбас-Даulet (бірінші)-Қырғызәлі-Әлсейт-Беймбет-Тоқтауыл-Төбе-Құлшымак-Жасыбай-Оңалбай-Смайыл (екінші) - Әліпқожа-Жамбыл-Даulet-(Жерүйық 8 қыркүйек 1995ж).

Бұл шежіре Орақты бабамыздың Қара қыпшақ Қобыландының қарындасы Қарлығаштан туған Жәнібектен тараған үрім бұтақтары.

Ал Әбілқайырдың қарындасы (кейбір деректерде ағасының қызы) Эйкен бегімнен туған Мырзаның ұрпақтары қайда деген сұрақтар туындейды.

Он үш ата жалайырдың бірі – Мырза осы Орақты Баһадүрден тарай ма деген тағы да бір ой келеді.

Халық ақыны Қалқаның анасы жалайырдың ноқтағасы Орақтыдан тараған және ақын өзінің батырға арнаған дастанында.

«... Алты ғасыр болдыма (Сызған - К. Н.)

*Қараталдың қойнына*

*Бүгін ырыс болды да.*

*Орақтыдан тараган*

*Екі колхоз адамы*

*Өткенде бір жырла*

*Менен бәрі қалады»* – дейді (Жапсарбаев Қ. Өлеңдер, айтыстар, дастандар. Құрас. Б. Адамбаев Алматы Казмем көркем әдебиет баспасы 1962. 105-бет).

Халық ақынының «екі колхоздың адамы» деуі өткен ғасырдың 60 жылдары гүлденіп тұрған Киров (Көксу) ауданының Бұрған мен көрші Женіс колхоздары Бұрған колхозында 99 пайзызы жалайырдың орақтылары тұрған. Бала кезімізде талай сөзге шебер шежіреші көпті көрген көпті билетін абыз аталар данагөй, батагөй қарияларды көргенбіз, әңгімелерін естігенбіз...

Тағы Қалқа ақынға оралайық. Орақты баба

туралы дастан жазуға Бұрғанның абыз ақсақалдары, шежірешілерінің айтуымен жазылған болуы керек.

Бұл дастандағы 1962 жылға дейінгі халық ақыны шығармаларында Орақты Тұрлықожаұлы деуін іздеу керек және дастанның кейбір жыр шумактары өзгертуге ұшырағандығы байқалады.

Орақты батырдың ұрпақтары тұрған Көксу ауданы Бұрған қолхозында өмір сүрген, жұмыс жасаған соңғы саңлақтардың бірі сөзге шебер көпті көрген, көп білетін шежіреші, батагой Орақты батырдың тікелей ұрпағы Сабырғали Демеубайұлымен (1926-2018 жж) 2017 жылы қыркүйек айында мен әдейі ізден Көксу ауданының Көксу бекетінде тұратын абыз ақсақалға барып әнгіме құрған болатынмын. Ол Бұрған қолхозының 1928жылы құрылғаны 1957 жылдары таралғаны, қолхоздың басшылары, тарихы туралы Орақты батырдың шежіресін тағы басқа әнгімелерін жазып алған едім. Бұл шежіресі ақсақал Орақты батырдың қожа жалғастығынан тарамайтындығын айтқан болатын.

Батыр бабамыздың өмір дерегіндегі тағы бір айтылмай келе жатқан белестері назар аударайық.

Эпостық батырлар мен қазақтың қаһарман батырларының тарихи дастандарында роман-повестерінде енген Орақты батырдың арғымақтарының аттары әр түрлі суретtelіп жазылған: Қалқа Жапсарбаев-Көксерке, Ораз Исмайлұ-Қостеңбіл, Шаяхмет Халыков-Көктенбіл, Әсбет Боранбаева-Шұбарқұс, Қобыланды эпосында –Көкалад, Жіңішке Жирен Жәнібек хан сыйлаған-Ақтабан атты арғымақтар аттары жазған.

Жақсы сенімді арғымақтар батырлар соғыс кезінде және басқада қыын қыстау уақытта батырдың адал серігі, аман-есен жаудан құтқаратындығы тарихта белгілі.

Енді тағы бір Орақты батырдың күрделі өмір дерегінің мәселесіне көңіл белейік. Ол оның өмір сүрген кезеңдері Орақты батыр 15 ғасырда өмір сүрген. Ал Ер Орақтыны

18 ғасырға әкеліп Ескелді би, Балпық би, Қаблиса (Қабан) жырау, Жолбарыс әулие тағы басқа жалайырдың тарихи тұлғаларымен бірге жүргендігі жазылды. Бұл туралы осы жолдың авторы өз алғашқы мақаласында қысқаша мәлімет берген еді. Бірақ осы мақаладан кейін Қаратал ауданы газетінің редакторы Асхат Өмірбаев өзінің «Ұлы батыр туралы» бір мақаласында албан Хангелді батыр (1705-1785жж) мен жалайыр Оракты батыры мен (1420-1501 жж) құда болыпты деп жазған. Бұл тағы да шындыққа жанаспайтын дерек.

Соңғы кездерде БАҚ-та жазушылар тарихи тұлғалар туралы аңыз-ертегі сияқты жаза беретін болды, оған «қой дейтін қожа, әй дейтін әже жок» сияқты.

Телеарнадағы портал, интернетten тарихи тұлғалар туралы мәліметтерден сақ болу керек, бұнда көбінесе ойдан құрылған дәлелсіз, дерексіз болжамдар айтылатындығы белгілі.

Тағы бір күрделі мәселеге көніл бөлейік, ол қаһарман батырдың соңғы өмірден озғаннан кейін жерленген жері. 1994 жылдан бері әруакты бабамыздың жерленген жері, Оракты төбе Балхаш ауданы «Жиделі» елді мекені деп айтылып, жазылып жүр.

Сонымен қатар 1995 жылы маусым айының 24 жүлдізында бейтіне Жетісудың ақ мәрмәрінен зәуләм есткерткіш орнатылды.

Сол жылдың қыркүйек айының 9 жүлдізында Көксу ауданындағы Алтыуайт жотасында батырдың туғанына 575 жыл толу құрметіне ас беріп, ат шаптырып, акындар айтысы, басқа да іс-шаралар өткізді.

Бұдан кейін де Баһадұр батырга арнап бұрында орындалмаған басқа да іш-шаралар өткізіле бастады.

Неге 1994-1995 жылдардан бұрын батырдың ұрпақтары жерленген жерін іздең, зерттеп, іш-шаралар өткізбеді деген занды сұрақ туындейды.

Жазушы Ораз Исмайлұлов Талдықорған облыстық

«Октябрь туы» газетінде (1984ж. 25 қаңтар) шыққан мақаласында Балқаш аудандық газеттінде жарияланған жылы, айы көрсетілмеген, З.Қиқынбаеваның кішігірім мақаласынан үзінді жариялапты, енді соған көніл бөлейік: «...Орақтың бір қарындасты мен анасынан басқа ешкімі болмаған. Әкесі қалмақтармен өткен қырғын соғыста қаза табады. Әкесіде ержүрек адам болған деседі. Орақ әкесі үшін қалмақтардан кек алуды әр кез арман етеді. Орақ талай ерлік жазайды. Ол ерліктері бүкіл елге аныз болып таралып жатады. Халық оны жақсы көрді. Қалмақтарға қарсы соғыста ол үнемі жеңіп отырған.

Дәм-тұзы таусылып, бұл дүниеден қайтқанда қастерлеп осы күнгі «Жиделі» совхозының бірінші және үшінші фермаларының аралығындағы кең татырдағы төбеле жерленіпті-міс. Бұл сол кезде қасиетті төбе атанған екен.

Аңызды ел аузынан жазып алған – З.Қиқымбаева».

Фольклоршы ағамыз өз мақаласында бұл көп сұрақ тудыратын жазбаны Гвардия ауданының Шоқан атындағы қолхоздың соғыз және еңбек ардагері, Орақты батырдың ұрпағы А.Абдрахманов «қөшіріп алған жазуын берді» дейді.

Жазушы Ораз ағамыз неге:

1. А.Абдрахмановтың есімін жазбаған және «қолдан қөшіріп алған жазуына» неге сенуіміз керек?.

2. З.Қиқынбаеваның мақаласы Балқаш аудандық газетте шыққандығын біліп ағамыз қазақ радиосының Талдықорған облысы бойынша меншікті тілші бола тұра неге Балқаш ауданын басшылары немесе редакция арқылы сол шыққан мақаланы сұрап алмады деген сұрақ тағы туындейді.

3. Мақаланы жазған З.Қиқынбаеваның ағамыз кім екенін анықтап, өзімен сөйлесіп мақаланы толық зерттеуге болатындығын тағы да айтпақпыз.

4. Мақала жазған З. Қиқымова «Орақтының қарындасты мен анасынан басқа ешкімі болмаған» деуі түсініксіз. Батырдың тоғызы ұлы қайда кеткен? Мырза, Андас ұлдары баспа бетінде жазылып жүр ғой.

Мен тарихшы ретінде З.Қиқынбаевың мақаласына сеніңкіремеймін. Себебі ол да бұл аңыздарды кімнен жазып алғандығын жазбаған. Бұл менің жеке пікірім.

«Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясында» Қызылорда облысындағы Шиелі ауданында Оқша-ата (Мерген ата) қорымы (кесенесі, мазары) Жалайырға кіретін Орақтының арғы Орақ батырдың лақап аты екен. Кейінгі ұрпактары оны әулие санап, атын тұра атамаған көрінеді»... деп жазылған. (ҚҰЭ 3 том, Алматы, 2001, 483-бет).

Бұл қазақ халқының бас сөздігі қаһарман Орақты бабамыз туралы, осылай хаттаса қуануымыз, мақтануымыз зерттеуіміз керек емес пе?

Оқша «Мерген ата» Ер Орақты бабамыз екендігіне өзім сенімдімін. Бұл әлі де зерттеуді керек етеді. Баба ұрпактары бұған зер салса екен демекпіз.

Енді қаһарман Орақты батыр есіміне қайта оралайық. Орақтанудың негізін қалаушылардың бірі Ораз ағамыз «Ойрат соғысының қаһарманы» мақаласында: **«Орак және Орақты есімді сегіз батыр болғанын байқаймыз»** (Сызған-К.Н) деп жазған (Жерүйік 8 қыркүйек 1995ж.). Бірақ жазушы олардың аты-жөнін жазбаған.

Қарымды қаламгер Серік Әбікенұлы Орақты бабасы туралы өзінің мақаласында 4 Орақты аттас адамдарды келтірген:

1. Орақ батыр Мұсаұлы (17 ғасыр)
2. Орақ қазалық батыр (18-19 ғасыр)
3. Орақ Байдалдаұлы (19 ғасыр)
4. Орақ Алшағырұлы (15 ғасыр)

Осы жолдың авторы:

5. Орақ шешен (Арғын)

6. Орақ батыр (Арғын - Қарауыл)

7. Орақ Манақұлы (600-691жж)

8. Оракты батыр (Қоңырат 15 ғасыр)

Іздей берсек тағы да Оракты аттас есімдер табылып қалар...

Ал Оракты Баһадұрдің әкесі Алшағыр (Әлшәгір) аттастар:

1. Алшағыр Едігеұлы (Ноғайлы)

2. Алшағыр шешен (Арғын)

3. Алшағыр қалмақ ханы

4. Алшағыр Бозайұлы (Сіргелі)

5. Алшағыр (Жалайыр)

Енді тағы да көп сұрақ тудыратын мәселеге көніл бөлейік. Ол Оракты батырдан тараған Андас туралы. Қазбек бек Таусарұлы өзінің 1776 жылы жазған «Тұптұқыяннан өзіне шейін» деген естелік-шежіре кітabyнда (Алматы, Жалын 1993): «...Орактыдан 9 бала (сонда 66-бет) жалайырдан – Оракты, оның ішінде Андастан тарайтын (сонда 95-бет). Алғашқы шоғыншы Жалайыр-Бәйшегір Мөңке деген жігіт андас тұқымнан болатын (сонда 286-287-бет) делінген Шапырашты-Асыл Қазыбек бек шежіресінде.

Алғашқы 9 ұлды Баһадұр Оракты басқа да деректемелерінде жазылған.

Екінші Андас Орактыдан тарағандығын бұл еңбектен білдік.

Үшінші Бәйшегір Мөңке бұл он үш ата Жалайырдың бір ірі ру атасы. Ол қалай Андас тұқымынан екендігі белгісіз?

Бұған тағы қосарымыз биыл Бәйшегір бабамыздың (1370-1457жж) туғанына 650 жыл толып отыр. БАҚ-та да бір-екі мақала жарияланды.

Бұндай кереғар пікірлер көптеп кездеседі бұл еңбекте.

Ал белгілі жазушы Илияс Есенберлин өзінің «Көшпендейлер» трилогиясының бірінші кітабы «Алмас

қылышта» Орақ батыр туралы бірнеше бетте жазған. Бірақ оның әкесінің аты, тегі анықталып жазылмаған.

Белгілі Қараталдық өлкетанушы Жақан Балшен-тегі бабамыз қаһарман Орақты Манақұлының туған қайтыс болған жылдарын 600-691 жж деп жазған екен.

Тағы бір мәселеге көніл бөлейік. Ел үшін жер үшін жаңын аямаған орта ғасырлық Орақты батыр бабамыздың қолда бар әр түрлі бес бейнесі, портреті немесе суретінің әлі күнге дейін біреуін ғана таңдап, ұрпақтарының сана-сына әлі де сініре алмай келе жатқанымыз өте өкінішті.

Ер Орақты бабамыз туралы аңыз бер ақиқатты әлі де келтіруге болатын еді, бірақ бұл мәселені созылмай қысқартуға жөн көрдік.

Енді қаһарман Орақты ұрпақтарының шежірелеріне аз да болса қайтадан көніл бөлейік. Жер жаннаты Жетісу өнірінің айтыскер ақыны, жыршысы, шежірешісі Әбікен Сарыбаевтың (1926-1988 жж) өзінің аталарының шежіресі туралы «Туғаным туралы» өлеңін қысқартпай бергенді жөн көрдік:

*Рұым айдынды Орақ, тاما Таңат,  
Өлеңді айтушы едім. жұндей сабап.  
Екпіндеңі топ ішине кіргенімде,  
Тұрады екі иықта екі аруақ.*

*Түп нағашым Жолбарыс Күшік елі,  
Жылқайдар аудисан шыққан жері.  
Рұым Жалаїырда айбынды Орақ  
Ақын бол, көпке үлгі болдым сері.*

*Эжеміз Өлмесектен тарапамыз,  
Даныштан бір ауылдың үлкен белі.  
Баласы Сарыбай да мықты болған,  
Өзінің қатарында болмай теңі.*

*Өз анам Несітбала Жаныс еді,  
Білгенге ешқайсының жоқ қой кемі.  
Қосағым құдай қосқан Разиха,  
Жолбы би Таймекенкенің үлкендері.*

*Сөйлесем тоты құстай қанат қазып,  
Ақыннан сөз қала ма аргы-бергі.  
Ұқсан ұқ, ұқпасаң қой, өздерің біл,  
Осылай Сарыбаевтың шыққан тегі.*

(Жыр жүйрігі - Эбікен,/ Шығармалар, айтыстар, зерттеу мақалалар/. Құрастырып, бастырған: Серік Эбікенұлы, - Алматы, «Асаба» баспасы, 2016-18-бет)

Тарақ таңбалы 13 ата Жалайырдың бір атасы ноқта агасы Оракты батырдың шежіресін аз да болса X. Арғынбаев, М. Мұқанов, В. Востров, Р. Толқымбеков, Д. Жаксылықов, Әлішпановтар, «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы т.б. құрастырылған шежіреде барлығы белгілі, бірақ осы күнге дейін жеке толық ноқта агасы Оракты шежіресі құрастырылып шыққан жоқ.

Тек биыл бабамыздың туғанына 600 жыл толуына байланысты «Оракты батыр» атты 300 беттен тұратын түрлі-түсті Алматы облысының әкімі А. F. Баталовтың қолдауымен «Жетісу» сериясымен шығарылған кітапта ақын Эбікен Сарыбайұлының шежіресі 19 беттен тұратын Қүренбел (Кербұлак) өнірінде тұратын Орактылар шежіресін құрастырып енгізіпті. Әріне, бұл шежіренің қателері және кемшіліктері бола тұrsa да, өте құптарлы жаңалық. Тек бұған батыр ұрпақтары жалғастырып, толықтырып, шежіресін шығарса деген ұсыныс бар.

Тек тарақ таңбалы жалайырдың 13 ру-аталардан тұратының тағы айтпақпыз, шежіренің 185-86 бетінде 12 ата деп көрсетілген, мырзаны «ұмытып» кетіпті...

Осы жолдың авторы жалайыр тарихының тамыршысы Ораз Исмайилов ағамызға бірнеше рет орактылардың

шежіресін жинап, құрастырып шыгарсаныз деген едім, бірақ бұл тек сөз жүзінде ғана калды...

Биыл әлем халқы короновирус пен пневмония деген 16 наурыздан бастап жаман індекте ұшырап отыр.

Талай тарихи тағлымды жобаланған мерейлі мерекелі шаралар өтпей жатыр. Жылдағыдай 3-4 мерекені «оптом» өткізіп ғүрілдеп-дүрілдеп жатушы едік, тірі адамға тіршілік қымбат қой, сондықтан ел аман жүрттыныш болғандығын тілейміз. «Сактықта қорлық жок» демекші, сақтануымыз керек. Айтылған режимді міндетті түрде орындағанымыз жөн болар.

Биыл сол мерейлі мерекелі тойлардың бірі қазақтың хас батыры Жалайыр Орақты Алшағырулұның (1420-1501жж.) туғанына 600 жыл толып отыр.

«Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, ел тегі алсын қайдан кеменгерді» деген еken құларгер ақын Ілияс Жансұгіров.

Ұрпақтары биыл 16 ақпанда Баһадүр бабаға арнап Сарыөзек кентінде республикада тұратын ұрпақтары шақырылып, ас берілді. Батырға арналған іс-шаралар талқыланды.

Бабамызға ескерткіш орнату, деректі фильм түсіру, кітап, күнтізбе шығару сынды жұмыстармен қатар, батырдың басында дұлығасы бар түрлі-түсті суреті таныстырылды, қор құрылды.

Мақала соңында баба ұрпағы ретінде бір ұсыныс бар қазақтың елі мен қасиетті жері, елі үшін ерлік көрсетіп бүкіл өмірін арнап, жанын қиған ұлы тұлғалардың бірі әрі бірегейі хас батырдың есімін ардақтап өзіне мәңгілік топырақ бүйірған Балқаш ауданына Орақты батыр атын беруіміз керек, бұны жер жәннаты Жетісудың жұршылығы да қолдайды деп есептеймін.

Орақты батыр ол тек қазақтың аға тайпасы атанған, Ұлы жүздің нокта ағасы, он үш ата жалайырдың баты-

ры ғана емес, ол алты алаштың қаһарман батыры қазак хандығының негізін қалаушылардың бірі, қазақтың хас батырларының бірі.

Ұрпақтары өсіп-өніп, егемендікке жеткендігін айтпақпыз, биыл бабамыздың 600 жылдығын әруақ үшін, қазақ үшін, келешек ұрпақ үшін ұлы батырды мәңгілік есте қалдыру бұл – ұрпақ өтініші деп санауымыз керек сияқты.

Замандар өтер ұрпақтар алмасар бірақ орта ғасырда өмір сүрген Орақты батыр қазақ тарихында мәңгі қала бермек.

Ескерту: бұл зерттеу «Алатау» қоғамдық-саяси газетінде 3-10 сөуір, 2, 9, 16 қазан 2020 жылы басылып шыққан, «Орақты батыр» кітабына тек алғашқы үш бөлімі ғана енген (145-159 бет).

## **СӨЗ СОНЫ**

Тірі адам тіршілігін жасап, 2020 жыл да өтіп барады. Бұл жыл әлемге жойқын алапат алып келген жыл болды. Коронавирус пен пневмониядан талай қазақтың белгілі, беделді, беткеұстар ұл-қыздары өмірден озды.

Жылда дүрілдетіп өткізетін талай тарихи тұлғалардың, отан тарихына байланысты мерекелері бұл індеге байланысты онлайн көлемінде ғана, белгіленген мөлшердегі адамдармен ғана өтті.

Соның бірі қазақ хандығының негізін қалаушылардың бірі, елін, жерін жат жүрттан қорғаған хас батырлардың бірі Жалайыр Орақты Алшағырұлының (1420-1501 жж) туғанына 600 жыл толып еди.

Жылдың басында баба ұрпақтары Қазақстанда және шетелде тұратын баба үрім-бұтақтарын шақырып ас берді. Іс-шаралар белгіленді. Қор күрылды.

... Есімі ел есіндегі ержүрек бабамыздың еске алу ұлықтау үшін не істедік?

1. Сәкен Сейфулин атындағы облыстық кітапханасында қазан айында «Орақты батыр» атты 300 беттен тұратын кітаптың тұсаукесері өтті. Кітап туралы оқырман қауым өз пікірін білдіре жатар.

2. Тұңғыш рет казан айында Алматы облысында Биекен Римова атындағы драма театрында «Орақты батыр» тарихи драмасының премьерасы өтті, қоюшы-режиссер F. Мұсрепов атындағы балалар және жасөспірімдер театрының актері Ерлан Кәрібаев, пьесаны жазған журналист-жазушы Серік Сарыбаев.

3. Жетісудың белгілі ақыны, термеші, сазгер Төлеужан Гұмаров «Орақты батыр» поэмасы «Көксу өңірі», «Алатай» газеттерінде басылды.

Белгісіз себептерден жобаланған ержүрек баба батырымыздың ескерткіші орнатылмады.

«Жетісу» телеарнасында бұдан бірнеше жыл

дайындалған «Орақты батыр» деректі телесериалі өндөліп көрсетілмеді.

Облыстық, аудандық газеттерде баһадүр бабамызған арналған мақалалар, өлеңдер басылмады. Онлайн-мен жазба ақындар мүшэйрасы ұйымдастырылмады, конференция өтпелі. Қаһарман бабамыздың туғанына 575 жыл толуына арналған тек 1995 жылы облыс, аудан газеттерінде 20-ға жуық арнайы мақалалар жарияланғандығын еске салған жөн болар. Бұны ұйымдастырған көрнекті қаламгер, батырдың ұрпағы Ораз Исмайылов ағамыздың еңбекі зор еді. Барлық іс-шараларына көп еңбек сінірген. Ол қолдаушыларды да, демеушілерді де, ақын-жазушыларды да т.б. өзі күн-түн демей ұйымдастырып отырғандығы есімізде...

Биыл ұлы бабамыздың мерейлі іс-шараларын ұйымдастырушысы бір беделді ұрпағы табылмағанына өкінесің...

Әншнейінде сөз бермейтін, той-думанда, жында орын бермейтін көсемдер мен зиялыштар, білгіш шежірешілер, тарихшылар мен ақын-жазушылар биыл неге үндемеді, қолына неге қалам алмады деген сұрақ мазалайды.

Әруақты, қасиетті ержүрек қазақтың аға тайпасы, ұлы жүздің ноқта ағасы, 13 ата тарақ таңбалы жалайыр «ноқта ағасы» атанған Орақты батырдың жол біздікі деп қеудесін қағып жүретін ұрпақтары да неге үнсіз, атсалыспады деген сұрақтар тағы да көнілден кетпейді.

Мен БАҚ-та Балқаш ауданына Орақты бабамыздың есімін беруді жазып едім, ол да үнсіз, қолдаусыз қалды.

Замандар өтер, ұрпақтар алмасар, бірақ хас батыр Орақты бабамыздың аты ұрпақтар барда ешуақыт ұмытылмайды. Талай есте қалатын іс-шаралар әлі де өтетініне сенімдеміз.

Ел аман, жұрт тыныш болса, қазақ елі құрыштай бекіп, елдігіміз нығая берсе, қаһарман батырдың ұрпағы өсіп, өрісі кеңең берсе екен демекпіз, ағайын!

**Серік Әбікенұлы  
журналист, жазушы**

## **ОРАҚТЫ БАТЫР**

### **Қатысушылар:**

Орақты батыр,  
Алшағыр – батырдың экесі,  
Қамқа – анасы,  
Әбілқайыр хан,  
Аққозы – Әбілқайырдың қарындасы,  
Андас, Бәйшегір, Сыршы, Мырза – батырдың бау-  
ырлары,  
Жолбарыс – жыршы  
Жәнібек пен Керей – қазақ хандары,  
Болат би – Әбілқайырдың төбе биі,  
Қожақ – Аққозының нөкері,  
Жәдігөй - зәлім,  
Ақсақалдар, қыз-жігіттер

### **1-ШІ КӨРІНІС:**

Жыршы:  
Әй, сөйлейін, халқым сөйлейін,  
Тандайымның бағы бар,  
Алқалаған елім бар,  
Алаш деген төрім бар,  
Іште тынған, алашым,  
Қалың-дағы шерің бар,  
Өзекке түскен жегің бар,  
Сенің қамың ойлаған,  
Сұлтанменен бегің бар,  
Бес қаруын сайлаған,  
Басын бәске байлаған,  
Талай-талай ерің бар.  
Соның бірі Ер Орак,

Он бесінде аттанып,  
Дұшпаның қойдай ықтырған,  
Қызылбастай жауыңа,  
Қазақтың зорын ұқтырған.  
Кобыландыны бас қылып,  
Қырлы, Сырлы жаулаған,  
Қазан үшін шайқаста,  
Мандайдан тері саулаған,  
Алысқан аман қалмаған,  
Шайқаста қары талмаған,  
Оракқа тура келгеннің,  
Бағы тайып сорлаған.  
Батыры бар бұл қазак,  
Алдаспандай ел еді,  
Жаудың шеті көрінсе,  
Орак қайда дер еді.  
Анда жүріп сол Орак,  
Бір ғажайып көреді,  
Алтын күйме ішінде  
Хас сұлудың өзі еді,  
Алма мойын, аршын төс,  
Қос қарақат көзі еді...

## 2-ШІ КӨРІНІС

Садағын оңтайлаған Орак батыр әлдебір құсты андып тас түбінде бұқпантайлап жатады. Енді көздей бергенде сықылықтаған қыз-келіншектердің даусы шығып, құс пыр ете қалады.

Орак: (көтеріледі) – Қап, оңтайы келген олжамнан қаққан бұлар кім болды?

Осы кезде жартас тасасынан бір топ қыз сықылықташ шыға келеді.

Орак: (қабақ шытып) – Эй, өңшең шуылдақ, құла түзде неғып жүрген жансыңдар?

Кем иектеу бір қыз(сәл алға шығып): – Апырай, бір тауықтан айырылдым деп бұртиған түрін қара.

2-қыз: (сықылықтай күледі) – Ашуланып тұр, қылышымен турап тастап жүрмесін. Қатын шапқан қаһарман атанайын деп жүрген біреу ғой мынау.

Орақты (сәл ұмтылып) – Тілдерінді суырып алатын екен...

Осы кезде домаландап Қожақ жүгіріп шығады да қыздардың алдына қылышын оңтайладап тұра қалады.

Қожақ: – Кәне, кәне, күшік! Кімнің тілін суырмақсын, ә?

Орақты: (куліп) – Өй-дәй, батырекесі сұзының жаман ғой, қорқытпаңыз

Қожақ: – Ә, күшік, мазақ керек пе саған. Кәне, бері кел.

(Тап береді. Орақты айнала қашып, ұстаптай, бір мезетте Қожақтың сыртына шығып желкеден ұстап, алып соғады да, үстіне отырып алады.)

Қожақ: – Жібер, жібер деймін, иттің ғана баласы.

Аққозы (қыздардың тасасынан шығып) – Жіберіңіз!

Орақ (баяу орнынан көтеріледі) – Бісімілла, Періште ме, пері ме мынау...

Аққозы: Жіберіңіз дедім!

Орақ: – Қалқаш-ау, мен ешкімді ұстап тұрған жоқпын, (Қожақты демейді) Батыр аға, тұрыңыз. (Қожақ домаландап әзер тұрады)

Аққозы: Бұл қай мазағыңыз, батыр, басынғаныңыз ба, әлде асқандығыңыз ба?

Орақ: Бейқам жанға тап берген батырмен алысқаным айып па, періштем?

Аққозы: Періштем... Мына кейіпіңізben иықтағы ба-спен қош айтисатын кезіңіз таяу сынды. Абайлаңыз...

Орақ: Әміріңе құлдық. Әйтеуір бәйгіге тігілген бас кой, сіздей сұлу үшін алынса арманы жок.

1-қыз: Пішту, көргенсіз.

2- қыз: Тұріне қарамай төбедегі айға қол созған сиқпытаң қара

3-қыз. Өлтін бала молаға қарай жүгіреді деуші ме еді... (ду күледі)

1-қыз: Қой, кетейік, мынаған дауа жок.

Орақ (бұрылып кете берген Аққозыға) Тоқташы.

(Қарамайды. Қыздар кетіп қалады.)

Орақ (олардың сонына ілесе берген Қожаққа жармасады): Айналайын, ағатай, айта қойшы, бұл кім? Кімнің қызы?

Қожақ (ернін сылпитып, мұрнын шүйіреді): Тұрған жерінде жерге қазық қылыш қағып жіберейін бе, сорыңды ұрайын. Қапыда кеттім, әйтпегенде.... Орақ: Ағатай, кешірші, сіздей алыппен алысу біздей жасқа ертелеу әлі. Расында мана байқамай қалдыңыз. Денеңіз зілдей екен. Шамасы балуансыз-ау деймін? Ініңіздің бір еркелігін кешіріңіз, ағасы. (белбеуінен қынды кездігін шешіп бұжырға ұсынды) Алыңыз, інілік ізет болсын.

Қожақ (марқайып) : Е, жөн білгеніңе рақмет. Ныспың кім?

Орақты: Алшағыр батырдың баласы Орақты боламын, ағасы.

Қожақ (ойланып): Естігем, естігем.... Даңқты әкенің құлжа сақасындағы ұлдары бар деуші еді соның бірі екенсің ғой, қарағым. Менің есімім –Қожақ. Эбілхайыр ханның жалғыз қарындасы Аққозының күзетшісімін. Жаңағы сен көрген қыздың.. (кеткен топтың сонынан асығады) Аман бол, інім. Кезінде қозы бағып, табанын шөңге тілімдеген жетім балаға әкеңнің шапағаты тиіп еді, уақыты келсе соның өтеуін кімге қайтаратынымды білдім...(жүгіріп кетеді)

Орақ: Құла тұзден мұндай құралайды ұшыратамын деп кім ойлаған, әкем-ау.

### **3-КӨРІНІС.**

Жыршы:

Құлан міnez қазаққа,  
Аран құрған күн туды,  
Қыран міnez қазақты,  
Дауыл ұрған күн туды.  
Сейілтем деп бұлтыңды,  
Анталаған дұшпанға,  
Көрсетпен деп сыртымды,  
Тілермін деп ұртыңды,  
Ерлер алға ұмтылды.  
Саспа, елім, саспа деп  
Шіл боғындай шашпа деп,  
Алашын сүйер азамат,  
Тірлікке бізді баста деп,  
Бірлікке бізді баста деп.  
Билер алға ұмтылды.  
Алшағыр батыр бар еді,  
Он екі ұлы батырдың,  
Ел үшін туған нар еді.  
Алшағырдай еріңінің  
Қабағы қыран қияғы,  
Оракты батыр атақты,  
Сол Алшағыр тұяғы.  
Асып туған Алшағыр,  
Ел шетіне жау келсе,  
Үйіне қалай сияды,  
Шабарман жолдал жан-жаққа,  
Ақсақалды жияды...

Алшағырдың отауы. Дастанқан басында үш-төрт ақсақал отыр. Қамқа тостаған ұзатып отыр.

1- ақсақал: Батырекесі, мына оңтүстігімізді ала қонған ағайынның ниеті бұзылып барады кейінгі уақытта. Тұтас қазақты тұлдырысыз қалдырам дегендей жер біткенді бүріп жатыр.

2-аксақал. Е-е, ел іші де бұлініп тұр ғой. Бірлік кетіп шіл боғындей бытырап барамыз... Ханның да қабағы кату.

Алшағыр:

– Жөн айтасындар, қарттарым. Шығыста күн тұтылып, батыста бұршақ жауып жан қысылған заман болды. Орыс ханның ұрпағы Жәнібек пен Керейдің бір ойлағаны бар екен. Даладан маза кеткенде сайғақ міnez қазақтың ауа көшетіні бар еді...

3-аксақал:

– Оның рас, Алшағыр батыр. Елдің шеті септінегі ба-стады. Қалмақпенен шабысып, Әбілқайырмен алысып бордай тозды. Дүйім ел өзіне қарап отыр.

Алшағыр:

– Жалғыз көтере алмас жүк болады, әлі талай кеңес құрармыз. Шудың арғы бетінде біраз ағайын бар, өзектен тебе қоймас.

Қамқа:

– Көшкен ауылдардың көбі шапқыншылыққа ұшырап жатыр екен. Монголстан бір, ойрат екі шауып, Әбілқайыр жонын тіліп әбден тозды-ау бұл сорлы ел.

Алшағыр:

– Жә. Алты алаш аға еткен соң бізге артылған үміт зор. Халқы тозғанын көріп түзелмесе Әбілқайыр ханның көрсөкүр болғаны. Онда амал жок. Тәнірім тілеуін берген елміз ғой, бұл аласапыраннан да аман өтерміз

Ақсақалдар:

– Әумин. Айтқаның келсін, батыр.

#### 4-КӨРІНІС

Той үсті.

Жаршы:

Уай, ағайын, ағайын! Әбілқайыр хан ием, Құдай

сүйген паң ием, Алты алашты шақырып, Бабасына ас беред.

Ту биені сойдырып, төменгі елді тойдырмак, жорға бие сойдырып, жоғарғы елге қойдырмак!

Қымызбенен шұбатың өзен болып ағады. Босағадағы құтан да шала тойып қалады. Келіңіздер, хан мәрттігін көріңіздер!

Палуанға бір тоғыз, айтыскерге бір тоғыз, әншіңізге бір тоғыз! Алған жанның бағы бар. Сұрмергенге бұйырар сом алтыны тағы бар!

Осы жолы аламан күншілік жерден болады, озып келген қылқұйрық жүздей қара алады.

Есектейін шабаның шаң ішінде қалады, бәйгеге қосар жылқыны сынаңыздар шамалы. Орта жолда құласа иесіне болар обалы.

Уай, ағайын, келіңіздер!

Тақ маңы.

Керей, Жәнібек сұлтандар Әбілқайырға амандасады.

– Ассалау мағалейкүм!

– Ұағалейкүм, қос қабыланым. Төрлетіндер.

Керей (отырады) : Төрінде шалқайып отыру үшін емес, түпкі ойынды білу үшін келдім, Әбілқайыр хан. Мәуренахрағы өз ағайыныңа сыймай келіп Дешті қыпшақтың төрін дүркіреткенің жөн болсын.

Әбілқайыр хан (қарқылданап күледі):

– Ә, екі сұлтан, мына ұлыс тарлық етіп, азуларың ақсиып келіпсіндер ғой. (ызбарланып) Асқынып сөйлерде абайлаған да жөн болар.

Керей:

– Айтысу үшін емес, ақылдасу үшін келдік, хан ием. Алдыңнан өтейік. Ләшкерлерің елдің апшысын қуырып барады, сұғанақ иттей әр ауылға сұғынып, тонап жүр. Қол астындағы еліңнің амандығынды ойласаң осыны

тоқтат, хан ием. Мына тойындағы судай акқан қымызға алаштың көз жасы, қызыл қаны араласқан.

Әбілқайыр:

– Жә, хан қараға күн болу үшін, қара ханға құл болу үшін жаралған. Көр-жерді әңгіме етіп, шырқымызды бұзбаңдар. Отырам десен төр әне, кетем десен жол әне.

Жәнібек:

– Жол деймісің, хан ием. Жөнін айтқанның бәрін қуа берсек айналада адам қалмас. Ойланыңыз. Елді ойлаңыз?!

Хан қолын көтереді.

Әбілқайыр:

– Доғарындар! Хан алдындағы мына істерің үшін қылыш орнына таяқ, қамшы орнына қурай ұстарат едім. Бабамыз Жошының әруағынан қорқып отырмын. Оның үстіне кедей-кепшікке бола Ұлы Шыңғыс ұрпақтары шайнасып жатыр деген жақсы емес, (куледі) болмасты сөз етпей, барындар.

Керей (куйініп):

– Мейлің, Жошы балаларының жолы қақ айырылған тұс осы болды де, Әбілқайыр хан. Кеттік.

Әбілқайыр (сондарынан қарап, Жәдігөйге сыйырлайды):

– Мына екеуінің адымын аштырмандар. Тәубесіне келтірермін.

Жыршы:

Ел билеген сол кезде,  
Әбілқайыр хан еді.  
Мейірімге зар еді,  
Мінезіне ол ханың,  
Қалың қазақ таң еді.  
Айтқанына көнбесен,  
Айтағына жүрмесен,  
Тілегені қан еді.

Қын сэтте сол ханың,  
Топаланда той жасап,  
Бабасына ас берді,  
Қазақ үй қатар тігілді,  
Іргесі түгел түрілді.  
Бәйгеге қырық тігілді,  
Қонақасы сойылды,  
Қымызы судай төгілді.  
Айла жасап хан ием,  
Қарадан биді хош көрді,  
Елді бері бұрап деп,  
Ақсақал аузын алмаққа,  
Алдына тартып бас берді.  
Алшағыр бастап бұл тойға,  
Жалайыр түгел барады,  
Төрден орын алады.  
Орақты жүр жағалап,  
Атқа шабар баланы,  
Іштей дұға етеді,  
Жылқы екен жүздей қаралы,  
Хан қосты қара тұлпарын,  
Қараға Орақ қарады.  
Тұяқтан мінін табады.  
Ақбақайы жарап тұр,  
Бұйырса талмай шабады,  
Бұл олжалы болады.  
Күндікке кетті көп жүйрік,  
Тартылды тойдың табағы,  
Мергендер шықты ортағы,  
Әзір-ақ екен садағы,  
Алтын жамбы биқте  
Нысанага алады.  
Желмен ойнап жамбысы,  
Жебе сыртқа лағады,  
Атпаған мерген қамады,

Осы кезде Ер Орак,  
Ортаға таман барады,  
Сынақ деп мұның шамалы,  
Көпке күле қарады.  
Болат үшты жебесін,  
Қозыжаурын алады.  
Адырнасы дірілдеп,  
Атқан оғы зуылдап,  
Жамбыны қақ жарады.  
Мұлт жібермес көзі деп,  
Нағыз ердің өзі деп  
Сүйініп Қозы қарады.  
Қыз жанары жарқ етті,  
Еріп Орак барады.  
Аттың шаңы көрінді,  
Хан үзіле қарады,  
Алда қылаң келеді,  
Оқ бойы тастап қараны,  
Жамандатқыр Ақбакай,  
Екілене шабады,  
Арам қатқыр Ақбакай,  
Қара үзіп барады,  
Бақтиярлап жалайыр  
Жарады, деді Жарады!  
Осы жолы бәйгені  
Орақты батыр алады.  
Қырық кетті уыстан,  
Ашылмады хан қабағы...

## 5-КӨРІНІС

Дала. Кеш. Қожақ кемиек қызбен сөйлесіп, сыбырласып тұр. Әріректе Орак пен Аққозы.

Орак: – Еркем...

Аққозы: – Батыр.

Орак: Еркем, өзінді көргеннен беріде үйқы қашты.

Кездесіп, қоштасқан сайын мына жарық дүние бір орнында тұрып қалғандай күй кешемін. Әр күн, әр түн өзер жылжиды. Сен мендік, мен сендік болып ғұмыр кешер заман туар ме екен?

Аққозы: Арыстаным, сіздің данқынызға бұрыннан қанық едім. Алысқан жауын қоймаған айбынды Орақ батырды бір көрсем деп армандаушы едім. Көрдім. Енді осы батырға ерсем деп армандаймын.

Орақ: Қайт дейсің, қалқам? Не амал істейін? Ағаңың дерті асқынып тұр, мына қазақты ел демейді. Бар байлығы еркіндігі мен алдаспаны болған жігітке қарындасын бере қоя ма екен?

Аққозы (көзін төмен салып): Тағдырым сіздің қолынызда.

Орақ (иегінен көтереді): Мұңайма, Қозым, мұңайма. Қанша жерден хан болса да алаш ардақтаған Алшағыр батырдың ұлына өктемдік жасай қоймас. Баармыз. Берер. Берсе қолынан, бермесе жолынан алармыз.

Аққозы: Ханның құрығы ұзын, құтқармайды.

Оракты (қарқылдап күледі): Бұғалық салса мойныма бытырлатып үзөрмін, шідер салса аяқта алмасыммен тілермін.

Қожақ: Ойбай! Кеп қалды!

(Бір топ нөкер сау ете қалады. Оларды жәдігөй бастап шығады.)

Жәдігөй: Ұстандар мыналарды!

(тап береді. Оракты екі-үшеуін атып ұрады да қылышын суырады. Нөкердің бірі қызды ұстап алады)

Жәдігөй: Орақ батыр! Өзің құтылып, қыз масқара болсын демесең, беріл.

Оракты: Бұралқы иттей тіміскіленген сорлы! Сенің лаңың ғой мынау. Бастарыңды допша қағайын.

Жәдігөй (нөкерлердің тасасына тығылып): Тоқта батыр! Хан ием: қарабет еткен Аққозының да сұрауы жоқ

деген. Берілмесен, жанын жаһаннамға жіберемін. (нөкер қылышын Аққозының тамағына тақайды).

Орақты ойланып тұрып, қылышын тастай салады. Нөкерлер лап беріп, қолын қайырып байлап алып кетеді.

## 6-КӨРІНІС.

Хан ордасы. Тақ. Хан отыр. Құзетшілер. Оң жағында Жәдігөй тұр.

Нөкер кіреді.

Нөкер: Хан ием, Алшағыр батыр келіп тұр.

Хан: Келсін

(Алшағыр батыр бастаған топ кіреді. Ұлдарымен алшайып тұра қалады. Алшағыр қеудесін қолына қойып, бас иген болды)

Алшағыр: Датым бар, Әбілқайыр хан!

Жәдігөй: Хан алдына кіргенде тізе бүтер болар! Датты содан кейін айтарсың...

Алшағыр(жақтырмайды): Алдымен кіріп артымен шығатындар ханнан бұрын сөйлесе бұл ордадан береke кеткен екен. Тізесі көң болған сен сорлыда ісім жоқ. Бері қара Әбілқайыр хан!

Жәдігөй: Хан ием де, көргенсіз.

Алшағыр: Сүйек тастағандар арасынан ие іздейтін иттердің санатынан емеспін, ал хан елге ие болғаннан қалғалы қашан. Тозағына шыдаған мынандай елі бар бұл ханың бағы бес елі. Алдындағы малын, қойнындағы жарын алса да шыдады. Ақылға келер деуші едім, болмады. Алшағырдың алдына шәуілдегін қойса бұл ханың шынымен-ақ асқынған екен, алты алаш кімді ардақ тұтатынын ұмытқан екен. Уа, Әбілқайыр, бермен қара!

(Әбілқайыр тұнеріп отыра береді)

Алшағыр: Айдын көлдің үстінде аққу құсың жүзіп жүр, ақсұңқардың көңілін сол сұл құс бұзып жүр. Ен даланың төсінде алтын басты ақ елік асыр салып ойнап жүр, Алатауда өр көкжал сол елікті ойладап жүр.

Махаббат деген жұмак бақ алабұртқан балаға, сезіміне шоқ түспей келмес жасың тобаға. Сол баланы мата-тып, Әбілқайыр, онбассың, жүрегің қара тас бопты, сен ұзаққа бармассың.

Жәдігөй: Тарт тілінді.

Әбілқайыр: Жә! Айтсын!

Алшағыр: Алты алашқа хан болар ақыл жетсе сен едің, алты алашқа ес болған ежелгіден мен едім. От ба-сыпты екі жас, мұнысы не демедің. Қол-аяғын бұратып, зынданға салып жылатып, дайын екен көгенің. Осы істің ей ханым, есесі қайтпас дедің бе, алшайып тұрып Алшағыр сөзін айтпас дедің бе? Азынаған айғырға қайырылар байтал табылар, қарындасында шаруам жоқ, қуырып же! Ұлымды бер!

Әбілқайыр: Тәйт! Мәпелеген баршынды байтал дедің бе? Обалың өзіңе! Хан тұқымына қол салғанның жаза-сын өзің білесің, жауабым осы! Жөнінді тап, Алшағыр батыр.

Алшағыр: Елдің есі екеу, түсі төртеу болып, күн жеген шыттай сетінеп бара жатқан уақытта мына астамдығың алдыңдан шығар, Әбілқайыр хан.

Әбілқайыр: Елді сақтаймын деп жалғыз қарындасымды жалшыға берейін бе, ә, Алшағыр? Әй, көзінді аш, менің теңім сен бе, едің? Айдындағы

аққу құс қасына қарға қона алмас, алтын басты ақ елік қарсаққа жем бола алмас. Асыл затты бекзатым құлдың теңі болмайды.

(Алшағырдың ту сыртында тұрған жігіттер:

– Не дейді.

– Асқан екен деп алға ұмсынады, батыр оң қолын көтеріп тоқтатады.)

Алшағыр (мырс етеді): Алты сан алаштың ноқтағасын тілдей бастасаң, ардақтыларын құл дей бастасаң күнің біткен екен, шайбанның тұқымы. Бер-

мен қара! Ей, такыр хан, аспа сен, ер көнілін баспа сен, қартта болсам

бұлқынып, қылыш сермер күшім бар, алақтамай жән қара, он екі қылыш тісім бар, бел сындыраң зілім бар, он екі көкжал ұлым бар. Ойлан, хан, қалың жатқан жарайымен дос болғанның бағы бар, оны егер аз десен іргеге қонған дулат пен ордалы найман тағы бар. Құрқол емес Алшағыр, албан суан егіз оқ – көбебұзар жәні бар. Сол алаштың баласы артық туған Оракты үшін дәл қазір ордаңның алдына келіп тұр. Жастың қанын төкпес деп саған ханым сеніп тұр. Оған көнбесең тұрысар жерінді айт, баламның басы домалаған күні сенің тағың шайқалады, Әбілқайыр. Сөзіме сенбесең көзің шыққыр Жәдігөй, сыртқа шығып көріп кел!

(Жәдігөй алақтап далаға үңіледі, сүріне қабына қайта жүгіріп келеді де ханға сыбырлайды.)

Жәдігөй (сыбырлап); Хан ием, қалың қазақ келіпті, аттан түспей тұр екен.

Әбілқайыр (орнынан тұрады): Эй, Алшағыр, ордаңның алдына ат ойнатып, қай басынғаның?

Алшағыр: Басыну емес, басу айту. Тасыма, хан. Ұлымды бер.

(Әбілқайыр отырып қалады. Нөкерлеріне иек қағады. Әлгілер ақкөйлегі қызыл қанға боялған, арқанға байланған Орактыны әкеледі. Оракты ханды көре сала ұмтылады)

Оракты: Эй, Әбілқайыр, мына қорлығың өтті-ау, жауыңа ақсисаң Қобыланды екеуміз қанжардай азының едік. Сенің аярлығыңдан Қобыланды батыр елге тік қарай алмай дала кезіп кетті, менің күнім мынау, жүзімде қан, мойнымда арқан. Түсерсің қолыма. (жұлқынады)

Әбілқайыр: Эй, Алшағыр, ел амандығы үшін кешірдім, балаңды бердім, енді абалатпай алып кет. Қатындардың құрсағы қурап қалмаса талай батырды туып тастар, Орактыға қараған күнім жоқ.

Орақты батыр: Әй, Әбілқайыр, сенің тағынды қорғар біреу табылар, елінді қорғар табыла ма? Мен, қару асынып жауға аттаған мен секілділер сенің арамзалық бунаған ордаң үшін өлермен болды десең қателесесің. Әттең-ай...

Алшағыр: Тыңда, Әбілқайыр, тыңдар құлақ қалған болар. Саған қазақ наразы. Өзбек хан өлгелі бұл ұлыста береке орнап көрмеді. Өз ағайыныңды қанадың, бұт артарға көлік, жарғақ шалбар тіккенге тері қалдырмай таладың. Ақсақалдың сөзін, хас туған ұланның өзін қор қылдың. Халықты естімей қос құлағың бітелді. Сұлтандарың шибөрідей шулап, елінді тонап жатыр. Кет дедің бе! Мен кетермін. Моландай болған тағында сұлдер болып сен қаларсың. Тақ дегенің ел пейілі, ол пейілден айырылсаң тақта отырдың не, таста отырдың не, бәрібір. Тамыр жая алмайсың, қурап қаласың. Ерімді іздел келіп елімнің аманатын түгел айттым. Не де болса өз пейіліңнен табарсың. Кеттік, жігіттер!

(Алшағыр бұрылып жүре береді. Жігіттер ілесіп шығады)

Хан: Аққозыны әкеліндер. (Қызды әкеледі.)

Хан: Қалқам, бір ананың төсін емген, Аққозым. Сен мені қара жерге қаратады деп ойладым ба? Райыңдан қайт. Ақ сарайда өскен болмысыңды жылқының жалында күні өткен біреуге бола қорлама.

Аққозы (жылап, ағасының қолын ұстайды): Ағатай, олай деменізші. Қарлығашым, деуші едіңіз ғой, қарындасым деуші едіңіз ғой. Жүрекке әмір жүрген бе, ағатай?

Хан: Тоқтат! Олай деме. Тең-теңімен, тезек қабымен. Алшағыр асқыныпты, тепсініп кетті. Ағаңың абыройын ойласаң Орақтыны ұмыт, қалқам.

Аққозы: Ұмыта алмаймын, ағатай, жүрегім де, тілегім де Орақты батырмен бірге. Тілеуімді берші, аға?

Хан (Аққозыны демеп тұрғызады): Алтыным,

Аққозым, айналайын, олай демеші. Мен десен, сүйекке таңба салмаймын десен сөзінді қайтып ал.

Аққозы (шегінеді): Аға, сен үшін, ел үшін басын бәске тіккен, көгінді аңдыған көп құзғынның топшысын қиған ер еді ғой Орақты. Оны қалай қорлыққа кидың. Алтын басын қалай имек болдың, аға. Еліңе сая болған емен емес пе Орақты, жаныңды қорғаған берен емес пе Орақты. Ойланышы, ағатай.

Хан (ашуланады): Доғар, тоқтат сөзді. Сөзім сөз! Тірі кеткеніне қуансын, келесіде басын допша қағамын.

Аққозы (шошып); Онда мені де өлтір, аға, мені де. Арысымның жолында жаным садаға.

## 7-КӨРІНІС.

Жырау:

Аққозыдай сұлуын  
Егіліп солай жылады,  
Көзінің жасын бұлады.  
Тәңірден медет сұрады.  
Арманда кетті екі жас,  
Сезімнің құлап шынары.  
Көктен жәрдем тіледі,  
Тас екен деп ағамның,  
Кеудедегі жүрегі,  
Аққозы сұлу жүдеді.  
Ханнан қайыр болмады,  
Жүрекке мейір қонбады,  
Орақты мен Қозыға,  
Батасын бере алмады.  
Пейілге түссе қара тұн,  
Ауыр тиер салмағы.  
Өз сирағын таласа,  
Тақыр болар жан-жағы,  
Менменсіген хан ием,  
Ақырында оңбады.

Қантүлеген қабандай,  
Өз ұрпағын жалмады.

Дала. Тас үстінде Аққозы отыр. Сыңсып, ән айтады.  
Ту сыртында бұқпантайлап Жәдігей жүр.

Аққозы: Айбынды Орақ батырым, қайдасың, жа-  
ным жабырқады ғой. Сертіме берікпін. Сендікпін.  
Ағам шыбын жанымды тарының қауызына сиғызса да  
сөзімнен танбан. (Жәдігей жақындап келеді) Орақты,  
Қобыландымен бірігіп Қырлы мен Сырлыны алған  
екпінің ағамның тас жүрегіне келіп ұрылды ма. Ол  
қатты. Мен сенің ол тасты да бұзып-жарып арманыңа,  
маған жетеріңе сенемін. Күтемін. Мен... (Жәдігей төніп  
келіп ту сыртынан қанжар ұрады) ...сендікпін... (Аққозы  
сылқ түседі).

Жәдігей (кеkeitіп): Мен сендікпін... (сақ-сақ күлед)  
Әміріңізге құлдық, хан ием!

## 8-КӨРІНІС

Алшағырдың ордасы. Төрде қарт батыр жатыр.  
Қамқа жастығын түзеп, сусын ұрттатады. Андас, Мыр-  
за, Сыпатай, Орақты кіреді. Тағзым етіп, амандастып.  
Әке төсегін қаумалай отырады.

Алшағыр: Мына кәрілік мені әбден дендеді. Сөзіме  
құлақ салындар. Іргені қанша аулақ салсақ та Әбілқайыр  
түртпектеуін қояр емес. Сыр бойын қан сасытты. Өз  
қүйрығын өзі жүтқан жыландаі аласұрып жатыр. Орыс  
ханның ұрпақтары шабарман жіберіпті, берекесі кет-  
кен жүртты шығысқа қарай көшірмек екен. Сендер сол  
көштен қалмандар...

Андас: Сендер?

Орақты: Олай деменіз, әке.

Алшағыр: Доғар! Сөзімді бөлме, Андас. Менің кәрі  
сүйегімді қайда сүйретпексіңдер. Татар дәмім түгесілді.  
Сеземін. Іргедегі төбенің басына қойындар. Алатайдай

бұлінген ағайынның ымырашысы болып қарап жатайын.

Осы көзде хабаршы жүгіріп жетеді.

Хабаршы: Жау! Аттан! Ағатайлар! Жау!

Алшағыр: Ал, аттаныңдар. Ер арыса - аруақ, алаштың басына күн туғанда әкенің аруағына қарайлағандарың болмас. Аттаныңдар!

(жігіттер әкеге бас иіп шыға жөнеледі)

Қамқа (жылап, көкке қолын жаяды):

Арыстаным арып аруақ болғанда,  
Көлдей елден көлшік қалғанда,  
Жау жағадан, Бөрі етектен алғанда,  
Медет тілеймін, ей, Алла.

Тұлпарлар тұлақ болғанда,  
Қазағым тұлдыр қалғанда,  
Он екі ұл мінді тарланға,  
Медет сұраймын, ей Алла.  
Қорғаушы езің бір Аллам,  
Қазағым болсын дін аман,  
Еркек тоқты – құрбандық,  
Балама сауға сұраман!

Он екі ұлды ел үшін,  
Құрбандық етіп туғанмын,  
Қылышпен кесіп кіндігін,  
Сұтпенен тәнін жуғанмын.

Бабасының батасын,  
Сауыт етіп кигіздім,  
Намыстың асав тұлпарын,  
Күлік етіп мінгіздім,

Ақ тілеуін ананың,  
Дұлыға етіп бастырдым.  
Он екісін өзіңе  
Уа, Жаратқан, тапсырдым.  
Бәрі аманат бір саған,  
Қарайлас бізге, ей, Аллам!

## **9-КӨРІНІС**

Дала. Қосын. Арырак Орақты батыр жалғыз ойға шомған. Сарбаздар от басында. Ортада Жолбарыс жырау, қамшысын сілтеп қойып жырлап отыр. Жолбарыс (Манас жырының мақамымен) :

Айдынды Орақ, Айлы Орақ,  
Айбалтасы қанды Орақ,  
Алдаспаны жарқылдал,  
Қабағынан қар борал,  
Дүшпанына атылды,  
Әруақтап шақырды.  
Ентелеген көп дүшпан,  
Көрмеген мұндай батырды.  
Орақты келіп тәнгенде,  
Лақтай бәрі бақырды.  
Асып туған Ер Орақ,  
Жалайыр деген асыл-ды,  
Дүшпанның құтын қашырды,  
Айбынын қазақ асырды.  
Алшағыр ұлы ер Орақ,  
Елі үшін көз ілмеді,  
Қарсы келген дүшпанды,  
Көк сұнгімен түйреді,  
Алыса кеткен дүшпанды,  
Тулақ қылып сүйреді,  
«Қабыландап» аттанса  
Жауды үрей биледі,  
«Бақтиярлап» аттанса,  
Талай қамал күйреді.  
Орақтының үстіне  
Бадана сауыт кигені,  
Қарағай садақ игені,  
Кол бастаса Ер Орақ,  
Қойға бәрі тигені.

Кел, кел деген ойратты,  
Ақсұңқардай ілгені,  
Қиқулаған қалмақты  
Қаршығадай бүргені.  
Шу, жануар, шу деді,  
Батыр мінген Ақбақай,  
Соққан желдей гуледі,  
Тұлпарының тұяғы  
Тасты саздай иледі.  
Орақтай ер жоқ алашта,  
Жөн мұны бәрі білгені.

Сарбаздар: Ой, пәлі! Жолбарысым жарадың!  
Көмейіңнен айналдым жыршым!

Осы кездे Болат би бастаған үш адам кіреді. Оларды алып келген қарауыл. Қарауыл: Батыр, Әбілқайыр хан елші жіберіпті.

Орақты орнынан көтеріліп бері шығады.

Орақты: Сөйле, Болат би.

Болат би: Батыр, бізді хан ием аттандырды. Ұлыс қыспакта қалды қырғыз-ойрат алқымдаш барады. Қолымның он қанатын Қобыланды батыр бастады, сол қанатын Орақты батыр бастаса деп өтініш айтты.

Орақты (күледі): Ақжол бидің қазасынан кейін Қобыланды досым үйіріне қосыла алмай, қақпанға түскен қасқырдай аласұрып жүр еді, Әбілқайыр үшін емес, ел үшін майдандаспаққа бел буған екен. Ал маған қай бетімен елші жіберді хандарың. Аулақ жүр, Болат би. Әкем Алшағырды тілдеген, Аққозыны ажалға қиған әзәзілге жәрдем жоқ.

Болат би: Батыр, ел үшін...

Орақты: Тоқтат сөзді. Жолдарың әне!

Сыпатай: Тоқта, батыр. Әбілқайырды өлімге қисанда оның құрығынан құтыла алмаған қазагынды өкпеге қима.

Орақты (жалт бұрылышы): Аға?

Сыпатай: Сыр бойында сынсыған, Шу бойында шулай жылаған халыққа обал. Қазақтың қаны мен жасы аз төгілмеді. Аға десен, кекті ұмыт, аттан ел үшін. Аттанайық.

Андас: Сыпатай би жөн айтады. Аттан!

Мырза: Аттан, алаш!

Орақты (тістеніп) : Ау, ағалар...

Сыпатай: Алаштап жылап аh ұрып бабаң өткен жалғаннан, алты ағайын аман деп атаң өткен жалғаннан, бар қазаққа аландал әкең өткен жалғаннан. Райыңнан қайт, бауырым.

Орақ: Ah, Әбілқайыр! Ку басың ойраттың қанжығасында кетсе обалың жоқ еді. Бірақ... Сіздердің жөн ағалар! Аттан, алаш!

Жауынгерлер: Бақтияр! Бақтияр!!!

Жауынгерлер: Ақжол! Ақжол!!!

Жауынгерлер: Алдажар! Алдажар!!!

## 10-КӨРІНІС.

Хан Болат би бастаған бір топ ақсақалмен ұрысты бақылап тұр. Шақыр-шұқыр қылыш үні естіледі.

- Жау қашты!
- Жау қашты!
- Қапта! Шап!
- Әруақ!
- Қабылан!

Жәдігөй жүгіре жетеді: Жау қашты, хан ием! Жау қашты!

Әбілқайыр: Қос қанат қаусырып барады. Көріп тұрмын!

Жәдігөй: Ана Орақты деген сұмдық екен. «Жекпе-жек! Жекпе-Жек!» деп ортаға шығып алды емес пе? Ойраттан шыққан Көбек батырды көпке шыдатпады тегі. Өршеленіп қос батыр кезек найза ұрып еді, қайың сабы сатыр-сұтыр сынды ғой. Одан кейін, сайысты.

Қылышын қағып жіберіп басын былай (кеңірдегін қылп көрсетеді) қағып алды. Одан кейін Нар батыр шықты. Оны ғұрзімен ұрып басын мылжа-мылжа етті. Одан кейін...

Хан (күйіп кетеді, ашулы): Тоқтат болды мылжындарай!

Жәдігөй басыла қалды.

Болат би: Орақты батыр енді бізге ел болмас, хан ием. Балапан кезінде ұядан алған құс қана қолбала болады. Енді оның жөні келмес. Ойланыңыз, тақсыр.

Хан: Аңдасын аңдық. Оған көнбесе көпті көмген бір тамшы у бұған да табылар.

Жәдігөй( жымырылып): Тек бұйырыңыз, әміршім...

Хан: Асықпа! Оның да сәті келер. Ал әзірге жеңіс құрметіне құрбан шалыңдар. Қол бастаған ерлерді менің шатырыма жинаңдар, белінен таяқ тиген жыландай қираландаған жаудың апшысын қуырған батырлар дастарқанымнан дәм татсын.

Болат би: Ханда қырық кісінің ақылы бар деген осы. Дәмнен ешкім ұлken емес. Алшағырдың он екі ұлы мен оларға ерген батырлар да қосылады бұл жиынға. Аузын майласақ азуын ақситқан көкжал да райынан қайтар. Ол райынан қайтса алты алаштың беті бері қарап.

1-ақсақал: Жөн сөз!

2- ақсақал: Арқадағы арғын арқардай аумак, Жайық пен Електі бойлаған кіші жүздің ауаны жақсы емес. Ұлыс жұтамасын десек Жалайырмен тіл табысқаның керек, хан ием.

Хан: Көрерміз. Аяғына жығыл дейсіндер ме маған?!  
Қоразсыз та таң атқан. Жалайырсыз-ақ...

Болат би: Хан ием, Орақ батырдың абыройы асып тұр, Аққозының өлімін де, Алшағыр батырды тілдегеніңді де ысырып койып, осы ұрысқа қол бастап келгені қатын мен әкеден қазағын қымбат көретінін байқатты. Жау батырын кезек жеңіп орданың айбынын асырды. Келісімге

келер орайлы сәт осы ма дейді бір ойым. Жалпақ жалайыр қолдаса мына беті дулат, суан, албан бар, арғы беті нөпір дейін қоңырат, найман бар. Бабаң Шыңғыс хан үміт тартқан ұрпақ еді, Ұлы ордасының берік діңгегі еді – жалайыр. Сол діңгекті опырып алмайық. Іргесін аулақтап тұрған Жәнібек пен Керейге ілессе қыын болмақ. Алты алаш қайда болса Ұлы орда сонда, хан ием.

Хан: Жә, тоқтат, Болат би. Мұны мен ойламады деймісің. Тек... илігі берсем өрлігім, қалтырай берсем хандығым қане?! Тізе бұксе арқадан қағармын, тізеге көнбесе басын алармын. Сөз бітті!

(Билер мен Жәдігөй кетеді, хан жалғыз қалады)

Әбілқайыр: Сөзіңің бәрі рас, Болат би. Кеудеге нан пісіп тұрған кездегі астамшылықтың уын осынша жыл ішемін деп ойладым ба. Хан болу оңай ма, қан құсу оңай ма? Мына жағың естегің, мына жағың орысың, мына жағың жалаңдаған қалмағың... Алыспай-ақ аман шығамын дегенім болмады. Бармағым шайнаулы, Болат би. Мен көнгенмен ел көнбеді, сіңір қалса да сыйтылып кетеміз дегенге бой бермеді. Тірі қалдырысам болды деп терісін сыпыра беріп теріс қаратып алдым. Енді өкінгеннен пайда не? Оданда бар ұлысты бір майданға бастап шығып өліп кеткенім артық еді. Мен болмаспын, ұлыс болмас, бірақ намыс шоғы қалар еді. Жасындей жарқ еткен, садақтай сақ еткен халық қой, таудан құлаған тасқындей сарқырап жол табар. Бұтасы жоқ төбе басындағы тас обадай болып мен қалармын. Хан тұқымының кешір дегені келіспес, оған да кеш...

## 11-КӨРІНІС

Жауынгерлер тынығып, бірі қылышын қайрап, бірі жарасын таңып жатыр. Ортада Жолбарыс жырау.

Жолбарыс:

Ей, Алшағыр ұлы ер Орак:

Қане бермен кел деді,  
Атаңа нәлет ит Көбек,  
Қайратымды көр деді.  
Мен тартайын мірімді,  
Сен бір шыдаш көр деді,  
Пірің сақтап қалмаса,  
Осы жерде өл деді.  
Сайыспақ тағы керек пе  
Қылыш суыр сен деді.  
Қарап тұрып ер Көбек,  
Құты қашып, терледі,  
Қылыш ұрса шабылмас,  
Ұрса найза салынбас  
Отқа салса жанбайтын,  
Суға салса батпайтын,  
Алдында тұр ерен жас.  
Орақ қарап тұрсын ба,  
Арыстандай ақырды,  
Жолбарыстай атылды,  
Ат үстінен аударды  
Көбектейін батырды.  
Қан көбік кетіп Ер Көбек,  
Лақтайын бақырды.  
Бұнымен Орақ қоймады,  
Астына мінген Көктүйғын,  
Ауыздығын шайнады,  
Ен далада ойнады,  
Шу шулеген Ер Орақ  
Өзін-өзі қайрады.  
Екі көзі Орақтың  
шамшырактай жайнады.  
Жаудан шыққан Нар батыр,  
Қаңбақ құрлы болмады,  
Одан кейін Зар батыр,  
Ол байғұс та сорлады.

Қалың қалмақ-ойраттан,  
Ораққа теңі болмады.  
Найза салып сұлатты,  
Күрзімен ұрып құлатты,  
Қаптаған көп қалмақты,  
Койдай етіп шұбатты,  
Баладай етіп жылатты.  
Қан сасыған бүгінде  
Құлан даланың адыры,  
Бірлікте болмай берекет,  
тірліктің кәне қадыры,  
Буыршын мұзға тайғанда,  
Буырқанып аттанбай,  
өрліктің кәне қадыры  
Кеуденді қағып,  
«Елмін» -деп,  
қайсысынан кеммін?- деп,  
Тізе бүкпей сөйлемей,  
елдіктің қане қадыры.  
Үзенгі шіреп, өңмендеп,  
Қылыш қабақ шарт түйіп,  
Олжамды саған бермен деп,  
Асқақ үнің саңқ етпей  
Теңдіктің қане қадыры,  
Осының бәрін көрсетті  
Орақтыдай батыры.  
Жырлаудан оны талмайды,  
Жолбарыстай ақыны...

Ел гу етті: Ой, пәле! Жарадың, Жолбарысым!

Орақты мен бауырлары кіреді.

Мырза: Әбілқайыр хан, шабарман жіберіпті,  
дастарқанымнан дәм татсын дейді. Эне, Жәдігөй келіп  
тұр.

Орақты: Келсін де, Мырзаш.

Жәдігөй (мысықша басып, жақындайды.): Армысың,

батырым! Мені хан ием жіберді. Орақты батыр келіп құдайыдан дәм татсын, шекіскең ердің бекісетін де уақыты болады дейді.

Мырза: Ха-ха! Шекіскең дей ме? Әй, Жәдігөй, біз шекіскең емес, ордамен кетіскең елміз. (Орақты он қолын көтеріп тоқтатады)

Орақты: Әбілхайыр ханға айта бар, біздің бұл майданға ата-бабамыздың қонысы болған жерді жауға таптатпау үшін, жылап жүрген жүртімыздың мойнына бұғау салдырмау үшін араластық. Ханның тағына қылыш тигізбейік деген ниет жоқ. Әбілхайыр қазір тамыры шіріген бәйтерек сынды. Жел қатты соққан күні омырылып түсер. Біз сол күннің тез келуіне асыға күтушілердің біріміз. Бірдің кесірі мыңға, өз тәнін өзі шайнаған ханнан безінген ел Шудан аса бастапты. Біздің жанымыз солармен ендігіде. Көз жасқа шылаған асы кеңірдегімнен өтпес. Айта бар.

## 12-КӨРІНІС.

Жыршы:

Жәнібек пен хан Керей,  
Қазақтың көшін бастады.  
Қосылды бәрі сол көшке,  
Ханынан безіп қашқаны.  
Орда болды қазакқа  
Жетісудың аспаны.  
Шулаған қазақ жиылды,  
Үлкен өзені бойына,  
Үйін тікті жабылып,  
Қозыбасы ойына.  
Қашқан жүртты көп дүшпан  
Қалдырмады жайына.  
Әбілқайыр қуғын салады,  
Алқымнан жиі алады.  
Ойрат шықты қылқылып,

Шүршіт шықты жұлқынып,  
Қазақ қалды уайымға.  
Ішкені сіңбей у болды,  
Алқасы жастан су болды,  
Елі тыныш таппаған,  
Өзен аты Шу болды.  
Бебеулегене қазаққа,  
Кең дүние тар болды,  
Тыныштыққа зар болды,  
Шал-кемпір жылап егіліп,  
Қарындастар қор болды.  
Айналаға қарасаң,  
Қазақ үшін көр болды.  
Жәнібек пен Керейдің  
Тұгесілді амалы,  
Қалай ғана қорғамақ  
Қатын менен баланы,  
Қария деген дананы,  
Жау тықсырып барады,  
Тыным бермей шамалы.  
Сонда жетті бұл жаққа  
Жалайырдың хабары.  
Орақты ер жетіпті,  
Көшті бастап салалы.  
Оған да мекен болыпты,  
Жетісудың танабы.  
Андас пенен Бәйшегір,  
Сыпатай мен Балғалы,  
Жауға қату қабағы,  
Мырза менен Сиyrшы,  
Қосай менен Қоспанбет  
Тұсірер еске тобаны,  
Қарашапан, Қайшылы,  
Үлгі тұтқан заманы,  
Осыны аз десеніз,

Ақбұйымы тағы бар.  
Орақ жүрген майданда,  
Қияқ, Тұяқ табылар.  
Мұнша батыр қосылған,  
Қазақтың шын бағы бар.  
Қалың көштің басында,  
Асып тұған қатардан,  
Ел ұраны атанған,  
Қаптағай бірге келіпті,  
Қамыстай қалың найманды,  
Қазаққа құдай беріпті.  
Найман ірі сегіз-ді,  
Көңілі қазақ семірді.  
Албан, Дулат, Суанның,  
Легі түгел көрінді,  
Бұл үшеуі біріксе  
Қаздырап қолмен көрінді,  
Сындырап лезде белінді.  
Осынша батыр қосылса,  
Кигізер жауға кебінді.  
Ордалы ел бол осында,  
Қанаты қазақ керілді.

### 13-КӨРІНІС

Әбілқайыр ордасы. Хан мен Болат би отыр. Жәдігей тұр

Әбілқайыр: Болат би, менің қандай жазығым барын айта аламысың? Осы ел үшін қанша жыл аттан түспедім, Хорезм, Бұқара, Самарқанды тізе бүктірдім, Түркістанды тұғыр еттім. Сонда да Шыңғыс бабамнан тараған ұрпақтың басы бірікпеді. Осыны көп ойладым, ойланар кез келгендей. Дешті-Қыпшак ақырғы тұрағым болғаны ма? Ол даланың өзінде қыпшак қалмапты. Бұл не зауал?

Болат би: Хан ием, мен де көп ойландым. Дат сұрар

едім, өзің сөз ұстаттың. Айтайын. Ағайынға ғана қарайлаған алысқа бармас. Өзің үміт күткен Жошы, Орыс хан ұрпактарының озып тұрганы қараға арқа сүйегені. Бұл бабаң Шыңғыстан келе жатқан жол болатын. Кешегі кетіскең алты алаш – қонырат пен қыпшақ, қарекесек пен жалайыр, алшын-найман Жошының ордасын тіктеген ел еді. Осы күні ол алаш он сан болды. «Көпке топырақ шашқан көмусіз қалар» деген осындағы айтылса керек. Датым батса айып етпе, хан ием. Халқын қор еткен әміршінің ақыры аянышты болады.

Әбілқайыр: Жүйелі сөз иесін табар. Тек мен үлкен орданың даңқы ораларына сенімдімін. Әлі Есен-Бұға мен оның қолтығына тығылған Керей, Жәнібектің қолқасын суырып аламын. Жыланды жеті кессен де кесірткедей әлі бар. Тек...

Болат би: Тек жан-жақтан қаумалаған жау мұрсат берсе дейсің ғой...

Әбілқайыр: Рас. Өзіміз қырқысқан ойратты былай қойғанда біздің қырқысымызды орыс кнәздіктері де пайдаланып кетпек. Үш ғасырдан бері күліммен кіріп, отыммен шығып жүргендер бас көтере бастады. Жақсылық емес.

Болат би: Иә, қын кезең. Бізді бұл сәтте бірлік қана құтқара алады. Бөлініп жүріп бөріге жем болуға аз қалды. Кешегі Құлан қырғынында Орақты батыр бастаған қалың қолдың келгені маған үміт сыйлады, хан ием. Оларға да одактас керек. Егер бауырларыңызға елші жіберіп...

Әбілқайыр: Жә, доғар! Бірлік керек болса Керей сұлтан елдің бір бөлігін ала қашпас еді. Хан тұқымы опасызыңты кешірмейді! Оны мен де, ол да жақсы білеміз. Біздің арамыздағы түйінді қылыш жүзі ғана қып түседі енді.

## **14-КӨРІНІС**

Керей сұлтанның ордасы. Жәнібек отыр. Күзетші кіреді. Иіліп:

- Үлкен көшті бастаған Орақты батыр келіп тұр.  
Жанында ел ағалары бар.

Керей сұлтан: Алшағардың көкжалдарын күттіргеніміз болмас, кірсін.

Орақты, Андас, Қаптағай, Сыпатай кіреді.

Орақты (қолын қеудесіне басып): Армысыздар, мырзалар.

Керей: Бармыз, батырым! Сөйле.

Орақты: Өзбек ұлысынан ауа көшкен қалың көшті ілестіріп қатарыңа қосылдық. Атаң Шыңғыстан арыда да, беріде де айбыныңды асырған алты алаш осымен түгел өтті. Құп алсаң олжа салармын, жоқ десең жөнімді табармын. Моголдың жері өз жерім, Шуманақтар құшағын ашар.

Керей сұлтан (құледі): Хан тұқымына қарайыш-ақ алған екенсің батыр. Алшайып тұрып сөйлемесең Алшағырдың ұлы болармысың, алты алаштың ноқтағасына төр ұсынбасам білгенім қане. Кел. Төрлетіндер.

(Қонақтар жайғасады)

Жәнібек сұлтан: Дала кезген көпті жиып, ертіп келгенінді естіп ағам екеуміз қуандық, батыр. Хан елдің парасаты, батыр - жүрегі. Ақылдан адаса бастағанымызды сезіп, Әбілқайырдан іргені аулақ салдық. Енді ол жүрегін де жұлымдал жатыр екен.

Керей сұлтан: Жөн сөз. Есенбұғаға қараған Шуманақ бауырларың да, дулаттар да бізге елеңдеп отыр, Орақты батыр. Қазір шекісер, кетісер уақыт емес, бекісер сәт. Дешті-Қыпшақты тастай қашқан елдің күйі жоқ. Бірақ, қеудесінде бір сенім шоғы бар. Сол шоқ өздеріндей ерлердің айбатымен ғана алауға айналады, батырлар. Лаулатындар.

Орақты: Хан - парасат, батыр - жүрек дедің бе, Жәнібек сұлтан? Қазір бұл елде ер жетеді, еш дұшпаннан жүрегі шайлыға қоймас. Қазір екі сұлтаным, төрт құбылаң тең болды. Арғын, Алшын қосылып, алты алашың он болды. Бірақ, парасатсыз жүрек - жетім! Осыған қалай қарайсындар?

Отырғандар: Батыр жөн айтады, Ноқтағасының сөзін айтты. Басшысыз ел болмайды десіп шу ете түседі.

Орақты: Мұным жөн болса, жалғыз менің емес, үздіге қараған көптің сөзін жеткізіп түрмyn, екінің бірі хан болындар! Қашқын болмай қасқайған ордалы елге айналайық, тігіндер хан ордасын!

Жәнібек: Аға, батыр біліп айтып тұр, көсемсіз көп түбі көмусіз қалады. Хан көтерер сэт келді. Арыған елге алға бастар серке керек.

Керей (тұрып): Осы салмақты иығыма артарынды біліп едім, Жәнібек. Ағалығымды сыйлағаныңа алғыс, тек ағалыққа татыр адам бола алсам жараганы. Осыдан қорқамын. Тақтың төңірегінде әзәзіл көп жүреді, талайларды тоздырды. Оған арбалғанның көбі не жауыз, не жалмауыз атанды. Одан да қорқамын. Көптің алғысы жеңіл, қарғысы ауыр. Бекзат бабалардың сүйегіне таңба түсіремін бе деп оны да ойлаймын. Бірақ, мұнда кел деп ел жидық, тәуекел деп қол жидық. Қанында құлдық жоқ қалың қазақ, мына батырлар екеумізге азаттық ізден келіп отыр. Сол азаттықты тақ буына айырбастап жібермеуге серт етейін саған, бауырым. Жеті ұрпағым қазақ үшін алысып өтеді деп серт етейін сендерге, батырлар. Нар тәуекел!

Жолбарыс домбырасын қағып қалып:

Ақсарбас, Ақсарбас!  
Жылға жылға қосылса,  
Тас бұзатын сел болар,  
Алашқа алаш қосылса,  
Қайыспас берен ел болар.

Халыққа қорған хан болар,  
Ақылды болса ханыңыз,  
Төр құбылаң тең болар,  
Дүние мына кең болар,  
Ақымақ болса ханыңыз,  
Нағыз тозақ сол болар.  
Етектен кесіп жең болар,  
Жеңінді кессең нең қалар?  
Басында бағың кем болар,  
Дүшпаның құліп, таң қалар,  
Жақының қашып жау болар,  
Айналаң бітпес дау болар,  
Мандайдан сорың сорғалар,  
Бұған қандай ем қонар?  
Осыны ойла, сұлтаным,  
Аманат деп бұл қазақ,  
Алты алашқа салдым жар.

Андас: Ақ киіз дайындаңдар, Хан көтереміз!

Басқалары:      Би-сұлтандарды,      ақсақалдарды  
жинаңдар! Хан көтереміз!

Бәрі сыртқа беттейді. Сахна бос.

Жәдігөй шығады: Хе-хе, менен құтылмайсындар.  
Орақты да, басқаң да құтылмайсың. Даңқтың қасында  
сатқындық, атақтың маңында албасты жүретінін  
ұмыттындар сендер. Құтылмайсың, құтқармаймын.  
(құты шығарады) Менің уым бәріңе жетеді. Хе-хе,  
Жетеді. (Баспалап соңдарынан шығып кетеді)

## Соңы

**Төлеужан Нұсіпжанұлы ҒҰМАРОВ,  
ақын, термеші, сазгер,  
ҚР Мәдениет қайраткері**

## **ОРАҚТЫ БАТЫР**

*Жаралғалы жер дүние бар аспан,  
Әркім тірлік ету үшін таласқан.  
Жер жағынан менің қазақ халқыма  
Жаратқанның өзі жақсы қарасқан.*

*Қойнауына тығып асыл қазына,  
Көл біткені толған аққу қазына.  
Тау біткендер масаң тартып тұрады,  
Көлден үшқан құстың құлу сазына.*

*Өзен, көлі, тау мен тасы, орманы,  
Бабалардың болған алғы қорғаны.  
Темірді алгаши балқытыпты бабалар,  
Жылқы үйретіп, мініпті алгаши жорғаны.*

*Бойларына жсаугершілік дарынты,  
Арулары тапқан ақын, алыпты.  
Арқаланып ат үстінде бабалар,  
Жарты әлемді түгел жаулап алыпты.*

*Тұнді елемей, күнди елемей жортынты,  
Кеңге салар заман қайдада қолтықты.  
Үш жұзінің бірлігінен қазақтың,  
Айбарлы ел деп бүкіл әлем қорқынты.*

*Би, батыры, ақыны мен көсемі,  
Мәмлемен бар шаруаны шешеді.  
Бірін-бірі тыңдаій білген елдердің,  
Айдарынан әркезде жел еседі.*

*Өркениетке бастап арттан халықты,  
Еуропа төлепті өзі салықты.  
Батырлардың ерлігіне бас иіп,  
Қытайлар да қорған салып алыпты.*

*Биік ұстап дәстүр мен салт, ғұрыпты,  
Жау дегенде бәрі орнынан тұрыпты.  
Сол заманда Жалайырдың бағына  
Орақтыңдай батыр баба туыпты.*

*Кең иықты, сұңғақ бойлы, ізі епті,  
Қарсы келген қарсыласын күзепті.  
Толған шақта жігіт болып Орақты  
Жетісудың ауган көшін түзепті.*

*XV гасыр болған ол уақыт,  
Жүрді аналар ат үстінде толғатып.  
Алтын Орда ыдыраған кезең бұл,  
Тастаған сәт талайларды сорлатып.*

*Қазақ жаңа құрмақ болды хандықты,  
Керей, Жәнібек жанда қалар жанды ұқты.  
Орақты да отан үшін от кешіп,  
Екі етпеді хандар берген жарлықты.*

*Ұйқысыз тек атырган жсан таңдарды,  
Маңайына үйіп батыр жандарды.  
Дүнгөн хан мен Ақсай ерді ұрыста,  
Ат үстінен ел алдында аударды.*

*Жауы болды Қарақұрық, Аққұрық,  
Буларды да талқандады жаққа ұрып.  
Ел ішінде ерлігімен танылды,  
Артына ерген түмен қолды шат қылыш.*

*Сол жеңістер біздерге де сый бүгін,  
Сұлу атын қандай жаңға қиды кім?  
Орақтыға Жәнібек хан риза бол,  
Тарту еткен Ақтабандай жүйрігін.*

*Дала дастан, жазылғандай құм әні,  
Ашылмады соғыстың сүм тұманы.  
Керей, Жәнібек, Шу бойына көшкенде,  
Орақты алдан ақ ту алып шығады.*

*Бақтияр, Бөрібай, Қабылан еді ұраны,  
Құрандай бол, ұран есте тұрады.  
Ел жүртіна қорған болған Орақты  
Жалғастырды қалған елден мұраны.*

*Әбілқайыр бар хандардың белдісі,  
Хан атагын арттыратын ел күши.  
Орақтының қолбасшы етіп қояды,  
Көңілінен шыққаннан соң ер ісі.*

*Жау көргенде, жасымаган жаңары,  
Орақтының соғыстан мол хабары.  
Болашақтың қамыменен ойланбай,  
Ойраттардың басын біраз шабады.*

*Арпалыспен отсе де оның заманы,  
Тайғанамай тағалы аттай табаны.  
Әйкен бегім, Әбілқайырга қарындас,  
Батыр соган гашық болып қалады.*

*Соғыс өрті жаулаганмен сананы,  
Бұзбаган еш адамзаттық араны.  
Әйкен бегім жүкті болып батырдан,  
Мырза ұлды Сұпатай сұрап барады.*

*Осы жолға тағдыр өзі тап қылды,  
Жалайырда танып отыр нақты ұлды.  
Әбілқайыр қаһарынан қайта алмай,  
Қарындастың басын өзі шаптырды.*

*Кім құтылған ол заманда өлімнен,  
Корқыт ата өзі өлімнен жеңілген.  
Отауына отын жасып отырар,  
Бір аруды әйел етті кейіннен.*

*Өз әкесі Алшағыр би көшелі,  
Өзі батыр, өзі елдің көсемі.  
Қобыландының қарындасы Қарлығаш,  
Орақтының жары болған деседі.*

*Мойынұм мен Қараталды мекендең,  
Ұрпақ үшін басты арманга жетем деп,  
Біздің тарих танытты гой ұрпаққа,  
Орақтыда Тарақ таңба екен деп.*

*Бұл фәниде адам өмір қонағы,  
Көңіл деген жылы сөзге толады.  
Оралбике, Мақпал атты батырдың,  
Арттан ерген қарындасы болады.*

*Мырза деген болған оның інісі,  
Артық еді бір ісінен, бір ісі.  
Арттан ерген інілердің барлығы,  
Ағалардың Алла берген ырысы.*

*Жатып жесеген жалқау емес жамбасты,  
Кунде неше ақсауаттар алмасты.  
Тектіліктің улгісімен бүгінгі ел,  
Орақтының баласы дейді Андасты.*

*Бұл батырды біледі ел бұрыннан,  
Таймаган ер ерлік деген тұғырдан.  
Ойраттармен болған ұлы ұрыста  
Орақты да жау апшысын қуырган.*

*Ұлы жүзде Орақтылар нокта ага,  
Ол бар жерде жугірмейді сотқа олар.  
Тойбастарда, шешімді сөз айтарда,  
Бар Жалайыр Орақтыға тоқталар.*

*13 ата Жалайырлар бар бүгін,  
Артта қалды, ат терлеткен зарлы күн.  
Оңтүстікке бара қалсаң қыдырып,  
Ескереді Жалайырдың барлығын.*

*Жолын беріп, құрметтейді салт үшін,  
Дәстүр деген қымбат біздің халық үшін.  
Жалайырга жол береді әрдайым,  
Қазақтагы қанға сіңген шарт үшін.*

*Біздің халық дәстүрден қол үзбейді,  
Сөйлегенде «Мен» емес ол «Біз» дейді.  
Орақтыны таппаганда орынына,  
Сұпатайдың үрпақтарын іздейді.*

*Тұганменен Жалайырдан талай ұл,  
Бәрі болмас, Қадыргали Жалайыр.  
Тегін білсін деген оймен Әулие  
Қалдырыпты мәліметтің талайын.*

*Үрпақтары өсті, өнді шыңдалды,  
Айтқан сөзі алты алашақа тыңдалды.  
Әбдіқадыр Дағыровтай артында,  
Еңбек ері елін сүйген ұл қалды.*

*Бейбіт күнде кім шыгады алаңга,  
Еңбек тегі сай өтеді заманга.  
Төгісбаев Бек пен Ораз Исмаилов,  
Ие болып, қалды артында қаламга.*

*Ақын ата Сарыбаев Эбікен,  
Атасына тартып туган қаны екен.  
Қалқа атамның поэмасы бүгінде,  
Казагымның рухани нәрі екен.*

*Ұлыларды ұсташа керек назарда,  
Бүйім емес сатылатын базарда.  
Есті ерім Есенберлин Ілияс,  
Тектен текке Жанталасты жазар ма?*

*Ерлігіне шаттанайық одан да,  
Болмаса ел айналар еді боданга.  
Амангелді Бегімбетов үрпағы,  
Олжас салған мемлекетке, қогамга.*

*Міне, осындай жандар ұққан халықты,  
Көшіліктің үміт отын жасағыты.  
Әлімбеков Нұршан атты үрпағы,  
Жеткізіпті елге біраз тарихты.*

*Адамзаттың болар бойда аз кемі,  
Жанга жылу береді гой жаз лебі.  
Амангелді Тоқымбетов үрпағы,  
Ел білетін бір өңірдің сазгері.*

*Міне, елдегі жоғалмайтын бай мұра,  
Қастер тұтқан көкте Күн мен Айды да.  
Жер тұрганша менің елім аман бол,  
Ел қалдыған аманаттан айныма.*

*Тұлпар еткен туыс берген тайды да,  
Іздемеген ырысы мол бай құда.  
Қан төгіліп жатқан кезде, сабырмен,  
Мұрсат берген қаза менен қайғыга.*

*600 жыл толды биыл бабага,  
Бабамыздан жсан бойдагы садага.  
Ру емес, үлттың қамын ойлаган,  
Қадірлі ерге қалам тартпай бола ма?*

*Сырлас адам керек болса сыртқа шық,  
Сұлу сөзге, субелі ойға жүрт гашық.  
Қадірлемей кетсек қаһармандарды,  
Қазагымнан кетер ертең құт қашып.*

*Бойға бекер қона бермес даналық,  
Бабалар –ай жсан беріскен, жсан алып.  
Ғасыр бойы ат үстінде жүрді гой,  
Тәуелсіздік қалсынышы деп қаланып.*


*600 жыл не бітірдік не көрдік,  
Бойда бар ма бабалардай тереңдік.  
Сөз бен істің ара жігін ашатын,  
Елге осыдан қонса екен кемелдік.*

*Ұлықтауга ұлыдағы ұлы істі,  
Қалам тартып балаң іске кірісті.  
Дала даныштандарының қасиеті,  
Бола берсін үрпақ үшін жүгісты.*



## *КОСЫМША*





Балқаш ауданындағы Орақты мөбөдегі қаңарман батырдың ескерткіші




**ЖАЛАЙЫР СҰПАТАЙ БАТЫР**  
**(1415 - 1505 жж)**

*Oraқты батырдың адал серігі, ақылшысы, биі*

**ОРАҚТЫ БАТЫРДЫҢ СУРЕТТЕРИ**





*Қойлыбай Мендешевтің суреті*

**ОРАҚТЫ БАТЫРДЫҢ СУРЕТТЕРИ**



*Жақан Балшен-тегі кітабындағы сурет*



*Рахметолла Толқынбековтың кітабындағы сурет*

**ОРАҚТЫ БАТЫРДЫ ЗЕРТТЕУШІЛЕР**



*Қадыргали би Жалайыр*



*Қалқа Жапсарбаев*

**ОРАҚТЫ БАТЫРДЫ ЗЕРТТЕУШІЛЕР**




*Oraz Ismailov*

**ОРАҚТЫ БАТЫРДЫ ЗЕРТТЕУШІЛЕР**



*Серік Әбікенұлы*

**ОРАКТЫ БАТЫР ТУРАЛЫ ШЫҚКАН  
ӘДЕБИЕТТЕР**



**ОРАҚТЫ БАТЫР ТУРАЛЫ ШЫҚКАН  
ЭДЕБИЕТТЕР**



**ОРАҚТЫ  
БАТЫР**


**ОРАҚТЫ БАТЫР ТУРАЛЫ ШЫҚҚАН  
ЭДЕБИЕТТЕР**

**“Бабалар сөзі”  
сериалынан**



**ОРАҚТЫ БАТЫР**

**ОРАКТЫ БАТЫР ТУРАЛЫ ШЫҚКАН  
ӘДЕБИЕТТЕР**



## **ПАЙДАЛАНГАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Алдабергенова М. Аға баласы. «Шыңғысхан». 2019, №2(31)
2. Ақмола. Энциклопедия. Алматы. «Атамұра», 1995
3. Алшабаев Ә. Таң жыры. Өлеңдер мен балладалар. Алматы, «Анарыс», 2014
4. Арғымбаев Х. Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. Алматы, Атамұра, 2000
5. Ақсауыт. Батырлар жыры. екі томдық. Бірінші том. Алматы, «Жазушы», 1977
6. Әбікенұлы С. Ердің сойы - Орақты. «Жетісу», 2018, 21 сәуір.
7. Әбікенұлы С. Құлжа сақа (айқас). повесть. Алматы «Асаба» баспасы.
8. Әбікенұлы С. «Орақты төбе» «Парасат» журналы. 2017, №7
9. Абылбекұлы Т. Райымбек батыр. «Жетісу» (Ардагер), 2018, 6 тамыз; «Ана тілі», 2012, 14 маусым
10. Брокгаузъ Ф. А. Ефрон И. А. Энциклопедия, 6-й словарь. Санкт-Петербург, т.XXXIV а. 1902
11. Гродеков Н. И. Киргизы и каракиригизы Сырдарьинской области. 2-е изд. доп. Астана. «Алтын кітап», 2017
12. Ғұмаров Т. Орақты батыр. Поэма. «Алатау», 2020, 18 қыркүйек; «Көксу таңы, 2020, 11 қыркүйек
13. Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясы. Құрастырғандар: Т. Кенжебаев, Х. Сүйіншалиев, М. Жолдасбеков, М. Мағаун, Қ. Сыдық. Алматы, «Мектеп» баспасы
14. Жапсарбаев Қ. Елім сені жырлаймын. Алматы, «Жалын», 1996
15. Жапсарбаев Қ. Өлеңдер. Айтыстар. Дастандар. Құрастырған: Б. Адамбаев. Алматы, ҚАЗМЕМ. Көркем әдебиет баспасы, 1962
16. Жапсарбаев Қ. Орақты батыр. (Бабалар сөзі). 100-томдық. 56 том. Тарихи жырлар. Астана. «Фолиант». 2009
17. Жақсылықов Д. Жетісу жалайырлары. Шежіре. Талдықорған, 2011

18. Жақыбаев Ж. Сартан. Алматы, 1979
19. Жыр жүйрігі Эбікен. Шығармалар, айтыстар, зерттеулер, мақалалар. Құрастырып бастырған: Серік Эбікенұлы. Алматы, «Асаба» баспасы, 2006
20. Жанабаев З. Ұрпақта ұран болған бабалар. Кербұлақ жұлдызы», 2020, 16 ақапн.
21. Исмаилов Ораз. Айдынды орак, ойлы орак. «Октябрь туы», 1984, 20 қаңтар
22. Исмаилов О. Әлем тарихындағы жалайырлар. Алматы, Дәуір, 1999
23. Исмаилов О. Бір атаның үрім бұтағымыз. Алматы, 2012
24. Исмаилов О. Орақты батыр... Талдықорған, «Офсет» баспаханасы, 1995
25. Исмаилов О. Мұрағат, мұрағатқа жеткізер. «Жетісу», 2008, 4 қазан.
26. Қайдар Ә. Қазақ қандай халық? Алматы, «Дайк Пресс», 2008.
27. Қайдар Ә. Қаңлы. Алматы. «Дайк Пресс», 2004
28. Нұрқалбайұлы Қ. Қадырғали би Жалайыр. Қазақ тарихының Геродоты (ғылыми ғұмырнама). Талдықорған. ЖК Дизайн-ОТ, 2020
29. Қазақ тарихының көшбасшысы. (Құрастырған Қ. Нұрқалбайұлы, С. Игілікова) Алматы, Ғылым ордасы, 2020 (Ұлы тұлғалар сериясы)
30. Нұрқалбайұлы Қ. Қадырғали би Жалайыр қазақ тарихының Геродоты. Библиографиялық көрсеткіш (1851-2019 жж.) Талдықорған, 2020 (461 арнайы әдебиеттер мақалалар қамтылған)
31. Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. Шағатай - қазақ тілінен аударған, алғы сөзін жазғандар Н. Мингулов, Б. Көмеков, С. Өтениязов. Алматы, Қазақстан, 1997
32. Коңыратбаев Ә. Оқшы баба. «Қазақ елі», 1997, 3 қыркүйек
33. Құрбанғали Х. Хамса (бес тарих). Алматы, «Қазақстан», 1995
34. ҚұлМұхамед. М Алаш ардагері. Ж. Ақпаевтың саяси-құқылық көзқарасы. Алматы, «Жеті жарғы», 1996

35. Қарақұлов И. Жаңа туған, кімнен туған. «Қазақ әдебиеті», 1972, №16
36. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. Көптомдық. Бірінші том. Батырлар жыры. 1975
37. Қазақ сөздігі. Қазақ тілінің біртомдық үлкен түсіндірме сөздігі... Алматы, «Дәуір» баспасы
38. Майтжанов Ж. Аманат. Алматы, 2009
39. Орақты батыр. Қазақ Совет энциклопедиясы. 8том. 1976
40. Орақты батыр. Қазақ Ұлттық Энциклопедиясы. 7-том. Алматы, 2005
41. Оқша ата (Мерген ата). Қазақ Ұлттық Энциклопедиясы. Том 3. Алматы, 2001
42. Орақты батыр. Жетісу Энциклопедиясы. Алматы, «Арыс» баспасы, 2014
43. Орақты батыр туралы аңыздар. «Нұрлы Көксу», 2020, 11 қыркүйек
44. Омарқұлұлы Н. Орақты батырды ойға алсақ. «Жердің», 1995, 25 тамыз
45. Өмарбеков Т. Қазақ хандары қайдан шықты? Төрелер әулеті. «Жас Алаш», 2020, 28 шілде
46. Өмірбаев Асхат. Ұлы батыр туралы. «Қаратал», 2020
47. Нұрқалбайұлы Қ. Жалайыр тарихынан. Үшінші кітап. 2015
48. Нұрқалбайұлы Қ. Ұрпағына ұран болған Орақты батыр. «Алатау», 3-10 сәуір; 2, 9, 16 қазан, 2020
49. Рейстер М.Г. Афганистан экономико-географическая характеристика. Москва, Воениздат, 1946
50. Станищев А. Афганистан. Москва. «Воениздат». 2020
51. Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. Ташкент. «Өзбекстан». 1991
52. Толқымбекұлы Р. Жалайыр 12 ата шежіресі. Алматы. «Дәуір», 2000
53. Халықов Ш. Орақты батыр. «Жетісу», 1998, 13 қаңтар
54. Шапырашты Қазбек бек Таусарұлы. Тұптуқияннан өзіме шейін. Алматы, «Жалын», 1993

## **МАЗМҰНЫ**

Алғы сөз .....	4
Бірінші, Орақты батыр және қазақ тарихнамасы .....	8
Екінші, Орақты батырдың өмірдерегі .....	19
Үшінші, Орақты батырдың есімі жайында .....	27
Төртінші, Жалайыр қазақтың аға тайпасы, аға баласы, ноқта ағасы аталуы жайында .....	32
Бесінші, Ел қорғаны Орақты батыр .....	46
Алтыншы, Орақты батыр: аңыз бен ақиқат .....	56
Сөз соны .....	69
<b>ӘБІКЕНҰЛЫ С. ОРАҚТЫ БАТЫР</b> (пьеса) .....	72
<b>ҒҰМАРОВ Т. Н. ОРАҚТЫ БАТЫР</b> (поэма) .....	103
Суреттер топтамасы .....	110

*Кітаптың мұқабасындагы суретті салған  
ӘЛІБИ СЕЙСОВ, мүсінші, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі.*

## **Құлтай НҰРҚАЛБАЙҰЛЫ**

### **Ұрпағына ұран болған ОРАҚТЫ БАТЫР (зерттеу)**

*Редактор -*

*Корректор -*

*Компьютерде беттеген -*

**Әли Әпекұлы Ысқабай**

**Ардақ Құлтайқызы**

**Гүлшат Білісбайқызы.**

Басуға қол қойылған күні 22.08.2022 ж.  
Пішімі 60x84  $\frac{1}{16}$ . Офсеттік қағаз. Офсеттік басылым.  
Қаріп түрі KZM Times New Roman PS.  
Шартты баспа табағы 8. Тараптамы 100 дана.

ISBN 978-601-7646-46-2



9 786017 646462